

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰҚАУЛЫҒЫ

Пайдалану
Техникалық қызмет көрсету
Техникалық сипаттамалар

Осы пайдаланушы нұсқаулығында берілген бүкіл ақпарат жариялану сәтінде жарамды. Әйтсе де HYUNDAI компаниясы тұрақты әрекет ететін өнімді модернизациялау бағдарламасының шеңберінде кез келген уақытта өзгерістер енгізу құқығын өзінде сақтап қалады.

Осы нұсқаулық бұл автокөліктің барлық модельдеріне қатысты және қосымша да, стандартты да жабдықтардың сипаттамалары мен түсіндірмелерін қамтиды. Сондықтан осы нұсқаулықта дәл сіздің автокөлігіңізге қатысты емес материалдар кездесуі мүмкін.

Кейбір модельдердің оң жақтан басқару жүйесімен (ОБЖ) жабдықталғанын ескеріңіз. Осы нұсқаулықта келтірілген кейбір операциялардың түсіндірмелері мен кескіндері ОБЖ бар модельдер үшін қарама-қайшы болып табылады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: HYUNDAI АВТОКӨЛІГІҢІЗДІҢ МОДИФИКАЦИЯСЫ

Hyundai автокөлігіңіздің конструкциясына кез келген өзгертулер енгізуге тыйым салынады. Мұндай өзгертулер HYUNDAI автокөлігінің қолданыс сипаттамаларына, қауіпсіздігіне немесе сенімділігіне кері әсер етуі мүмкін, сонымен қатар автокөліктің шектеулі кепілдік шарттарын бұзуы мүмкін. Кейбір өзгертулер сондай-ақ еліңіздегі Көлік министрлігінің және өзге мемлекеттік мекемелердің белгілеген ережелерін бұзуы мүмкін.

ДУПЛЕКСТІ РАДИОБАЙЛАНЫС НЕМЕСЕ ҰЯЛЫ ТЕЛЕФОН ЖҮЙЕЛЕРІН ОРНАТУ

Автокөлігіңіз электрондық жанармай бұрку жүйесімен және басқа электрондық компоненттермен жабдықталған. Дуплексті радиобайланыс жүйесін немесе ұялы телефонды дұрыс орнатпау/баптамау электрондық жүйелердің жұмысына кері әсер етуі мүмкін. Сондықтан егер сіз осы құрылғылардың бірін орнатпақшы болсаңыз, радиожабдық өндірушісінің нұсқауларын мұқият орындауға немесе сақтық шараларын түсіндіруі немесе арнайы нұсқаулар алу үшін HYUNDAI ресми дилеріне жүгінуге кеңес береміз.

АВТОКӨЛІКТІҢ ҚАУІПСІЗДІГІНЕ ТӨНЕТІН ҚАУІП ПЕН ЗАҚЫМДАНУ ҚАУІПІ ТУРАЛЫ ЕСКЕРТУ АҚПАРАТЫ

Бұл нұсқаулықта ҚАУІПТІ, ЕСКЕРТУ, НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ және ҚҰЛАҚ САЛЫҢЫЗ белгілері бар ақпарат берілген.

Бұл белгілер мынаны білдіреді.



ҚАУІПТІ

«ҚАУІПТІ» — алдын алмаған жағдайда кісі өліміне немесе ауыр жарақаттарға әкелетін қауіпті жағдайды көрсетеді.



ЕСКЕРТУ

«АБАЙЛАҢЫЗ» — алдын алмаған жағдайда кісі өліміне немесе ауыр жарақаттарға әкелуі мүмкін қауіпті жағдайды көрсетеді.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

«НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ» — алдын алмаған жағдайда жеңіл немесе орташа жарақаттарға әкелуі мүмкін қауіпті жағдайды көрсетеді.

МӘЛІМДЕМЕ

«ҚҰЛАҚ САЛЫҢЫЗ» — алдын алмаған жағдайда автокөліктің зақымдалуына алып келуі мүмкін жағдайды көрсетеді.

Мазмұны

Алғысөз	1
Автокөлік туралы ақпарат	2
Орындықтар және қауіпсіздік жүйесі	3
Аспаптар тақтасы	4
Жайлылық функциялары	5
Автокөлікті жүргізу	6
Жүргізушінің көмекші жүйесі	7
Апаттық жағдайлар	8
Техникалық қызмет көрсету	9
Әліпбилік көрсеткіш	I

1. Кіріспе

АЛҒЫСӨЗ	1-2
HYUNDAI MOTOR COMPANY	1-2
ОСЫ НҰСҚАУЛЫҚТЫ ҚАЛАЙ ПАЙДАЛАҢУ ҚАЖЕТ	1-3
ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫН САҚТАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМАЛАР	1-3
ОТЫНҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР	1-4
Бензинді қозғалтқыш	1-4
Автокөлік құрылымына өзгертулер енгізу	1-7
АВТОКӨЛІКТІ ПАЙДАЛАҢУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛАР	1-7
Автокөлікті сынап жүргізу процесі	1-7

АЛҒЫСӨЗ

Көлігіңіз құтты блсын және HYUNDAI көлігін таңдағаныңызға алғыс білдіреміз. Саны көбейіп жатқан HYUNDAI автокөліктері жүргізушілерінің қатарынан сізді көргенімізге қуаныштымыз. Біз өзіміз өндірген әрбір HYUNDAI автокөлігінің жоғары техникалық деңгейі мен жасалу сапасын өте мақтан тұтамыз.

Пайдаланушы нұсқаулығы сізді жаңа HYUNDAI автокөлігінің ерекше құрылымымен және пайдалану ерекшеліктерімен таныстырады. Жаңа HYUNDAI автокөлігіңізбен танысу және одан толық көлемде ләззат алу үшін автокөлікті пайдалануға кіріспес бұрын осы Пайдаланушы нұсқаулығымен мұқият оқып шығыңыз.

Бұл нұсқаулықта автокөліктің басқару құралдарымен және автокөлікті қауіпсіз пайдалануға арналған қауіпсіздікті қамтамасыз ету функциялармен таныстыруға арналған қауіпсіздік бойынша маңызды ақпарат пен нұсқаулар бар.

Бұл нұсқаулықта сондай-ақ автокөлікті пайдалану қауіпсіздігін арттыруға бағытталған техникалық қызмет көрсету туралы ақпарат берілген. Автокөлікке техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді HYUNDAI ресми дилерінде жүргізуге кеңес береміз. HYUNDAI ресми дилері сізге автокөлігіңізге жоғары сапалы техникалық қызмет көрсету ұсынады, сондай-ақ бүкіл қажетті көмекті көрсетеді.

Осы Пайдаланушы нұсқаулығын автокөлігіңіздің ажырамас бөлігі деп есептеу және кез келген уақытта пайдалана алу үшін автокөлік ішінде сақтау қажет. Автокөлікті сатқан жағдайда көліктің жаңа иесі пайдалану, қауіпсіздік және техникалық қызмет көрсету туралы маңызды ақпаратпен таныса алуы үшін осы нұсқаулық автокөлікте қалуы керек.

HYUNDAI MOTOR COMPANY



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Сапасы нашар, HYUNDAI компаниясының талаптарына сәйкес келмейтін отын мен майлау материалдарын қолдану қозғалтқыш пен трансмиссияның ауыр зақымдануына әкелуі мүмкін. Әрдайым осы Пайдаланушы нұсқаулығының 2–14-беттеріндегі «Автокөліктің техникалық сипаттамалары» бөлімінде тізімі берілген талаптарға сәйкес келетін жоғары сапалы жанар-жағармай материалдарын пайдаланыңыз.

HYUNDAI Motor Company авторлық құқықтары, 2023 ж. Барлық құқықтар қорғалған. Осы құжаттың еш бөлігін кез келген түрде және кез келген әдіспен HYUNDAI Motor Company компаниясының алдын ала жазбаша рұқсатынсыз жаңғыртуға, қандай да бір ақпараттық іздеу жүйесіне орналастыруға немесе байланыс каналдарымен табыстауға тыйым салынады.

ОСЫ НҰСҚАУЛЫҚТЫ ҚАЛАЙ ПАЙДАЛАНУ ҚАЖЕТ

Сізге көлікті жүргізу барынша көңіліңізден шығу үшін сізге көмектескіміз келеді. Осыған байланысты осы Пайдаланушы нұсқаулығы көп жағынан пайдалы болуы мүмкін. Нұсқаулықты толығымен оқып шығуға кеңес береміз. Өлім-жітім немесе жарақат алу ықтималдығын барынша азайту мақсатында нұсқаулықтың «АБАЙЛАҢЫЗ» және «НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ» белгілері бар бөлімдермен танысып шығу қажет.

Автокөлікті қалай пайдалану керек екенін барынша дұрыс түсіндіру үшін суреттер мәтіндік сипаттамалармен толықтырылған. Осы нұсқаулықты оқығаннан кейін сіз автокөліктің сипаттамалық ерекшеліктерімен, қауіпсіздік туралы маңызды мәліметтермен және оны әртүрлі жол жағдайларында пайдалану бойынша кеңестермен танысасыз.

Нұсқаулықтың жалпы құрылымы мазмұнында берілген. Белгілі бір бөлімдерді немесе тақырыптарды іздеу үшін пәндік көрсеткішті пайдаланыңыз, онда нұсқаулықтағы барлық ақпарат әліпби ретімен берілген.

Тараулар: Нұсқаулық тоғыз тараудан және пәндік көрсеткіштен тұрады. Әр тарау қысқаша мазмұннан басталады, ол бойынша берілген бөлімде қажетті ақпараттың бар-жоғын бірден түсінуге болады.

ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫН САҚТАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМАЛАР

Сіздің қауіпсіздігіңіз бен айналаңыздағы адамдардың қауіпсіздігі аса маңызды. Осы Пайдаланушы нұсқаулығында көптеген сақтық шаралары мен пайдалану рәсімдері берілген. Келтірілген ақпарат сіз немесе айналадағылар үшін ықтимал қауіп, сондай-ақ автокөлікке зақым келтіру ықтималдығы туралы ескерту қызметін атқарады.

Автокөліктегі және осы нұсқаулықтағы ескертпе хабарлар осы қауіптерді, сондай-ақ тәуекелдерді азайтуға бағытталған сақтық шараларын түсіндіреді.

Осы нұсқаулықтағы ескертулер мен нұсқаулар сіздің қауіпсіздігіңізді қамтамасыз етуге арналған. Қауіпсіздік техникасы бойынша ескертулер мен нұсқауларды орындамау ауыр жарақаттарға немесе кісі өліміне әкелуі мүмкін.

Осы нұсқаулықта ҚАУІПТІ, АБАЙЛАҢЫЗ, НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ және ҚҰЛАҚ САЛЫҢЫЗ белгілері, сондай-ақ ЕСКЕРТУ БЕЛГІСІ қолданылады.



Бұл қауіп таңбасы. Ол физикалық жарақаттар алу әлеуетті қауіп туралы ескерту үшін қолданылады. Ықтимал жарақаттардан немесе кісі өлімінен сақтану үшін бұл таңбадан кейін келетін қауіпсіздік техникасы бойынша барлық нұсқауларды орындаңыз. Ескерту белгісі ҚАУІПТІ, АБАЙЛАҢЫЗ және НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ белгілерінің алдына қойылады.



ҚАУІПТІ

«ҚАУІПТІ» — алдын алмаған жағдайда кісі өліміне немесе ауыр жарақаттарға әкелетін қауіпті жағдайды көрсетеді.



ЕСКЕРТУ

«АБАЙЛАҢЫЗ» — алдын алмаған жағдайда кісі өліміне немесе ауыр жарақаттарға әкелуі мүмкін қауіпті жағдайды көрсетеді.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

«НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ» — алдын алмаған жағдайда жеңіл немесе орташа жарақаттарға әкелуі мүмкін қауіпті жағдайды көрсетеді.

МӘЛІМДЕМЕ

«ҚҰЛАҚ САЛЫҢЫЗ» — алдын алмаған жағдайда автокөліктің зақымдалуына алып келуі мүмкін жағдайды көрсетеді.

ОТЫНҒА ҚАТЫСТЫ ТАЛАП

Бензиндік қозғалтқыш

Этилдендірілмеген бензин

Автокөліктің оңтайлы жұмыс сипаттамаларын қамтамасыз ету үшін октандық саны RON (зерттеу әдісі бойынша октандық сан) 92/AKI (антидетонациялық көрсеткіш) 87 немесе одан жоғары этилденбеген отынды қолданған жөн. (Метанол қоспалары бар отынды қолданбаңыз)

Автокөлік конструкциясында ЭТИЛДЕНБЕГЕН ОТЫНДЫ пайдаланған жағдайда, максималды пайдалану сипаттамаларына қол жеткізу қарастырылған, бұл сондай-ақ зиянды заттердің шығарылуын және оталдыру білтелерінде күйген қақтың түзілуін барынша азайтуға алып келеді.

МӘЛІМДЕМЕ

ЕШҚАНДАЙ ЖАҒДАЙДА ЭТИЛДЕНДІРІЛГЕН ЖАНАРМАЙДЫ ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ. Этилденген отынды пайдалану каталиттік бейтараптандырғыштың жұмысына әсер етеді және қозғалтқышты басқару жүйесінің оттегі датчигіне зақым келтіреді, бұл пайдаланылған газдардың уыттылығын бақылау жүйесінің жұмысына әсер етеді.

Сонымен бірге поршень сақиналары, клапандар қатты тозуы және жарықтар пайда болуы, сондай-ақ қозғалтқышта сартылдаған дыбыс пайда болуы мүмкін.

Ешбір жағдайда отын багіне нұсқаулықтан көрсетілгендерден өзге отын жүйесін тазалауға арналған құрамдарды қосушы болмаңыз (толық ақпаратты HYUNDAI өкілетті дилерінен алуға болады).



ЕСКЕРТУ

- Автокөлікке отын құйған кезде отын құю колонкасы автоматты түрде өшкеннен кейін отын құю аузының үстіңгі жиегіне дейін толтырып құймаңыз.
- Отын құйып болған соң апат жағдайында отынның төгілуіне жол бермес үшін тығынның дұрыс орнатылғанын тексеру керек.

Құрамында спирті және метанолы бар бензин

Бензин мен спиртің қоспасы болып табылатын бензоспирт (дәндік спирт атауымен де танымал) және құрамында метанолы бар бензин немесе бензоспирт (ағаш спирті атауымен де танымал) нарықта этилденген және этилденбеген бензинмен бірге немесе оның орнына сатылады.

Құрамындағы этанол 10%-дан асатын бензоспиртті және құрамында метанолдың қандай да бір үлесі бар бензин мен бензоспиртті қолдануға болмайды. Мұндай отынды қолдану автокөліктің жүру сипаттамаларының нашарлауына және отын жүйесінің, қозғалтқышты басқару жүйесінің және пайдаланылған газдардың ұйыттылығын басқару жүйесінің зақымдануына алып келуі мүмкін.

Автокөліктің жүру сипаттамалары нашарлаған жағдайда бензоспирттің кез келген түрін қолдануды тоқтатыңыз.

Өндіруші кепілдігі отынның келесідей түрлерін пайдаланудан туындаған автокөліктің жүру сипаттамаларының нашарлауына немесе зақымдалуына таралмайды:

1. Құрамындағы этанолдың мөлшері 10 %-дан асатын бензоспирт.
2. Құрамында метанолы бар бензин немесе бензоспирт.
3. Этилденген бензин немесе этилденген бензоспирт.

МӘЛІМДЕМЕ

Ешқандай жағдайда құрамында метанол бар бензоспиртті қолданбаңыз. Егер автокөліктің жүру сипаттамаларының нашарлауына алып келетін болса, бензоспирттің кез келген түрін қолдануды тоқтатыңыз.

Отынға қосылатын қоспаларды пайдалану

Мынадай отын қоспаларын қолдану:

- отынға қосылатын силиконды қоспа
- құрамында ММТ (марганец, Mn) бар отын қоспасы
- құрамында ферроцен (темір негізінде) бар отын қоспасы
- металл негізіндегі өзге отын қоспалары

шала оталдыруға, жылдамдықтың нашар үдеуіне, қозғалтқыштың өшіп қалуына, қозғалтқыштың күйікпен бітеліп ластануына, катализаторлық бейтараптандырылғыштың зақымдауына, жоғары деңгейде коррозияға және күштік агрегаттың қызмет ету мерзімін қысқартатын қозғалтқыштың зақымдануына алып келуі мүмкін. Бұл жағдайда ақаулық индикатор шамы (MIL) жануы мүмкін.

МӘЛІМДЕМЕ

Отынның осы түрлерін пайдаланудан болған отын жүйесінің зақымдануы және жүріс сипаттамаларының проблемалары жаңа көлік құралына берілетін Шектеулі кепілдігіңізбен өтелмеуі мүмкін.

Метилтербутилэфирді (МТБЭ) қолдану

HYUNDAI бұл автокөлікке МТБЭ көлемдік үлесі 15,0%-дан (оттегінің салмақ үлесі — 2,7%) асатын отынды пайдалануға кеңес бермейді.

Құрамындағы МТБЭ көлемдік үлесі 15,0%-дан (оттегінің салмақ үлесі — 2,7%) асатын отынды пайдалану автокөліктің пайдалану сипаттамаларының нашарлауына және бу тығындарының түзілуіне немесе оталдырудың қиындауына алып келуі мүмкін.

МӘЛІМДЕМЕ

Жаңа автокөлікке берілетін өндірушінің Шектеулі кепілдігі құрамында метано́лы бар отынды немесе құрамындағы МТБЭ көлемдік үлесі 15,0 %-дан (оттегінің салмақ үлесі — 2,7 %) асатын отынды пайдаланудың нәтижесінде пайда болған отын жүйесінің зақымдануына және пайдалану сипаттамаларының нашарлауына таралмауы мүмкін.

Метанолды қолданбаңыз

Осы автокөлікке отын құю үшін құрамында метанол (ағаш спирті) бар отын түрлерін қолданбаған жөн. Жанармайдың мұндай түрлері автокөліктің пайдалану сипаттамаларын төмендетуі және отын жүйесі компоненттерінің, қозғалтқышты басқару жүйесінің және пайдаланылған газдардың ұйыттылығын бақылау жүйесінің зақымдануына себеп болуы мүмкін.

Отынға қосылатын қоспалар

HYUNDAI компаниясы октандық саны RON (зерттеу әдісі бойынша октандық сан) 92/AKI (детонациялануға қарсы көрсеткіш) 87 немесе одан жоғары этилденбеген бензинді пайдалануға кеңес береді.

Жоғары сапалы бензинді пайдаланбайтын және қозғалтқышты оталдырумен немесе қозғалтқыш жұмысының жатықтығымен байланысты проблемаларға тап болған клиенттерге техникалық қызмет көрсету кестесіне сәйкес жанармай багіне бір бөтелке қоспа қосуға кеңес беріледі («Штаттық техникалық қызмет көрсету кестесі» 9-тарауын қараңыз).

Қоспаларды оларды пайдалану бойынша ақпаратпен бірге HYUNDAI ресми дилерінен сатып алуға болады. Басқа қоспалармен араластырмаңыз.

Автокөлікті шетелде пайдалану

Автокөлігіңізді басқа елде пайдаланған жағдайда келесілерді қамтамасыз ету қажет:

- Тіркеу мен сақтандыруға қатысты барлық талаптардың орындалуы.
- Қолдануға болатын отынның болуы.

АВТОКӨЛІК ҚҰРЫЛЫМЫНА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ

- Осы автокөліктің құрылымына өзгерістер енгізуге тыйым салынады. Автокөлік конструкциясын өзгерту оның пайдалану сипаттамаларына, қауіпсіздігіне немесе қызмет ету мерзіміне әсер етуі мүмкін, және тіпті мемлекеттік қауіпсіздік нормалары мен атмосфераға шығарындыларды реттеу нормаларын бұзуы мүмкін.
Оған қоса конструкцияның қандай да бір өзгертулерінен туындаған сипаттамалардың бұзылуы немесе төмендеуі кепілдікпен өтелмеуі мүмкін.
- Рұқсат етілмеген электронды құрылғыларды пайдалану автокөліктің дұрыс жұмыс істемеуіне, электр сымдарының зақымдалуына, аккумулятор қуатының таусылуына және өртке әкелуі мүмкін. Қауіпсіздік мақсатында сертификатталмаған электронды құрылғыларды пайдалануға кеңес берілмейді.

МӘЛІМДЕМЕ

Кейбір дыбыс сигналдары (соның ішінде сәлемдесу/қоштасу сигналдары, жолдың шуылын белсенді басу және т.б.) сыртқы күшейткіштер арқылы жасалады. Сыртқы күшейткішті ауыстыру қажет болған жағдайда **HYUNDAI** қосалқы бөлшектерін сатып алуға кеңес береміз. Рұқсат берілмеген бөлшектерді пайдалану сыртқы күшейткіштердің ақаулығына әкелуі мүмкін.

АВТОКӨЛІКТІ ПАЙДАЛАНУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛАР

Осындай басқа автокөліктер жағдайындағыдай бұл автокөлікті дұрыс пайдаланбау басқарудан айырылып қалуға, апатқа немесе аударылуға алып келуі мүмкін. Автокөліктің ерекше конструктивтік сипаттамаларына (биік клиренсі, жолтабан және т. б.) байланысты басқа автокөліктермен салыстырғанда ауырлық орталығы биігірек орналасқан. Басқаша айтқанда, ол көдімгі бір осьті жетегі бар автокөліктермен бірдей жылдамдықта бұрылыстардан өтуге есептелмеген. Шұғыл бұрылыс пен күрт маневр жасамаңыз. Автокөлікті дұрыс пайдаланбау басқарудан айырылып қалуға, апатқа немесе аударылуға алып келуі мүмкін екенін ұмытпаңыз. Міндетті түрде осы нұсқаулықтың 6-бөлімінде берілген «Аударылу қаупін азайту» нұсқауларымен танысып шығыңыз.

АВТОКӨЛІКТІ СЫНАП ЖҮРГІЗУ ПРОЦЕСІ

Жүрістің алғашқы 1000 км (600 миль) ішінде бірнеше қарапайым сақтық шарасын ұстану пайдалану сипаттамаларына, автокөліктің үнемділігі мен қызмет ету мерзіміне оң әсер етуі мүмкін.

- Қозғалтқыштың өте жоғары айналымдармен жұмыс істеуіне жол бермеңіз.
- Қозғалыс кезінде жылдамдықты күрт үдетпеңіз.
- Бір жылдамдықпен (жоғары не төмен) ұзақ уақыт бойы қозғалуға болмайды. Қозғалтқыштың айналу жиілігінің өзгеруі оны дұрыс жүргізіп бейімдеуге қажет.
- Төтенше жағдайлардан басқа кездерде, тежегіш қалыбымен дұрыс байланысты қамтамасыз ету мақсатында кенет тежеуге болмайды.
- Жанармай шығыны мен қозғалтқыштың қозғалыс сипаттамалары автокөлікті сынап жүргізу процесіне байланысты және 6000 км (4000 миль) жол жүріп өткеннен кейін тұрақтандырылады. Автокөлікті сынап жүргізу кезінде жаңа қозғалтқыш көбірек май тұтынуы мүмкін.
- Алғашқы 2000 км (1200 миль) жол жүру кезінде тіркеме сүйремеңіз.

2. Автокөлік туралы ақпарат

Сыртқы көрінісі (АЛДЫНАН ҚАРАҒАНДАҒЫ КӨРІНІС)	2-2
Сыртқы көрінісі (АРТЫНАН ҚАРАҒАНДАҒЫ КӨРІНІС).....	2-3
Салонның жалпы көрінісі.....	2-4
АСПАПТАР ПАНЕЛІН ШОЛУ.....	2-5
РУЛЬ ДӨҢГЕЛЕГІНДЕГІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНЕ ШОЛУ	2-6
Қозғалтқыш бөлімі	2-7
Габариттік өлшемдер	2-8
Қозғалтқыш.....	2-8
Жарықтандыру шамдарының қуаты.....	2-9
Шиналар және дөңгелектер	2-10
Кондиционер жүйесі	2-11
Шиналардың жүктеме және жылдамдық индекстері.....	2-11
АВТОКӨЛІКТІҢ МАССАСЫ ЖӘНЕ ЖҮКСАЛҒЫШ БӨЛІМНІҢ КӨЛЕМІ	2-11
Ұсынылған майлау материалдары және құйылатын көлемдер	2-12
SAE бойынша ұсынылған тұтқырлық индексі	2-13
Автокөліктің сәйкестендіру нөмірі (vin).....	2-14
Автокөліктің сертификациялық тақтасы.....	2-15
Шиналардың техникалық сипаттамалары мен қысымы көрсетілген тақтайша..	2-15
Автокөліктің сертификациялық тақтасы.....	2-15
Кондиционер компрессорының тақтайшасы	2-16

СЫРТҚЫ КӨРІНІСІ (АЛДЫНАН ҚАРАҒАНДАҒЫ КӨРІНІС)



Іс жүзіндегі пішін суретте көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

OKUC011001

1.	Капот	5-41
2.	Фаралар	9-54
3.	Шиналар және дөңгелектер	9-33
4.	Сыртқы артқы көрініс айнасы.....	5-29
5.	Төбедегі люк	5-36

6.	Алдыңғы әйнектазартқыштың щеткалары	9-26
7.	Терезелер	5-32
8.	Алдыңғы парктрониктер	7-125

СЫРТҚЫ КӨРІНІСІ (АРТЫНАН ҚАРАҒАНДАҒЫ КӨРІНІС)



Іс жүзіндегі пішін суретте көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

OKUC011002

- | | | | |
|-------------------------------------|------|----------------------------------|-------|
| 9. Есік | 5-10 | 14. Артқы әйнектазартқыштың | |
| 10. Отын бағы аузының қақпағы | 5-53 | щеткалары | 5-27 |
| 11. Артқы құрама шам | 9-56 | 15. Артқы парктрониктер | 7-125 |
| 12. Жүксалғыш есігі | 5-42 | 16. Антенна | 5-99 |
| 13. Үстіңгі стоп-сигнал | 9-57 | 17. Артқы көрініс камерасы | 7-99 |

САЛОННЫҢ ЖАЛПЫ КӨРІНІСІ



Іс жүзіндегі пішін суретте көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

OKUC013003L

- | | | | |
|--|------|--|-------|
| 1. Есіктің ішкі тұтқасы..... | 5-13 | 9. Электронды тұрақтылықты бақылау жүйесін өшіру түймесі..... | 6-30 |
| 2. Электр әйнеккөтергіштердің ауыстырып қосқыштары..... | 5-32 | 10. Тұраққа қою көмекші жүйесінің түймесі | 7-126 |
| 3. Әйнеккөтергішті бұғаттау түймесі/ ... | 5-34 | 11. Отын бағы аузының қақпағын ашу түймесі | 5-53 |
| 4. Сыртқы артқы көрініс айналарын басқару ауыстырып қосқышы..... | 5-30 | 12. Капот құлпын ашу иінтірегі..... | 5-41 |
| 5. Сыртқы артқы көрініс айналарын жинау ауыстырып қосқышы | 5-30 | 13. Рульді дөңгелегінің көлбеуін, жылжып шығуын басқару иінтірегі..... | 5-27 |
| 5. Есіктерді орталықтан құлыптау ауыстырып қосқышы | 5-14 | 14. Руль..... | 5-26 |
| 7. Фаралардың еңкею бұрышын реттеу құрылғысы..... | 5-60 | 15. Орындық..... | 3-3 |
| 8. ISG (бос жүрістегі стоп-старт) өшіру түймесі..... | 6-35 | 16. Сақтандырғыштар блогы | 9-43 |

АСПАПТАР ПАНЕЛІН ШОЛУ




Іс жүзіндегі пішін суретте көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

OKUC013004L

- | | | | |
|---|----------|--|------|
| 1. Аспаптар тақтасы..... | 4-4 | 9. Мобильді телефонды сымсыз зарядтау жүйесі | 5-93 |
| 2. Жүргізушінің алдыңғы қауіпсіздік жастығы | 3-47 | 10. Жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы | 3-47 |
| 3. Қозғалтқышты оталдыру/тоқтату түймесі | 6-5, 6-8 | 11. Ұсақ-түйек тартпасы | 5-89 |
| 4. Апаттық сигнал беру жүйесінің ауыстырып қосқышы..... | 8-2 | 12. Автоматтық беріліс қорабы | 6-9 |
| 5. Ақпараттық ойын-сауық жүйесі..... | 5-100 | 13. Жүру режимін таңдау түймесі | 6-40 |
| 6. Автоматты климат-контроль жүйесі | 5-70 | 14. Электрлі тұрақ тежегіші (EPB) | 6-19 |
| 7. Розетка | 5-91 | 15. Auto Hold жүйесі | 6-24 |
| 8. USB порты | 5-99 | 16. 2-ші орындық жылытқышының ажыратқыш түймесі..... | 3-21 |
| | | 17. USB зарядтау құрылғысы..... | |

5-92

РУЛЬ ДӨңГЕЛЕГІНДЕГІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНЕ ШОЛУ




Іс жүзіндегі пішін суретте көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

OKUC013005L


- | | |
|---|---|
| 1. Жарықты басқару иінтірегі.....5-56 | 6. Жүргізу көмекші жүйесінің түймесі. 7-75, 7-80 |
| 2. Әйнектазартқышты және әйнекжуғышты басқару иінтірегі5-66 | 7. Жолақпен қозғалу көмекші жүйесінің түймесі 7-31 |
| 3. Дауысты тану түймесі5-100 | 8. Автокөліктердің арасындағы қашықтықты бақылау түймесі 7-80 |
| 4. Bluetooth® дауысты байланыс түймесі.....5-101 | 9. Тұраққа қою/шолу түймесі..... 7-101 |
| 5. Кластерлі дисплейді басқару4-26 | |

ҚОЗҒАЛТҚЫШ БӨЛІМІ

■ Smartstream G1.5 T-GDI



■ Smartstream G2.0 T-GDI қозғалтқышы



Қозғалтқыш бөлімінің нақты құрастырылуы көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

OKUC091008/OKUC091009

- | | | | |
|--|------|--|------|
| 1. Қозғалтқыштың май құю ауызының қақпағы | 9-17 | 4. Алдыңғы әйнекжуығш сұйықтығына арналған бак | 9-23 |
| 2. Қозғалтқыштың май сүңгісі | 9-16 | 5. Тежегіш сұйықтығының бағы..... | 9-22 |
| 3. Қозғалтқыштың салқындату сұйықтығына арналған бак | 9-19 | 6. Аккумулятор | 9-29 |
| | | 7. Ауа тазартқыш | 9-24 |
| | | 8. Сақтандырғыштар блогы | 9-43 |

ГАБАРИТТІК ӨЛШЕМДЕР

Параметр	мм (дюйм)			
Габариттік ұзындығы	4 950 (194,9)			
Габариттік ені	1 850 (72,8)			
Габариттік биіктігі	1 734 (68,2)			
Жолтабан ені	Алдыңғы		Артқы	
	17"	1 607,1 (63,2)	17"	1631,6 (64,2)
	18"		18"	
Дөңгелек базасы	3 055 (120,2)			

ҚОЗҒАЛТҚЫШ

Жайғасым	Smartstream G1.5 T-GDI	Smartstream G2.0 T-GDI қозғалтқышы
Жұмыс көлемі текше см. (текше дюйм)	1 497 (91,35)	1 975 (120,52)
Цилиндр диаметрі × поршеннің жүрісі мм (дюйм)	75,6 x 83,4 (2,98 x 3,28)	80,5 x 97,0 (3,17 x 3,82)
Цилиндрлер жұмысының тәртібі	1-3-4-2	1-3-4-2
Цилиндрлер саны	4, бір қатарлы	4, бір қатарлы

ЖАРЫҚТАНДЫРУ ШАМДАРЫНЫҢ ҚҰАТЫ

Шам			Шам типтері	Қуат
Алдыңғы	Бас фаралардың күйі	Шалғай жарық	ЖАРЫҚДИОДТЫ ШАМ	ЖАРЫҚДИОДТЫ ШАМ
		Таяу жарық	ЖАРЫҚДИОДТЫ ШАМ	ЖАРЫҚДИОДТЫ ШАМ
	Күндізгі жүріс жарықтары (DRL)/габарит шам		ЖАРЫҚДИОДТЫ ШАМ	ЖАРЫҚДИОДТЫ ШАМ
	Бұрылыс сигналы		PY21W	21
	Бұрылыс көрсеткішінің шамы (сыртқы айна)		ЖАРЫҚДИОДТЫ ШАМ	ЖАРЫҚДИОДТЫ ШАМ
Артқы	Стоп-сигнал		ЖАРЫҚДИОДТЫ ШАМ	ЖАРЫҚДИОДТЫ ШАМ
	Артқы габарит жарықтары		ЖАРЫҚДИОДТЫ ШАМ	ЖАРЫҚДИОДТЫ ШАМ
	Бұрылыс сигналы		PY21W	21
	Артқа жүру шамы		P21W	21
	Тұман шамы		ЖАРЫҚДИОДТЫ ШАМ	ЖАРЫҚДИОДТЫ ШАМ
	Нөмір белгісін жарықтандыру шамы		W5W	5
	Қосымша стоп-сигнал		ЖАРЫҚДИОДТЫ ШАМ	ЖАРЫҚДИОДТЫ ШАМ
Ішкі жарық	Жүргізушінің және жолаушының шырағы		ЖАРЫҚДИОДТЫ ШАМ	ЖАРЫҚДИОДТЫ ШАМ
	Салон жарығының шамы.		ЖАРЫҚДИОДТЫ ШАМ	ЖАРЫҚДИОДТЫ ШАМ
	Жеке жарықтандыру шамы		ЖАРЫҚДИОДТЫ ШАМ	ЖАРЫҚДИОДТЫ ШАМ
	Жүксалғыш бөлімнің жарықтандыру шамы		FESTOON	10
	Косметикалық айнаның жарықтандыру шамы		FESTOON	5

ШИНАЛАР ЖӘНЕ ДӨҢГЕЛЕКТЕР

Параметр	Шина өлшемі	Дөңгелек өлшемі	Шинадағы қысым, кПа (фунт/шаршы дюйм)				Дөңгелек сомындарын бұрап бекіту сәті кг·м (Н·м)
			Номинал жүктеме		Максимальды жүктеме		
			Алдыңғы	Артқы	Алдыңғы	Артқы	
Толық өлшемді дөңгелек	225/60R17	6.5J X 17	220 (32)	210 (30)	240 (35)	240 (35)	11-13 (107–127)
	225/55R18	6.5J X 18	220 (32)	210 (30)	240 (35)	240 (35)	
Шағын қосалқы дөңгелек ¹	T155/90R16	4.0B x 16	420 (60)				
	T135/90R17	4.0T x 16					

¹ : Егер автокөлігіңіз шағын қосалқы дөңгелекпен жабдықталмаған болса, онда сіздің автокөлігіңізге шиналарды жөндеуге арналған мобильді жиынтық қосылып беріледі.

МӘЛІМДЕМЕ

- Егер жақын арада ауа райының салқындауы күтілсе, шинадағы стандартты қысымға 20 кПа (3 фунт/шаршы дюйм) қосуға рұқсат етіледі. Әдетте қысымды азайту температура төмендеуінің әр 7°C (12°F) градусына 7 кПа-ға (шаршы дюймге 1 фунт) тең болады. Егер температуралардың күрт ауытқулары күтілетін болса, қысымды тиісті деңгейде ұстап отыру үшін шиналардағы қысымды жүйелі түрде тексеріп отырыңыз.
- Әдетте, қысым теңіз деңгейінен жоғары биіктікте қозғалған кезде азаяды. Осылайша, биік таулы жерлерге барған жағдайда, шиналардағы қысымды алдын ала тексеріңіз. Қажет болса, шиналарды қажетті деңгейге дейін үрлеңіз (теңіз деңгейінен жоғары шинадағы қысым: +10 кПа/1 км (1 миляға +2,4 фунт/шаршы дюйм)).
- Шинаның бүйірінде көрсетілген шинадағы максималды қысымды асыруға тыйым салынады.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Шиналарды ауыстырғанда ӨРДАЙЫМ типтік өлшемі, маркасы, конструкция типі және протектор бедері бойынша автокөліктің түпнұсқа шиналарымен ұқсас шиналарды пайдаланыңыз. Өйтпесе іргелес компоненттерге зақым келуі немесе олардың қызметі бұзылуы мүмкін.

КОНДИЦИОНЕР ЖҮЙЕСІ

Жайғасым	Көлемдік салмақ	Жіктеме
Суық агент г (унц.)	925 ± 25г (32,6 ± 0,88)	R-134a
Компрессорға арналған майлау майы г (унц.)	190 ± 10г (6,7 ± 0,35)	PAG (FD46XG)

Толығырақ мәлімет алу үшін HYUNDAI ресми дилеріне жүгінуге кеңес береміз.

ШИНАЛАРДЫҢ ЖҮКТЕМЕ ЖӘНЕ ЖЫЛДАМДЫҚ ИНДЕКСТЕРІ

Жайғасым	Шина өлшемі	Дөңгелек өлшемі	Рұқсат етілген жүктеме		Рұқсат етілген жылдамдық	
			LI ^{*1}	кг	SS ^{*2}	км/сағ
Толық өлшемді дөңгелек	225 / 60 R17	6.5J X 17	99	775	H	210
	225 / 55 R18	6.5J X 18	98	750	H	210
Шағын қосалқы дөңгелек (бар болса)	T155 / 90 R16	4.0B X 16	110	1060	M	130
	T135 / 90 R17	4.0T X 17	104	900	M	130

^{*1} LI: ЖҮКТЕМЕ ИНДЕКСІ ^{*2} SS: ЖЫЛДАМДЫҚ ИНДЕКСІ

АВТОКӨЛІКТІҢ МАССАСЫ ЖӘНЕ ЖҮКСАЛҒЫШ БӨЛІМНІҢ КӨЛЕМІ

Параметр	Smartstream G1.5 T-GDI	Smartstream G2.0 қозғалтқышы T-GDI
	АБҚ	АБҚ
Автокөліктің толық массасы кг (фунт.)	2 300 (5 070)	2 350 (5 180)
Жұқсалғыш бөлімнің көлемі (VDA) ℓ (текше фут)	2-қатар 707 (24,96) 3-қатар 262 (9,25)	

АБҚ: Автоматты беріліс қорабы

ҰСЫНЫЛҒАН МАЙЛАУ МАТЕРИАЛДАРЫ ЖӘНЕ ҚҰЙЫЛАТЫН КӨЛЕМДЕР

Қозғалтқыш пен трансмиссияның оңтайлы жұмыс істеу режимін қамтамасыз ету, сондай-ақ олардың қызмет ету мерзімін ұлғайту үшін тиісті сапасы бар майлау материалдарын ғана пайдаланыңыз. Тиісті майлау материалдарын қолдану қозғалтқыштың жұмыс істеу тиімділігін жоғарылатады және отын шығынын қысқартуға ықпал етеді.

Келесі майлау материалдары мен жұмыс сұйықтықтары сіздің автокөлігіңізде пайдалануға ұсынылған.

Майлау материалы		Көлем	Жіктеме
Мотор майы ^{*1} (құйып алу және құю) Кеңестер 	Smartstream G1.5 T-GDI	4,8 л	Толықтай синтетикалық SAE 0W20, API SN PLUS/SP немесе ILSAC GF-6
	Smartstream G2.0 T-GDI қозғалтқышы	5,0 л	Толықтай синтетикалық SAE 0W20, API SN PLUS/SP немесе ILSAC GF-6
Автоматты беріліс қорабының сұйықтығы	Smartstream G1.5 T-GDI	6,5 л	MICHANG ATF SP-IV, SK ATF SP-IV, S-OIL SP-IV, HYUNDAI ATF SP-IV түпнұсқа сұйықтығы
	Smartstream G2.0 T-GDI қозғалтқышы	7,0 л	
Салқындату сұйықтығы	Smartstream G1.5 T-GDI	7,9 л	Антифриз бен дистилденген су қоспасы (алюминий радиаторына арналған этиленгликоль негізіндегі салқындатқыш сұйықтық)
	Smartstream G2.0 T-GDI қозғалтқышы	7,6 л	
Тежегіш сұйықтығы ^{*2}		0,7~0,8 л	DOT-4
Отын		58 л	1-тараудағы «Отынға қойылатын талаптар» бөлімін қараңыз.

^{*1} : <API SN PLUS классының (немесе одан жоғары) толықтай синтетикалық мотор майын пайдалану қажет. Класы төменірек (минералды, соның ішінде жартылай синтетикалық) мотор майын пайдаланған жағдайда мотор майы мен қозғалтқыштың май сүзгісін ауыр пайдалану жағдайларына арналған қызмет көрсету регламентіне сәйкес ауыстырып қажет.

^{*2} : ABS/ESC жүйелерінің ең үздік тежелу сипаттамалары мен жұмысын қолдау үшін спецификацияға сәйкес келетін түпнұсқа тежегіш сұйықтығын пайдалануға кеңес беріледі. (Стандарт: SAE J1704 DOT-4 LV, ISO4925 CLASS-6 және FMVSS 116 DOT-4)

SAE бойынша ұсынылған тұтқырлық индексі

МӘЛІМДЕМЕ

- Майлау материалының деңгейін тексеру немесе төгу алдында кез келген жанармай құю аузының, ағызу саңылауының және май өлшегіштің май сүңгісінің айналасын тазалауды ұмытпаңыз. Бұл әсіресе шаң мен ластың деңгейі жоғары болған жағдайда, сондай-ақ топырақты жолдарда автокөлікті пайдалану кезінде өте маңызды. Қақпақ пен сүңгішті тазалау шаң мен топырақтың қозғалтқыштың және зақымдауы ықтимал өзге механизмдердің ішіне түсуіне жол бермейді.
- Мотор майына қандай да бір қоспалар қосуға тыйым салынады. Мотор майына қосылатын қоспалар мотор майының қасиеттерін өзгертуі және қозғалтқыштың күрделі бұзылуына алып келуі мүмкін.

Қозғалтқыш майының тұтқырлығы суық ауа райында жанармай шығыны мен қозғалтқыштың жұмысына әсер етеді (қозғалтқышты оталдыру және майдың аққыштығы). Тұтқырлығы төмен мотор майы суық ауа райында аз жанармай шығынын және жоғары өнімділікті қамтамасыз етеді, алайда ыстық ауа райында қозғалтқышты дұрыс майлау үшін тұтқырлығы көбірек мотор майлары қажет. Ұсынылғандардан өзге тұтқырлық индексінің мәндері бар майларды пайдалану қозғалтқыштың істен шығуына алып келуі мүмкін.


SAE бойынша тұтқырлық индексі мәндеріне арналған температуралар диапазоны											
Температура		°C	-30	-20	-10	0	10	20	30	40	50
		(°F)	-10	0	20	40	60	80		100	120
Бензинді қозғалтқыштарға арналған май ¹	Smartstream G1.5 T-GDI		0W-20								
	Қозғалтқыш Smartstream G2.0 T-GDI		0W-20								

¹ : <API SN PLUS классының (немесе одан жоғары) толықтай синтетикалық мотор майын пайдалану қажет.

Класы төменірек (минералды, соның ішінде жартылай синтетикалық) мотор майын пайдаланған жағдайда мотор майы мен қозғалтқыштың май сүзгісін ауыр пайдалану жағдайларына арналған қызмет көрсету регламентіне сәйкес ауыстырып қажет.

АВТОКӨЛІКТІҢ СӘЙКЕСТЕНДІРУ НӨМІРІ (VIN)

■ Рама нөмірі



OKUC011020

Автокөліктің сәйкестендіру нөмірі (VIN) - көлік құралыңызды тіркегенде пайдаланылатын және автокөлікке қатысты меншік құқықтары бойынша туындаған барлық құқықтық жағдайда және т.б. қолданылатын нөмір.

Нөмір мотор бөлімінің рамасына және қозғалтқыштың артқы жағына ойылып жазылған.

■ Автокөліктің VIN сәйкестендіру нөмірінің тақтайшасы (бар болса)



OKUC011021

VIN нөмірі сол жақ бүйірлік аспаптар тақтасының жоғарғы жағына бекітілген тақтайшада да көрсетілген. Тақтайшадағы нөмірді сырттан алдыңғы әйнек арқылы оңай қарап көруге болады.

АВТОКӨЛІКТІҢ СЕРТИФИКАЦИЯЛЫҚ ТАҚТАСЫ



OKUC011022

ШИНАЛАРДЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ МЕН ҚЫСЫМЫ КӨРСЕТІЛГЕН ТАҚТАЙША




OKUC011023

Жаңа автокөлігіңізде орнатылған шиналар автокөліктің үздік басқарымдылығын қамтамасыз ету үшін таңдалған.

Шиналардың техникалық сипаттамалары көрсетілген тақтайша жүргізуші жағындағы ортаңғы бағанда орналасқан және автокөлік шиналарындағы ұсынылған қысым туралы ақпаратты қамтиды.


АВТОКӨЛІКТІҢ СЕРТИФИКАЦИЯЛЫҚ ТАҚТАСЫ

■ Smartstream G1.5 T-GDI



OKUC013024L


■ Smartstream G2.0 T-GDI қозғалтқышы



OKUC011025

Қозғалтқыш нөмірі суретте көрсетілгендей цилиндрлер блогында ойылып жазылған.

КОНДИЦИОНЕР КОМПРЕССОРЫНЫҢ ТАҚТАЙШАСЫ



OKUC011028

Компрессор тақтайшасында модель, жеткізушінің бөлшек нөмірі, сериялық нөмір, салқындату агентінің типі және тоңазытқыш май типі көрсетілген

3. Орындықтар және қауіпсіздік жүйесі

Маңызды сақтық шаралары	3-2
Қауіпсіздік белдігін әрқашан тағыңыз.....	3-2
Баланы ұстап тұрушы жүйені пайдаланыңыз	3-2
Қауіпсіздік жастығының қосылу қаупі	3-2
Жүргізушінің басқа бір нәрсеге назарын аударуы	3-2
Автокөліктің жылдамдығын бақылаңыз	3-2
Автокөліктің қауіпсіз күйін сақтаңыз.....	3-2
Орындықтар	3-3
Сақтық шаралары	3-4
Алдыңғы орындық.....	3-5
Артқы орындық	3-10
Бассүйегіш	3-16
Орындықтардың жылытқыштары (бар болса).....	3-20
Желдету жүйесі бар орындықтар (бар болса)	3-23
Қауіпсіздік белдіктері.....	3-24
Қауіпсіздік белдіктерін қолданған кездегі сақтық шаралары	3-24
Қауіпсіздік белдігінің бақылау шамы.....	3-25
Қауіпсіздік белдіктерінің жүйесі.....	3-26
Алдын ала тартқыштары бар қауіпсіздік белдігі (жүргізуші мен алдыңғы жолаушының орындықтары).....	3-30
Қауіпсіздік белдіктерін қолданған кездегі қосымша сақтық шаралары	3-31
Қауіпсіздік белдіктеріне күтім жасау	3-33
Баланы ұстап тұрушы жүйе (БҰЖ)	3-34
Біздің кеңесіміз: Балаларды тек артқы орындықта тасымалдаңыз	3-34
Баланы ұстап тұрушы жүйені (БҰЖ) таңдау	3-35
Баланы ұстап тұрушы жүйені (БҰЖ) орнату	3-37
Қауіпсіздік жастығы — қосымша қауіпсіздік жүйесі.....	3-45
Қауіпсіздік жастықтарының орналасуы.....	3-47
Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің жұмыс істеу қағидасы	3-50
Қауіпсіздік жастықтары ашылғаннан кейін не болады	3-53
Соқтығыс кезінде неліктен қауіпсіздік жастығы ашылмады?	3-54
Пассивті қауіпсіздік жүйесіне күтім жасау	3-59
Қосымша сақтық шаралары.....	3-60
Қауіпсіздік жастықтарының бар екенін ескертетін ақпараттық жапсырмалар	3-60

МАҢЫЗДЫ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

Бұл бөлімде және бүкіл нұсқаулықта көптеген қауіпсіздік шаралары мен нұсқаулары берілген. Бұл тарауда қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша ең маңызды шаралар берілген.

Қауіпсіздік белдігін әрқашан тағыңыз

Қауіпсіздік белдігі апаттардың барлық түрінде ең тиімді қорғауды қамтамасыз етеді. Қауіпсіздік жастықтары жүйесі қауіпсіздік белдіктеріне қосымша ретінде жасалған және оларды алмастырмайды. Сондықтан автокөлік қауіпсіздік жастықтарымен жабдықталған болса да, жүргізуші мен жолаушылар ӨРҚАШАН қауіпсіздік белдіктерін тиісті түрде қолдануы тиіс.

Баланы ұстап тұрушы жүйені пайдаланыңыз

Көлік құралы қозғалған кезде 13 жасқа толмаған балалардың бәрі артқы орындықта болуы және қауіпсіздік белдіктерін тағуы тиіс. Сәбилер мен кішкентай балаларға тиісті баланы ұстап тұрушы жүйе қолданылуы тиіс. Ересек жастағы балалар қауіпсіздік белбеулерін бустер-орындықсыз дұрыс пайдалана алмайынша, бел/иық қауіпсіздік белдігі бар бустер-орындықты пайдалануы керек.

Қауіпсіздік жастығының қосылу қаупі

Апат жағдайында қауіпсіздік белдіктері өмірді сақтап қалуы мүмкін, бірақ оларға тым жақын отырған немесе қауіпсіздік белдіктерін дұрыс қолданбаған жағдайда, олар сондай-ақ ауыр жарақат келтіруі немесе өлімге жетелеуі мүмкін. Қауіпсіздік жастығы іске қосылған кезде нәрестелер, кішкене балалар және бойы аласа ересектердің жарақат алу қаупі жоғары. Осы нұсқаулықта берілген барлық нұсқаулар мен ескертулерді орындаңыз.

Жүргізушінің басқа бір нәрсеге назарын аударуы

Жүргізушінің басқа бір нәрсеге назарын аударуы елеулі әрі ықтимал өлімге әкелетін қауіп болып табылады, бұл әсіресе тәжірибесіз жүргізушілерге қатысты. Жол жүргенде қауіпсіздікке аса көп назар аудару керек. Жүргізушілер басқа нәрсеге назар аударудың түрлі ықтимал факторлары туралы білуге

міндетті, мысалы, ұйқышылдық, заттарды алу, тамақ ішу, жеке гигиена, басқа жолаушылар және мобильді телефондарды қолдану. Басқа нәрсеге назар аудара отырып, жүргізушілер жолдағы жағдайды бақылай алмай қалуы немесе жүргізуден басқа әрекеттерге көңіл бөліп, рульден қолын алуы мүмкін. Басқа нәрсеге назар аудару қауіпін және апат ықтималдығын азайту үшін:

- Мобильді құрылғыларды (мысалы, МРЗ ойнатқыштары, телефондар, навигациялық құрылғылар және т.б.) автокөлік тоқтаған кезде ҒАНА реттеңіз.
- Мобильді құрылғыларды заңмен рұқсат етілген болса және оны қауіпсіз пайдалану жағдайлары болған кезде ҒАНА қолдануға болады. Қозғалыс кезінде ЕШҚАШАН мәтіндік хабарларды термеңіз немесе электрондық хаттар жібермеңіз. Көптеген елдерде жүргізушілерге заң деңгейінде мәтіндік хабарларды теруге тыйым салынады. Кейбір елдер мен қалаларда жүргізушілерге сондай-ақ қозғалыс кезінде ұялы телефондарды қолдануға тыйым салынады.
- Көлік жүргізуден алаңдатын мобильді құрылғыларды пайдалануға тыйым салынады. Жүргізуші өз жолаушылары және басқа жол қозғалысына қатысушылар үшін жауап береді. Бұл кезде рульді ұстап, жол жағдайын үнемі қадағалап отыруыңыз керек.


Автокөліктің жылдамдығын бақылаңыз

Жылдамдықты арттыру апат кезінде жарақат пен өлімнің негізгі себебі болып табылады. Әдетте, жылдамдықты арттыру аса үлкен қауіп болып табылады, бірақ елеулі жарақаттарды қозғалыс жылдамдығы төмен болғанда да алуға болады. Жылдамдық, тіпті егер ол рұқсат етілгеннен төмен болса да, ағымдағы жағдайда сәйкес таңдалуы тиіс.

Автокөліктің қауіпсіз күйін сақтаңыз

Шиналардың тесілуі немесе механикалық ақаулардың болуы төтенше қауіпті болуы мүмкін. Мұндай проблемалар ықтималдығын азайту үшін шиналардағы ауа қысымын және олардың жалпы күйін үнемі тексеріп тұру, сонымен қатар барлық жоспарлы техникалық қызмет көрсету жұмыстарын уақтылы орындау керек.

ОРЫНДЫҚТАР



Көрсетілген ақпарат автокөлігіңіз үшін қандай мүмкіндіктер қарастырылғанына байланысты өзгеруі мүмкін.

OKUC031001

Алдыңғы орындық

- (1) Бойлық қозғалыс
- (2) Орындық арқалығының еңкею бұрышы
- (3) Орындық көпшігінің еңкею бұрышы
- (4) Орындық көпшігінің биіктігі
- (5) Жүргізуші орындығы баптауларының жады
- (6) Бассүйегіш
- (7) Жолаушы орындығын басқару ауыстырып қосқыштары

2-қатардағы орындықтар

- (8) Бойлық қозғалыс
- (9) Орындық арқалығының еңкею бұрышы
- (10) Бассүйегіш
- (11) Шынтақтаяныш

3-қатардағы орындықтар

- (12) Орындық арқалығын жинау
- (13) Бассүйегіш

Сақтық шаралары

Орындық қауіпсіз және жайлы отыруға болатындай реттелуі тиіс. Бұл апат жағдайында қауіпсіздік белдіктері мен қауіпсіздік жастықтары жүйесімен қатар, жүргізуші мен жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.



ЕСКЕРТУ

Орындық пен жолаушы арасындағы үйкелісті азайтатын орындықтарда жастықтарды қолдануға болмайды. Соқтығысу кезінде немесе күрт тежегенде жолаушының жамбасы қауіпсіздік белдігінің бел тармағының астына жылжуы мүмкін.

Қауіпсіздік белбеуінің дұрыс жұмыс істемейі ішкі ағзаларға ауыр зақым келтіруі немесе өлімге әкелуі мүмкін.

Қауіпсіздік жастықтары жүйесі

Қауіпсіздік жастығы ашылған кезде жарақаттану қаупін азайту үшін нақты сақтық шараларын қолдануға болады. Қауіпсіздік жастығына тым жақын болу ол ашылған кезде жарақат алу қаупін айтарлықтай арттырады. Орындықты, автокөлікті басқара отырып, алдыңғы қауіпсіздік жастықтарынан мүмкіндігінше алыстау орналастыру керек.



ЕСКЕРТУ

Қауіпсіздік жастығы іске қосылған кезде ауыр жарақат алу немесе өлім қаупін азайту үшін келесі сақтық шараларын орындаңыз:

- Автокөлікті басқару мүмкіндігін сақтай отырып, жүргізуші орындығын мүмкіндігінше артқа реттеңіз.
- Алдыңғы жолаушының орындығын мүмкіндігінше артқа реттеу керек.

- Қол мен қолдың буынын жарақаттау қаупін азайту үшін рульдің жиегін "9 сағат" және "3 сағат" күйінде ұстаңыз.
- Өзіңіз бен қауіпсіздік жастықшасының арасына ешбір зат немесе ешбір адамды орналастырмаңыз.
- Аяқты жарақаттау қаупін азайту үшін алдыңғы орындықтағы жолаушыға алдыңғы панельге аяқ қоюға рұқсат бермеңіз.

Қауіпсіздік белдіктері

Жолға шықпас бұрын әрқашан қауіпсіздік белдігін тағыңыз. Жолаушылар әрқашан тұзу отырып, қауіпсіздік белбеулерін тағулары тиіс. Сәбилер мен кішкентай балалар үшін тиісті баланы ұстап тұрушы жүйелері қолданылуы керек. Бустер-орындықты одан әрі қажет етпейтін балалар мен ересектер қауіпсіздік белдігін тағулары керек.



ЕСКЕРТУ

Қауіпсіздік белбеуін реттеу кезінде келесі сақтық шараларын қолданыңыз:

- Қауіпсіздік белбеуін бірнеше жолаушыға тағуға **БОЛМАЙДЫ**.
- Әрқашан орындықтың арқалығын тік қойыңыз, сонда қауіпсіздік белдігінің бел бөлігі жамбасқа жанасып тұрады.
- **ЕШҚАШАН** балаларға немесе сәбилерге жолаушының тізесінде отыруға жол бермеңіз.
- Қауіпсіздік белбеуін мойын, өткір жиектер арқылы өткізуге немесе иық бауын қолдың астынан өткізуге болмайды.
- Қауіпсіздік белбеуінің қысылып немесе кептелуіне жол бермеңіз

Алдыңғы орындықтар

Алдыңғы орындықтың күйін орындық көпшігінің сыртқы жағында орналасқан ауыстырып қосқыштармен реттеуге болады. Қозғала бастамас бұрын рульді, педальдарды және аспаптар панеліндегі ауыстырып қосқыштарды басқаруға ыңғайлы болу үшін орындықты дұрыс күйге қойыңыз.



ЕСКЕРТУ

Орындықты реттеу кезінде келесі сақтық шараларын қолданыңыз:

- Автокөлік қозғалысы кезінде орындықты реттеуге **БОЛМАЙДЫ**. Орындық кенеттен жылжып кетуі мүмкін, бұның салдарынан автокөлікті басқара алмай, апат орын алуы мүмкін.
- Алдыңғы орындықтардың астына қандай да бір заттарды орналастыруға болмайды. Жүргізушінің аяқ жағындағы бекітілмеген заттар педальдарды басқаруға кедергі келтіріп, бұл апатқа әкелуі мүмкін.
- Орындық арқалығының қалыпты күйіне және дұрыс бекітілуіне ештеңенің кедергі келтірмейтініне көз жеткізіңіз.
- Оттықтарды еденге немесе орындыққа қоймаңыз. Орындық жылжыған кезде оттық зақымдануы және ондағы газ тұтануы мүмкін.
- Орындықтың астында немесе орындық пен орталық консоль арасында тұрып қалған ұсақ заттарды алғанда абай болыңыз. Орындықты реттеу механизмінің өткір жиектеріне қолды кездейсоқ жарақаттауға болады.
- Алдыңғы орындықтардың күйін реттеген кезде, артқы орындықтарда адам отырған жағдайда сақтық таныту керек.
- Реттеуден кейін орындықтың бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Өйтпесе, орындық кенеттен жылжып, апаттың себебіне айналуы мүмкін.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Жарақатты болдырмау үшін:

- Қауіпсіздік белбеуі тағылған кезде орындықты реттемеңіз. Орындық көпшігінің алға жылжуы ішке қатты қысым келтіру мүмкін.
- Оны жылжитқан кезде қолдарыңызды немесе саусақтарыңызды орындық механизмдеріне тигізбеңіз.

Қолмен реттеу




OKUC031002

Бойлық бағытта реттеу

Орындықты алға не артқа жылжыту үшін:

1. Орындық бағыттаушының реттеу иінтірегін жоғары тартып, ұстап тұрыңыз.
2. Орындықты қажетті күйге келтіріңіз.
3. Иінтіректі жіберіп, орындықтың дұрыс күйде бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Иінтіректі қолданбай, орындықты алға және артқа жылжытып көріңіз. Егер орындық жылжыса, бұл оның тиісті түрде бекітілмегенін білдіреді.



OKUC031003

Орындық арқалығының еңкею бұрышы

Орындық арқалығын шалқайту үшін:

1. Сәл алға еңкейіп, орындық арқалығының еңкею бұрышын реттеу тұтқасын көтеріңіз.
2. Орындықтың арқалығына абайлап сүйеніп, арқалықты қалаған күйге келтіріңіз.
3. Иінтіректі жіберіп, орындық арқалығының бекітілгеніне көз жеткізіңіз.

Орындық арқалығын қайыру

Автокөлікті жүргізу кезінде орындықтың арқалығын шалқайтып отыру қауіпті болуы мүмкін. Арқалықты қайырған кезде, тіпті қауіпсіздік белдігі тағылып тұрса да, қауіпсіздік жүйесінің (қауіпсіздік белдігі және/немесе қауіпсіздік жастықтары) тиімділігі әлдеқайда төмендейді.



ЕСКЕРТУ


Орындық арқалығын шалқайтып айдауға БОЛМАЙДЫ.

Орындық арқалығы қайрылып тұрғанда автокөлікті басқару соқтығысу не көнеттен тежеу жағдайында ауыр не өлімге әкелетін жарақат алу ықтималдығын арттырады.

Жүргізушілер мен жолаушылар орындықтарда ӨРҚАШАН тиісті түрде отыруы, қауіпсіздік белдіктерін тағуы тиіс, ал орындықтардың арқалықтары тігінен орнатылып тұруы керек.

Барынша тиімділікті қамтамасыз ету үшін қауіпсіздік белбеулері жамбас пен кеудеге тығыз жанасып тұруы керек. Орындық арқалығы қайырылып тұрғанда иық белдігі өз функциясын орындамайды, өйткені кеудеге тығыз жанасып тұрмайды. Оның орнына ол сіздің алдыңызда қашықтықта болады. Апат жағдайында қауіпсіздік белдігіне қатты соғылу қаупі бар, бұл мойын жарақатына не өзге жарақаттарға әкеледі.

Орындық арқалығының шалқаю бұрышы неғұрлым үлкен болса, жолаушы саны бел қауіпсіздік белдігінің астында қозғалуы немесе жолаушының мойны иық бауына ұрынуы ықтималдығы соғұрлым жоғары болады.



OKUC031004

Орындық көпшігінің биіктігі (бар болса)

Орындық көпшігінің биіктігін өзгерту үшін:

- Орындық көпшігін түсіру үшін тұтқаны төмен қарай бірнеше рет басыңыз.
- Орындық көпшігін көтеру үшін тұтқаны бірнеше рет жоғары тартыңыз.

Электржетегі бар орындықты реттеу (бас болса)



ЕСКЕРТУ

Балаларды автокөлікте қараусыз ҚАЛДЫРМАҢЫЗ. Автокөліктің қозғалтқышы өшірілген кезде электржетекті орындықтарды басқаруға болады.

МӘЛІМДЕМЕ

Орындықтар зақымдалмауы үшін:

- Орындық мүмкіндігінше алдыңғы немесе артқы күйге жеткенде әрқашан орындықтарды реттеуді тоқтатыңыз.
- Автокөлік өшірілген кезде орындықтарды қажетінен ұзағырақ реттемеңіз. Бұл аккумулятор зарядының шамадан тыс тұтынылуына әкелуі мүмкін.
- Орындықты бір уақытта екі немесе одан да көп бағытта реттемеңіз. Бұл электр жабдықтарының дұрыс жұмыс істемеуіне әкелуі мүмкін.




OKUC031005

Бойлық бағытта реттеу

Орындықты алға не артқа жылжыту үшін:

1. Реттегішті алға немесе артқа басыңыз.
2. Орындық қажетті күйге орнатылған сәтте ауыстырып қосқышты жіберіңіз.



OKUC031006

Орындық көпшігінің еңкею бұрышын/биіктігін реттеу

Орындық көпшігін еңкейту (1)

Орындық көпшігінің алдыңғы жағының еңкею бұрышын өзгерту үшін:

Орындық көпшігінің алдыңғы жағын көтеру үшін реттегіштің алдыңғы бөлігін жоғары, ал төмен түсіру үшін төмен жылжытыңыз.

Орындық қажетті күйге орнатылған сәтте ауыстырып қосқышты жіберіңіз.

Орындық көпшігінің биіктігі (2)

Орындық көпшігінің биіктігін өзгерту үшін:

Орындық көпшігін көтеру үшін реттегіштің артқы бөлігін жоғары, ал төмен түсіру үшін төмен жылжытыңыз.

Орындық қажетті күйге орнатылған сәтте ауыстырып қосқышты жіберіңіз.



OKUC031007

Орындық арқалығының еңкею бұрышын реттеу

Орындық арқалығын шалқайту үшін:

1. Реттегішті алға немесе артқа басыңыз.
2. Орындық арқалығы қажетті күйге орнатылған сәтте реттегішті жіберіңіз.

Орындық арқалығын қайыру

Автокөлікті жүргізу кезінде орындықтың арқалығын шалқайтып отыру қауіпті болуы мүмкін. Арқалықты қайырған кезде, тіпті қауіпсіздік белдігі тағылып тұрса да, қауіпсіздік жүйесінің (қауіпсіздік белдігі мен қауіпсіздік жастықтары) тиімділігі әлдеқайда төмендейді.



ЕСКЕРТУ

Орындық арқалығын шалқайтып айдауға БОЛМАЙДЫ.

Орындық арқалығы қайрылып тұрғанда автокөлікті басқару соқтығысу не кенеттен тежеу жағдайында ауыр не өлімге әкелетін жарақат алу ықтималдығын арттырады.

Жүргізуші мен жолаушылар орындықтарда **ӘРҚАШАН** тиісті түрде отыруы, қауіпсіздік белдіктерін тағуы тиіс, ал орындықтардың арқалықтары тігінен орнатылып тұруы керек.

Барынша тиімділікті қамтамасыз ету үшін қауіпсіздік белбеулері жамбас пен кеудеге тығыз жанасып тұруы керек. Орындық арқалығы қайырылып тұрғанда иық белдігі өз функциясын орындамайды, өйткені кеудеге тығыз жанасып тұрмайды. Оның орнына ол сіздің алдыңызда қашықтықта болады. Апат жағдайында қауіпсіздік белдігіне қатты соғылу қаупі бар, бұл мойын жарақатына не өзге жарақаттарға әкеледі.

Орындық арқалығының шалқау бұрышы неғұрлым үлкен болса, жолаушы саны бел қауіпсіздік белдігінің астында қозғалуы немесе жолаушының мойны иық бауына ұрынуы ықтималдығы соғұрлым жоғары болады.

Жолаушылар орындығын басқару ауыстырып қосқыштары (бар болса)




OTM030042

Артқы орындықтағы жолаушы ауыстырып қосқыштардың көмегімен алдыңғы жолаушылар орындығының күйін реттей алады.

- Бойлық қозғалыс:
Жолаушылар орындығын алға немесе артқа жылжыту үшін (1) немесе (2) ауыстырып-қосқышын басыңыз.
- Орындық арқалығының еңкею бұрышы:
Алдыңғы жолаушылар орындығының еңкею бұрышын алға немесе артқа жылжыту үшін (3) немесе (4) ауыстырып қосқышын басыңыз.

Орындық арқалығындағы қалта



OKUC031008

Қалта алдыңғы орындық арқалығының артқы жағында орналасқан.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Орындық арқалықтарындағы қалталарға ауыр не өткір заттарды салуға болмайды. Апат жағдайында олар қалталардан түсіп, жолаушылардың жарақаттануына себеп болуы мүмкін.

Орындық арқалығындағы үстел



OKUC031054

Жиналмалы үстелді ашу үшін суретте көрсетілгендей ауыстырып қосқышты басыңыз.



ЕСКЕРТУ

Жиналмалы үстелді дұрыс пайдаланбау жарақатқа әкелуі мүмкін.

- Жиналмалы үстелдің максималды салмағы: 5 кг
- Жарақат алу қаупін азайту үшін автокөлік жүріп бара жатқан кезде жиналмалы үстел әрқашан бүктелуі керек.

■ Жабық күйдегі стақанқойғыш



OKUC031067

■ Ашық күйдегі стақанқойғыш



OKUC031068

Жиналмалы үстелге орнатылған стақанқойғыш
Шығару үшін стақанқойғышты басыңыз, жабу
үшін қайтадан басыңыз.

Артқы орындықтар

Бойлық қозғалыс (2-қатардағы орындықтар)



OKUC031009

Орындықты алға не артқа жылжыту үшін:

1. Орындық бағыттаушының реттеу иінірегін жоғары тартып, ұстап тұрыңыз.
2. Орындықты қажетті күйге келтіріңіз.
3. Иініректі жіберіп, орындықтың дұрыс күйде бекітілгеніне көз жеткізіңіз.

Қозғалысты бастамас бұрын орынды реттеп, оны иініректі пайдаланбай алға және артқа жылжытуға әрекеттеніп, мықтап бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Егер орындық жылжыса, бұл оның тиісті түрде бекітілмегенін білдіреді.

Орындық арқалығының еңкею бұрышы (2-ші қатардағы орындық)




OKUC031010

Орындық арқалығын шалқайту үшін:

1. Орындық арқалығын еңкейту тұтқасын жоғары қарай тартыңыз.
2. Тұтқаны ұстап тұрып, орындықтың арқалығын қажетті күйге келтіріңіз.
3. Иіңіректі жіберіп, орындық арқалығының бекітілгеніне көз жеткізіңіз. (Орындық арқалығын бекіткен кезде иіңірек бастапқы күйге оралуы ТИІС).

Артқы релаксация орындығы (электржетегі бар)



OKUC031055

Орындықтың бүйірінде орналасқан түймелер арқылы қалаған күйді таңдауға болады.

1. Орындықты алға/артқа жылжыту
2. Орындықты солға/оңға жылжыту
3. Орындық арқалығын қайыру
4. Релаксация режимі
5. Аяқ тірегіш



OKUC031056

Сіз шынтақтаянышта орналасқан «бір рет тұрту» режимнің түймесін немесе ақпараттық ойын-сауық жүйесінің экранындағы орындық мәзірін қолдана отырып, қажетті күйді таңдай аласыз.

1. Орындық арқалығын қайыру
2. Қалпына келтіру режимі
3. Релаксация режимі
4. Ұйқы режимі



Ақпарат


Бағдарламалық жасақтама жаңартылғаннан кейін ақпараттық ойын-сауық жүйесі өзгеруі мүмкін. Қосымша ақпарат алу үшін ақпараттық ойын-сауық жүйесі жиынтығы мен қысқаша анықтамалық нұсқаулыққа кіретін нұсқаулықты қараңыз.



ЕСКЕРТУ

«Бір рет тұрту» режимін дұрыс пайдаланбау жарақатқа әкелуі мүмкін.

- 3-ші қатардағы орындықтағы жолаушыларға зақым келтірмеу үшін, егер үшінші қатарда жолаушылар болса, «бір рет тұрту» режимін қолдану ұсынылмайды.
- 3-ші қатардағы орындықтағы жолаушылар жарақаттанбауы үшін жолаушылар үшінші қатар арқылы өткенде «бір рет тұрту» режимін пайдаланбаңыз.



OKUC031062

Артқы релаксация орындығы (электржетегі бар)

Еңкею бұрышын реттеу үшін шынтақтаяныштың алдыңғы жағындағы түймені басып, ұстап тұрыңыз және қажетті күйге жеткенде түймені жіберіңіз.

Шынтақтаянышты тік күйге келтіру үшін шынтақтаяныштың алдыңғы жағындағы түймені басып, ұстап тұрыңыз және түймені жіберіңіз.

Жатпаңыз

Автокөлікті жүргізу кезінде орындықтың арқалығын шалқайтып отыру қауіпті болуы мүмкін.

Арқалықты қайырған кезде, тіпті қауіпсіздік белдігі тағылып тұрса да, қауіпсіздік жүйесінің (қауіпсіздік белдігі және/немесе қауіпсіздік жастықтары) тиімділігі әлдеқайда төмендейді.

Барынша тиімділікті қамтамасыз ету үшін қауіпсіздік белбеулері жамбас пен кеудеге тығыз жанасып тұруы керек.

Апат жағдайында қауіпсіздік белдігіне қатты соғылу қаупі бар, бұл мойын жарақатына не өзге жарақаттарға әкеледі.

Орындық арқалығының шалқаю бұрышы неғұрлым үлкен болса, жолаушы саны бел қауіпсіздік белдігінің астында қозғалуы немесе жолаушының мойны иық бауына ұрынуы ықтималдығы соғұрлым жоғары болады.



ЕСКЕРТУ

- Орындық арқалығын шалқайтып айдауға **БОЛМАЙДЫ**.
- Орындық арқалығы қайрылып тұрғанда автокөлікті басқару соқтығысу не кенеттен тежеу жағдайында ауыр не өлімге әкелетін жарақат алу ықтималдығын арттырады.
- Жүргізуші мен жолаушылар орындықтарда әрқашан тиісті түрде отыруы, қауіпсіздік белдіктерін тағуы тиіс, ал орындықтардың арқалықтары тігінен орнатылып тұруы керек.

МӘЛІМДЕМЕ

Орындықтың релаксация режимін қолданғаннан кейін шынтақтаянышты бастапқы күйіне қайтарған кезде оны стандартты күйге келтіру керек.



ЕСКЕРТУ

Орындықтар зақымдалмауы үшін:



OKUC031065

- Шынтақтаянышқа отыруға және оны басуға **БОЛМАЙДЫ**.



OKUC031066

- Аяқ тірегішке отыруға және оны басуға **БОЛМАЙДЫ**.

Артқы орындықты жию

Ұзын заттарды тасымалдау немесе көлік құралындағы жүксалғыштың көлемін ұлғайту үшін артқы орындықтардың арқалықтарын жиюға болады.



ЕСКЕРТУ

- Автокөлік қозғалып бара жатқан кезде жолаушылардың артқы орындықтың жиылған арқалығында отыруына жол бермеңіз. Бұл орын отыруға арналмаған және қауіпсіздік белбеулерін пайдалану мүмкін емес. Бұл апат немесе күрт тежеу кезінде ауыр жарақатқа немесе өлімге әкелуі мүмкін.
- Артқы орындықтың жиылған арқалығындағы заттар алдыңғы орындықтардың арқалықтарынан жоғары болмауы керек. Кенеттен тежеу кезінде мұндай жүк алға жылжып, жарақатқа немесе зақымға әкелуі мүмкін.

Артқы орындықтың арқалығын жинау үшін:

1. Алдыңғы орындықтың арқалығын тігінен орнатып, қажетінше, алдыңғы орындықты алға қарай жылжытыңыз.
2. Артқы орындықтардың бассүйегіштерін шеткі төменгі күйіне түсіріңіз.

■ 2-қатардағы орындықтар



OKUC031011

■ 2-қатардағы орындықтар



OKUC031012

■ 3-қатардағы орындықтар



OKUC031013

■ 3-қатардағы орындықтар




OKUC031014

3. Орындықтың арқалығын жию тұтқасын тартыңыз (2-ші қатардағы орындық), содан кейін орындықты автокөліктің алдыңғы жағына қарай жиыңыз. Белбеуді артқа тартыңыз (3-ші қатардағы орындық), содан кейін 3-қатардағы орындықты автокөліктің алдыңғы жағына қарай жиыңыз. Орындықтың арқалығын тік күйге қайтарған кезде арқалықтың артқы жағын басып, оның қажетті күйде бекітілгенін тексеріңіз.

4. Артқы орындықты пайдалану үшін жию тұтқасын немесе белбеуді тарту арқылы орындықтың арқалығын көтеріп, артқа тартыңыз. Орындықтың арқалығын күш салып басыңыз, сонда ол сырт еткен дыбыспен орнына түседі. Орындықтың арқалығы бекітілгеніне көз жеткізіңіз.

5. Артқы орындықтың қауіпсіздік белдігін тиісті күйге келтіріңіз.



ОТМ030053

ЕСКЕРТУ

Егер жолаушының басы дұрыс реттелген бассүйегішке сүйенбесе немесе бойы ұзын адам отырса, онда жүксалғыштың есігі жабылған кезде есік жолаушының басына тиіп, жарақатқа әкелуі мүмкін.

ЕСКЕРТУ

Артқы орындық арқалығын жиналған күйден тік күйіне қайта көлтірген кезде оны ұстап тұрып, баяу көтеру керек. Орындық арқалығының жоғарғы бөлігін басып, оның тігінен бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Егер орындық арқалығы бекітілмеген болса, онда апат жағдайында не күрт тежеген кезде жүк едәуір күшпен алға қарай жылжып кетіп, автокөлік салонына түсіп, ауыр жарақаттарға не өлімге себеп болуы мүмкін.

ЕСКЕРТУ

Артқы орындыққа заттарды салмаңыз, себебі оларды тиісті түрде бекіту мүмкін емес. Соқтығыс кезінде олар ауыр жарақаттарға не өлімге себеп болуы мүмкін.

ЕСКЕРТУ

Жүкті тиеу немесе түсіру кезінде қозғалтқыш өшірілуі керек, берілістерді ауыстырып қосу тұтқасы «Р» (Тұрақ) күйінде болуы керек және тұрақ тежегіші мықтап тартылуы керек. Егер бұл шарттар орындалмаса, берілістерді ауыстырып қосу тұтқасы кездейсоқ басқа күйге ауысқан кезде автокөлік орнынан қозғалуы мүмкін.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Автокөлік салонын зақымдап алмау үшін артқы жолаушы орындықтары арқылы жүк өткізген кезде сақ болу керек.
- Жүк артқы жолаушы орындықтары арқылы жүктелген кезде, оны қозғалыс барысында өздігінен жылжып кетпейтіндей бекіту керек.

ЕСКЕРТУ

Жүк соқтығысу кезінде автокөлік салонында кенеттен жылжып кетпеуі және жолаушылар жарақаттанбауы үшін әрқашан мықтап бекітілуі керек. Артқы орындыққа заттарды салмаңыз, себебі оларды тиісті түрде бекіту мүмкін емес. Соқтығысу жағдайында олар алдыңғы жолаушылардың жарақаттануына себеп болуы мүмкін.

Шынтақтаяныш



OKUC031015

Шынтақтаяныш артқы орындықтың ортасында орналасқан. Шынтақтаянышты пайдалану үшін оны орындықтың арқалығынан төмен қарай тартыңыз.

Артқы орындықта жолаушының отырғанын ескерту жүйесі (2-қатардағы орындық)

Бұл функция жүргізушіге жолаушыларды автокөліктен түсіру кезінде артқы орындықтарда жолаушылар қалғанын ескертеді.

Егер сіз 2-ші қатардағы орындықта жолаушы болған кезде есікті ашсаңыз, аспаптар панелінде бірінші ескерту хабары пайда болады. Егер 2-ші қатардағы орындықта барлық есіктер құлыпталғаннан кейін қозғалыс анықталса, екінші ескерту пайда болады.

Көліктен шықпас бұрын 2-қатардағы орындықтарда жолаушылардың бар-жоғын тексеріңіз.

Қосымша ақпарат алу үшін 5-тараудың «Артқы жақта жолаушылардың бар-жоғын анықтау жүйесі» бөлімін қараңыз.

Бассүйегіш


Автокөліктің алдыңғы және артқы (екінші және/немесе үшінші қатар) орындықтары реттелетін бассүйегіштермен жабдықталған. Бассүйегіштер жолаушыларды жайлылықпен қамтамасыз етеді, бірақ олар негізінде жолаушыларды апат жағдайында, әсіресе артынан соғу кезінде, мойын не омыртқаның көліктің кент қозғалысынан не тоқтауынан пайда болатын жарақаттарынан қорғайды.



ЕСКЕРТУ

Апат болған жағдайда ауыр жарақат алу немесе өлім қаупін азайту үшін бассүйегіштерді реттеу кезінде келесі сақтық шараларын қолданыңыз:


- **Қозғалыс басталғанға ДЕЙІН** барлық жолаушылар орындықтарындағы бассүйегіштерді әрқашан дұрыс реттеңіз.
- **ЕШҚАШАН** ешкімнің бассүйегіші алынып тасталған немесе қарама-қарсы қаратылған орындыққа отыруына жол бермеңіз.



OH1039190N

- Бассүйегішті бассүйегіштің ортаңғы бөлігі көз биіктігінде орналасатындай баптау керек.
- Автокөлікті жүргізу кезінде жүргізуші орындығының бассүйегішінің күйін **ЕШҚАШАН** реттемеңіз.
- Бассүйегіш жолаушының басына мүмкіндігінше жақын орналасуы тиіс. Адамның денесін орындықтың арқалығынан алшақтататын жастықшаларды қолданбаңыз.
- Реттеп болған соң, бассүйегіштің қажетті күйде бекітіліп тұрғанына көз жеткізіңіз.

ЕСКЕРТУ



OTL035061

Артқы орындықта болған кезде бассүйегіштің биіктігін ең төменгі күйге орнатпаңыз.


НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Артқы орындықтарда жолаушылар болмаған кезде бассүйегішті ең төменгі күйге орнатыңыз. Артқы орындықтың бассүйегіші артқы көріністі нашарлатуы мүмкін.

МӘЛІМДЕМЕ


Зақым келтірмеу үшін ЕШҚАШАН бассүйегіштерді ұрмаңыз немесе тартпаңыз.

Алдыңғы орындықтардың бассүйегіштері



OJX1039063L

Жүргізуші мен алдыңғы жолаушы орындықтары жолаушылардың қауіпсіздігі мен жайлылығын қамтамасыз ету үшін реттелетін бассүйегіштермен жабдықталған.



OKUC031016

Биіктік бойынша реттеу

Бассүйегішті көтеру үшін:

1. Оны қажетті күйге дейін жоғары тартыңыз (1).

Бассүйегішті түсіру үшін:

1. Бассүйегіш тіреуіндегі бекіткіш (2) түймесін басып, ұстап тұрыңыз.
2. Бассүйегішті қажетті күйге (3) түсіріңіз.



OKUC031017

Бойлық бағытта реттеу

Бассүйегішті 3 түрлі күйге алға қарай реттеуге болады, ол үшін бассүйегішті қажетінше бекігенше алға қарай тартыңыз. Бассүйегішті шеткі артқы күйге орнату үшін оны шеткі күйге дейін алға қарай тартып, жіберіңіз.

МӘЛІМДЕМЕ



OHIO38136


Орындық арқалығын алға еңкейткен кезде орындық көпшігі мен бассүйегіш көтеріңкі күйде болғанда, бассүйегіштің күнқағармен немесе автокөліктің өзге интерьер элементтерімен жанасып тұруы әбден мүмкін.

■ А түрі



OKUC031018

■ В типі



OKUC031020

Шешіп алу/орнату


Бассүйегішті шешіп алу үшін:

1. Орындық арқалығын (2) орындық арқалығының еңкею бұрышын реттейтін тұтқаның (3) көмегімен еңкейтіңіз.
2. Бассүйегішті тірелгенше көтеріңіз.
3. Бассүйегішті бекіту түймесін (3) басып, бір уақытта бассүйегішті жоғары тартыңыз (4).



ЕСКЕРТУ

Бассүйегіші алынған орындыққа ешкімге отырып жүруге ЕШҚАШАН рұқсат етпеңіз.



OKUC031019



OKUC031021

Бассүйегішті орнату үшін:


1. Орындық арқалығын еңкейтеңіз.
2. Бассүйегіш тіреулерін (2) саңылауларға орнатып, дәл сол уақытта бекіту (1) түймесін басыңыз.
3. Бассүйегішті қажетті биіктікке орнатыңыз.
4. Орындық арқалығын (4) орындық арқалығының еңкею бұрышын реттейтін тұтқаның (3) көмегімен еңкейтеңіз.



ЕСКЕРТУ

Бассүйегішті орнатып, дұрыс реттегеннен кейін оның дұрыс күйде бекітілгеніне көз жеткізіңіз.

Артқы орындықтардың бассүйегіштері (2-ші, 3-ші қатардағы артқы орындықтар)



OKUC031061

Жолаушылардың қауіпсіздігі мен жайлылығын қамтамасыз ету үшін барлық артқы орындықтар бассүйегіштермен жабдықталған.



OKUC031022

Биіктік бойынша реттеу

Бассүйегішті көтеру үшін:

1. Оны қажетті күйге дейін жоғары тартыңыз (1).

Бассүйегішті түсіру үшін:

1. Бассүйегіш тіреуіндегі бекіткіш (2) түймесін басып, ұстап тұрыңыз.
2. Бассүйегішті қажетті күйге (3) түсіріңіз.



OKUC031023

Шешіп алу/орнату

Бассүйегішті шешіп алу үшін:

1. Бассүйегішті тірелгенше көтеріңіз.
2. Бассүйегішті бекіту түймесін (1) басып, бір уақытта бассүйегішті жоғары тартыңыз (2).

Бассүйегішті орнату үшін:

1. Бассүйегіш тіреулерін (3) саңылауларға орнатып, дәл сол уақытта бекіту (1) түймесін басыңыз.
2. Бассүйегішті қажетті биіктікке орнатыңыз.

Орындықтардың жылытқыштары (бар болса)

Орындықтардың жылытқыштары суық ауа райында орындықтарды жылытуға арналған.

Егер ауа райы жылы болса немесе орындықты жылыту функциясы қажет етілмесе, орындық жылытқыштары өшіп тұруы керек.



ЕСКЕРТУ

Орындық жылытқыштары тіпті төмен температурада және әсіресе ұзақ уақыт қолданғанда ҚАТТЫ КҮЙІК тудыруы мүмкін.

Жолаушылар орындықтың тым ыстық болып кеткенін сезе алып, жылытқышты уақытылы өшіріп қоятын күйде болуы тиіс.

Температураның өзгерісін немесе терінің ауырсынуын анықтай алмайтын адамдар ерекше сақтық танытуы тиіс. Бұл әсіресе келесі жолаушыларға қатысты:

- Сәбилер, балалар, қарт адамдар немесе мүмкіндіктері шектеулі тұлғалар, сондай-ақ жақында ауруханадан шыққан науқастар.
- Сезімтал терісі бар және оңай күйіп қалатын адамдар.
- Қажыған адамдар.
- Мас адамдар.
- Қалғу мен ұйқышылдықты туғызатын медициналық препараттар әсеріндегі адамдар.



ЕСКЕРТУ

Орындықтың жылытқышынан (мысалы, төсек жапқыш немесе жастық) жылу тасымалдауға кедергі келтіруі мүмкін заттарды орындыққа қоймаңыз. Бұл орындық жылытқышының қызып кетуіне әкеліп, күйіктің немесе орындықтың зақымдануының себебі болуы мүмкін.

МӘЛІМДЕМЕ

Орындықтар мен орындық жылытқыштарына зақым келтірмеу үшін:

- Ешқашан орындықтарды тазалау үшін бояу еріткіш, бензин, спирт немесе бензин сияқты еріткіштерді пайдаланбаңыз.
- Орындық жылытқыштарымен жабдықталған орындықтарға ауыр немесе өткір заттарды қоймаңыз.
- Орындықтардың қаптарын ауыстырмаған жөн. Бұл орындықтардың жылытқышының зақымдалуына әкелуі мүмкін.

■ Алдыңғы орындық



OKUC033024L

■ Артқы орындықтар (2-қатардағы орындықтар)



OKUC031025


Қозғалтқыш істеп тұрғанда жүргізуші немесе жолаушы орындығы жылытқышының түймесін басыңыз.

Егер ауа райы жылы болса немесе орындықты жылыту функциясы қажет етілмесе, түймелерді «өшірулі» күйіне орнату керек.


- Температураны қолмен реттеу

Түймені басқан сайын орындықтың температура режимі былайша өзгереді:

- Алдыңғы орындық



- Артқы орындықтар



- Температураны автоматты түрде реттеу

Түймені «ON» күйіне қолмен қосқан соң орындық жылытқышы төмен температуралық күйіктердің алдын алуы үшін орындық температурасын автоматты түрде басқаруды бастайды.

- Алдыңғы орындық



- Артқы орындықтар



«HIGH» (жоғары) температура мәнін қайтадан қолмен таңдасаңыз, температура автоматты түрде басқарылады.

- Егер орындық жылытқышы істеп тұрғанда түймені 1,5 секундтан астам уақыт басып тұрсаңыз, орындық жылытқышы өшеді. (тек артқы орындық үшін)
- Оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйінде болғанда, орындық жылытқышы әдепкі бойынша «OFF» күйіне ауысады.

Ақпарат

- Егер орындық жылытқышының түймесі ON күйінде болса, орындықты жылыту жүйесі орындық температурасына байланысты автоматты түрде өшеді немесе қосылады.
- Қосымша ақпарат алу үшін ақпараттық ойын-сауық жүйесі жиынтығы мен қысқаша анықтамалық нұсқаулыққа кіретін нұсқаулықты қараңыз.

ЕСКЕРТУ

Орындық жылытқышын дұрыс пайдаланбау жарақатқа әкелуі мүмкін.

- Орындықты жылыту құрылғысының қыздыру элементтеріне зақым келтірмеу үшін орындыққа тіземен отырмаңыз және орындықтың беті мен орындықтың арқалығына басқа жүктеме салмаңыз.
- Сұйықтықтар, өткір заттар және оқшаулағыш материалдар орындықтарды жылыту құрылғысын зақымдауы мүмкін.
- Егер иіс пайда болса, орындықты жылыту құрылғысын дереу өшіріңіз, сонымен қатар жүйені тексеру үшін ресми HYUNDAI дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

Желдету жүйесі бар орындық (бар болса)



OKUC033026L

Орындықтарды желдету жүйесі орындықтардың көпшіктері мен арқалықтарының бетіндегі шағын желдеткіш саңылаулары арқылы ауа жіберіп, алдыңғы және артқы орындықтарды салқындатады.

Егер орындықтарды желдету жүйесінің жұмысы қажет болмаса, онда түймелерді «OFF» күйіне орнату керек.


Қозғалтқыш істеп тұрғанда жүргізуші не алдыңғы жолаушы орындығын салқындату үшін түймені (бар болса) басыңыз.

МӘЛІМДЕМЕ

Желдету жүйесі бар орындықтар зақымдалмауы үшін:

- Ешқашан орындықтарды тазалау үшін бояу еріткіш, бензин, спирт немесе бензин сияқты еріткіштерді пайдаланбаңыз.
- Алдыңғы орындықтар мен орындықтардың арқалығына сұйықтық төкпеңіз; бұл желдеткіш саңылаулардың бітелуіне және жүйенің дұрыс жұмыс істеуіне әкелуі мүмкін.
- Орындықтардың астына полиэтилен пакеттер немесе газеттер сияқты заттарды қоймаңыз. Олар ауаның кіруін бөгеп, желдету жүйесінің дұрыс жұмыс істеуіне әкелуі мүмкін.

- Орындықтардың қаптарын ауыстырмаған жөн. Бұл желдету жүйесі бар орындықтың зақымдануына әкелуі мүмкін.
- Егер желдету жүйесі жұмыс істемесе, қозғалтқышты өшіріп, қайта қосыңыз. Егер ештеңе өзгермесе, автокөлікті тексерту үшін ресми HYUNDAI дилеріне хабарласуға кеңес береміз.
- Түймені басқан сайын ауа ағыны күші былайша өзгереді:



- Егер орындықтарды желдету жүйесі істеп тұрғанда түймені 1,5 секундтан астам уақыт басып тұрса, жүйе өшеді. (тек артқы орындық үшін)
- Оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйінде болғанда, орындықтарды желдету жүйесі әдепкі бойынша «OFF» күйіне ауысады.



Ақпарат

Бағдарламалық жасақтама жаңартылғаннан кейін ақпараттық ойын-сауық жүйесі өзгеруі мүмкін. Қосымша ақпарат алу үшін ақпараттық ойын-сауық жүйесі жиынтығы мен қысқаша анықтамалық нұсқаулыққа кіретін нұсқаулықты қараныз.

ҚАУІПСІЗДІК БЕЛБЕУЛЕРІ

Бұл тарауда қауіпсіздік белдіктерін дұрыс пайдалану сипаттамасы берілген. Оған қоса, қауіпсіздік белдіктерін қолданған кезде рұқсат етілмеген кейбір әрекеттер де келтірілген.

Қауіпсіздік белдіктерін қолданған кездегі сақтық шаралары

Жол жүрмей тұрып әрқашан қауіпсіздік белдігін тағып, барлық жолаушылардың қауіпсіздік белбеулерін тағып алғанына көз жеткізіңіз. Қауіпсіздік жастықтары жүйесі қауіпсіздік белбеулеріне қосымша ретінде жасалған және оларды алмастырмайды. Көптеген елдерде жолаушылардың барлығынан қауіпсіздік белбеулерін тағу талап етіледі.



ЕСКЕРТУ

Қозғалыс кезінде **БАРЛЫҚ** жолаушы қауіпсіздік белдігін тағып отыруы тиіс. Қауіпсіздік белбеуін реттеу және тағу кезінде келесі сақтық шараларын қолданыңыз:

- 13 жасқа толмаған балаларды қауіпсіздік белдігін дұрыс тағып, артқы орындықта тасымалдау керек.
- Егер қауіпсіздік жастығы ажыратылмаса, балаларды алдыңғы орындықта тасымалдауға тыйым салынады. Баланы алдыңғы орындыққа отырғызғанда, орындықты мүмкіндігінше артқа жылжытыңыз. Бұл жағдайда бала әрқашан орындықта қауіпсіздік белдігін тиісті түрде тағуы керек.
- **ЕШҚАШАН** балаларға немесе сәбилерге жолаушының тізесінде отыруға жол бермеңіз.
- Орындық арқалығын шалқайтып айдауға **БОЛМАЙДЫ**.
- Балаларды бір орындыққа отырғызуға немесе бір белдікті тағуға тыйым салынады.
- Иық белдігін қол астынан не арқасынан өткізуге тыйым салынады.

- Қауіпсіздік белдігін сынғыш заттардың үстінен тағуға болмайды. Кенеттен тежеген не соқтығысқан жағдайда олар белбеумен зақымдануы мүмкін.
- Ширатылған қауіпсіздік белдігін қолдануға болмайды. Ширатылған қауіпсіздік белдігі апат жағдайында тиісті қорғаныспен қамтамасыз етпейді.
- Зақымдалған баулары немесе металл бөлшектері бар қауіпсіздік белдігін пайдалануға болмайды.
- Қауіпсіздік белдігінің тілін басқа орындықтың айылбасына тағуға болмайды.
- Қауіпсіздік белбеуін жүріс барысында ағытуға **ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ**. Бұның салдарынан автокөлік бақылаудан шығып, апат орын алуы мүмкін.
- Қауіпсіздік белдігінің ілгегіндегі ілгекті бекітуге ештеңе кедергі келтірмейтініне көз жеткізу керек. Бұл тілдің айылбасқа бекітілуіне кедергі келтіруі мүмкін.
- Автокөлік иесіне құрылымға, қауіпсіздік белдігінің салбырауын болдырмау бойынша белдікті тарту құрылғысының қалыпты жұмысына кедергі жасайтын, не болмаса белдіктің тартылып тұруын баптауға кедергі келтіретін өзгерістерді немесе толықтыруларды жасауға тыйым салынады.



ЕСКЕРТУ

Зақымдалған қауіпсіздік белдіктері мен тарту механизмдері тиісті түрде жұмыс істемейді. Мыналарды ауыстыру керек:

- Тозған, ластанған не зақымданған бауларды.
- Зақымданған металл бөлшектерді.
- Апаттан соң, тіпті көзге көрінетін зақымдар жоқ болса да, жинақтағы бүкіл қауіпсіздік белбеулері жүйесін ауыстыру керек.

Қауіпсіздік белбеулерінің бақылау шамы

Жолаушының қауіпсіздік белдігінің тағылмағаны туралы ескерту



OKUC033029L

Жүргізушіге ескерту ретінде, жүргізушінің қауіпсіздік белдігінің бақылау шамы қауіпсіздік белдігінің тағылған-тағылмағанына қарамастан оталдыру жүйесі қосылған сайын шамамен 6 секунд жанады. Осы уақытта, егер қауіпсіздік белдігі тағылмаса, бақылау шамы жанып, 6 секунд ішінде ескертуші дыбыс сигналы беріледі.

Егер сіз қауіпсіздік белдігін тақпай қозғала бастасаңыз немесе қауіпсіздік белдігін 20 км/сағ (12 миля/сағ) төмен жылдамдықта немесе автокөлік қозғалмай тұрғанда шешсеңіз, онда тиісті бақылау шамы жанады.

Егер сіз қауіпсіздік белдігін тақпай қозғала бастасаңыз немесе қауіпсіздік белдігін 20 км/сағ (12 миля/сағ) жоғары жылдамдықта шешсеңіз, онда бақылау шамы жыпылықтайды және шамамен 100 секунд ішінде ескертуші дыбыс сигналы беріледі.

Егер 20 км/сағ (12 миля/сағ) жылдамдықпен жүру кезінде қауіпсіздік белдігін шешсеңіз, тиісті бақылау шамы жанады.

Егер автокөліктің жылдамдығы 20 км/сағ (12 миля/сағ) жоғары болса, онда бақылау шамы жыпылықтайды және шамамен 100 секунд ішінде ескертуші дыбыс сигналы беріледі.

Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік белдігін тақпағаны туралы ескерту

Алдыңғы жолаушыға ескерту ретінде, алдыңғы жолаушының қауіпсіздік белдігінің бақылау шамы қауіпсіздік белдігінің тағылған-тағылмағанына қарамастан, оталдыру жүйесі қосылған сайын шамамен 6 секунд жанады.

Егер оталдыру жүйесін қосқан кезде қауіпсіздік белдігі тағылмаса немесе оталдыру жүйесін қосқаннан кейін шешілмесе, қауіпсіздік белдігінің бақылау шамы белбеу тағылғанша жанады.

Егер сіз қауіпсіздік белдігін тақпай қозғала бастасаңыз немесе қауіпсіздік белдігін 20 км/сағ (12 миля/сағ) төмен жылдамдықта немесе автокөлік қозғалмай тұрғанда шешсеңіз, онда тиісті бақылау шамы жанады.

Егер сіз қауіпсіздік белдігін тақпай қозғала бастасаңыз немесе қауіпсіздік белдігін 20 км/сағ (12 миля/сағ) жоғары жылдамдықта шешсеңіз, онда бақылау шамы жыпылықтайды және шамамен 100 секунд ішінде ескертуші дыбыс сигналы беріледі.

Егер 20 км/сағ (12 миля/сағ) жылдамдықпен жүру кезінде қауіпсіздік белдігін шешсеңіз, тиісті бақылау шамы жанады. Егер автокөліктің жылдамдығы 20 км/сағ (12 миля/сағ) жоғары болса, онда бақылау шамы жыпылықтайды және шамамен 100 секунд ішінде ескертуші дыбыс сигналы беріледі.



ЕСКЕРТУ

Жолаушының дұрыс отырмауы алдыңғы жолаушының қауіпсіздік белдігін тақағаны туралы ескерту жүйесінің жұмысына теріс әсер етеді. Жүргізуші жолаушыға осы нұсқаулықтың нұсқауларына сәйкес дұрыс отыру туралы нұсқау беруі керек.



Ақпарат

- Алдыңғы жолаушы орындығы бос болмаса да, START/STOP түймесін ON немесе START күйіне ауыстырған сайын тағылмаған қауіпсіздік белдігінің бақылау шамы 6 секундқа жанады.
- Алдыңғы жолаушының тағылмаған қауіпсіздік белдігі туралы ескерту алдыңғы жолаушының орындығына жүк қойылған кезде қосылуы мүмкін.

Қауіпсіздік белдіктері жүйесі

Бел/иық қауіпсіздік белдігі



ОНІ038140

Қауіпсіздік белбеуін тағу үшін:

Белдікті тартқыш құрылғыдан тартып, металл тілді (1) ілмекке салу керек (2). Тіл айылбасқа бекітілгенде сырт еткен дыбыс естіледі.



ОНІ038137

Қауіпсіздік белбеуінің бел бөлігі (1) жамбас арқылы, ал иық бөлігі (2) кеуде арқылы өтуі керек.

Бел белдігін жамбасқа мықтап жанасып тұратындай етіп қолмен реттегеннен кейін қауіпсіздік белдігі автоматты түрде қажетті ұзындыққа орнатылады. Бірқалыпты, баяу алға қарай еңкейген кезде белдік ұзындығы тиісінше ұлғаяды.

Кенеттен тежеген не соқтығысқан кезде белдік ағымдағы күйде бұғатталады. белдік тым алға қарай кенеттен еңкейген кезде де бұғатталады.

МӘЛІМДЕМЕ

Егер тартқыш құрылғыдан белдіктің қажетті ұзындығы тартылмаса, белдікті қатты тартып, жіберу керек. Жіберген соң, белбеуді қажетті ұзындыққа бірсарынды тартуға болады.



ЕСКЕРТУ



ОНІ038182L


Қауіпсіздік белдігін тиісті түрде реттемеу апат жағдайында ауыр жарақат алу қаупін арттырады. Қауіпсіздік белбеулерін реттеген кезде келесі сақтық шараларды қолдану керек:

- Қауіпсіздік белбеуінің бел бөлігін мүмкіндігінше жамбасқа жанасып тұратындай, бірақ белге тигізбей орналастырыңыз. Бұл соқтығыс кезінде ішкі жарақаттар ықтималдығын азайтып, мықты жамбас сүйектерімен соққы күшін қатты сезбегуге мүмкіндік береді.
- Суретте көрсетілгендей бір қолыңызды иық белдігінің астына, екіншісін белдіктің үстіне қойыңыз.
- Иық бауының бекітпесі тиісті биіктікте бекітілуі тиіс.
- Ешқашан иық белбеуін мойынға немесе бетке көлденең салмаңыз.

Биіктікті реттеу

Максималды жайлылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін белбеудің иық бөлігін бекіту биіктігін төрт күйдің біріне реттеуге болады.

Белбеудің иық бөлігі мойыннан емес, кеуде мен иық ортасынан есік жағынан өтуі керек.



ОТМ030079

Қауіпсіздік белдігі бекітпесінің биіктігін реттеу үшін биіктік реттегішін қажетті күйге келтіру керек.

Биіктік реттегішін көтеру үшін оны жоғары қарай жылжытыңыз (1). Биіктікті реттегішті түсіру үшін биіктікті реттегіштің түймесін (2) басып тұрып, оны төмен қарай жылжытыңыз (3).

Бекіткішті бекіту үшін түймені жіберіңіз. Оның орнында екеніне көз жеткізу үшін биіктік реттегішін жылжытып көріңіз.



OHIO38142

Қауіпсіздік белбеуін шешу үшін:

Қауіпсіздік белбеуі айылбасындағы ағыту (1) түймесін басыңыз.

Ағытылған қауіпсіздік белбеуінің бауы автоматты түрде тартқыш құрылғымен қайта жиналуы тиіс. Егер белдік кергішке оралмаса, белбеудің ширатылмағанын тексеріп, әрекетті қайталаңыз.


Орталық артқы орындықтың қауіпсіздік белдігі (3-ші қатардағы орындық)



OLX2038081


Қауіпсіздік белбеуін тағу үшін:

1. Қауіпсіздік белбеуі жинағының қақпағындағы тесіктен тілді шығарып алыңыз (A).



OKUC031057

2. Тілді (A) айылбасқа (A') салыңыз. Бұл жағдайда құлыптың бұғатталғанын көрсететін сырт еткен дыбыс естілуі керек. белдіктің ширатылмағанына көз жеткізіңіз.



OLX2038083


3. Тілді қалтадан шығарып алыңыз (B). Тілді тартып (B), оны айылбасқа салыңыз (B'). Бұл жағдайда құлыптың бұғатталғанын көрсететін сырт еткен дыбыс естілуі керек. белдіктің ширатылмағанына көз жеткізіңіз.

Орталық артқы орындықтың қауіпсіздік белдігі үшін «CENTER» (орталық) деп белгіленген құлыпты пайдалану керек.



Ақпарат

Егер қауіпсіздік белдігі тартқыш механизмнен тартылмаса, белдікті күшпен тартып, жіберіңіз. Жіберген соң, белбеуді қажетті ұзындыққа бірсарынды тартуға болады.



OLX2038084

Қауіпсіздік белбеуін шешу үшін:

1. Айылбастағы шешу түймесін басып (B'), тілді шығарып алыңыз (B).



OKUC031058

2. Артқы орталық орындықтың қауіпсіздік белдігін тарту үшін тілді ұяға салыңыз (A'). Қауіпсіздік белбеуін бауынан жоғары қарай тартып, оның автоматты түрде тартылуына мүмкіндік беріңіз. Тілді (A) қауіпсіздік белдігі жинағының қақпағындағы тесікке салыңыз.

Алдын ала тартқыштары бар қауіпсіздік белдігі (жүргізуші мен алдыңғы жолаушының орындықтары)



OHIO38143L

Сіздің автокөлігіңіз жүргізуші мен алдыңғы жолаушыға арналған алдын ала тартқыштары бар қауіпсіздік белбеулерімен жабдықталған. Алдын ала тартқыш белгілі бір маңдайлық немесе бүйірлік соқтығысулар кезінде жолаушының денесіне қауіпсіздік белбеулерінің тығыз жанасуын қамтамасыз етуге арналған. Алдын ала тартқыштары бар қауіпсіздік белбеулері айтарлықтай күшті маңдайлық соқтығысулар кезінде қауіпсіздік жастықтарымен бір уақытта қосыла алады.

Кенеттен тежеген кезде, не болмаса кенет қозғалып алға еңкейген кезде, қауіпсіздік белбеуінің тартқыш құрылғысы ағымдағы күйде бұғатталып қалады.

Нақты маңдайлық соқтығысу кезінде алдын ала тартқыш іске қосылады және қауіпсіздік белдігін жолаушы денесімен тығыз жанасқанға дейін тартады.

Егер алдын ала тартқыш іске қосылған кезде жүйе жүргізушінің немесе жолаушының қауіпсіздік белдігінің шамадан тыс керілуін анықтаса, онда тартқыш құрылғы тартқышының ішіндегі жүктеме шектегіші тиісті қауіпсіздік белдігінің керілуін әлсіретеді.



ЕСКЕРТУ

- Белбеуді әрқашан тағып, орындықта тиісті түрде отыру керек.
- Босап қалған немесе ширатылған қауіпсіздік белдігін пайдаланбаңыз. Босап қалған немесе ширатылған қауіпсіздік белдігі апат жағдайында тиісті қорғанысты қамтамасыз етпейді.
- Қауіпсіздік белдігі тоғасының қасына ешнәрсе қоймаңыз. Ол жағдайда бұл тоға функциясын бұзуы мүмкін.
- Алдын ала тартқыштарды олар іске қосылғаннан немесе апаттан кейін әрқашан ауыстырыңыз.
- Алдын ала тартқыштарды тексеру, техникалық қызмет көрсету, жөндеу және ауыстыру жұмыстарын ЕШҚАШАН өз бетіңізше орындамаңыз. Алдын ала тартқыштарды тексеру, техникалық қызмет көрсету, жөндеу және ауыстыру жұмыстарын ресми HYUNDAI дилерінде жүргізу ұсынылады.
- Қауіпсіздік белбеуінің механизмін соққыламаңыз.




ЕСКЕРТУ

Қауіпсіздік белдіктерінің алдын ала тартқыштарын қосылғаннан кейін бірнеше минуттай қолмен ұстамаңыз. Қауіпсіздік белбеулерін алдын ала тарту механизмдері іске қосылған кезде жоғары температураға дейін қызады және күйдіруі мүмкін.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Автокөліктің алдыңғы бөлігіндегі санақ жұмыстары қауіпсіздік белдігінің алдын ала тартқышы жүйесінің зақымдалуына әкелуі мүмкін. Сондықтан жүйені ресми HYUNDAI дилерінде жөндеуге кеңес береміз.



ODN8H033057

Алдын ала тартқыштары бар қауіпсіздік белбеулері жүйесі келесі компоненттерден тұрады. Компоненттердің орналасуы жоғарыдағы суретте көрсетілген:

- (1) Қауіпсіздік жастықтарының индикаторы
- (2) Тартқыш құрылғының алдын ала тартқышы
- (3) SRS жүйесін басқару модулі

МӘЛІМДЕМЕ

SRS басқару модулін іске қосатын датчик қауіпсіздік белдіктерінің алдын ала тартқыштарымен де байланысқан. «Engine Start/Stop» түймесін қосу күйіне («ON») ауыстырған кезде аспаптар панеліндегі қауіпсіздік жастықтарының индикаторы шамамен 3-6 секунд жанады, содан кейін сөнуі керек.

Алдын ала тартқыш ақаулы болғанда шам SRS қауіпсіздік жастығы ақаусыз күйде болғанның өзінде де жанып тұра береді. Егер шам жанбаса, сөнбесе немесе автокөліктің қозғалысы кезінде жанса, қауіпсіздік белбеулерін алдын ала тарту құрылғысын және (немесе) SRS басқару модулін мүмкіндігінше тезірек HYUNDAI ресми дилерінде тексеруге кеңес береміз.

Ақпарат

- Алдын ала тартқыштары бар қауіпсіздік белбеулері белгілі бір маңдайлық немесе бүйірлік соқтығысу кезінде қосылуы мүмкін.
- Қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала тартқыштары іске қосылғанда қатты шу шығып, салонда ұсақ шаң мен түтін пайда болуы мүмкін. Бұл қалыпты жағдай болып саналады және қауіп төндірмейді.
- Ұсақ шаң улы емес болса да, терінің тітіркенуін тудыруы мүмкін, сондықтан онымен ұзақ уақыт дем алуға болмайды. Қауіпсіздік белдіктерінің алдын ала тартқыштарының іске қосылуына әкелген апаттан кейін, шаң әсеріне шалдыққан тері бөліктерін сумен мұқият жуып-шаю керек.

Қауіпсіздік белдіктерін қолданған кездегі қосымша сақтық шаралары

Жүктілік кезінде қауіпсіздік белдігін пайдалану

Жүктілік кезінде қауіпсіздік белдігін әрқашан пайдалану керек. Болашақ баланы қорғаудың ең жақсы тәсілі – әрқашан қауіпсіздік белдігін тағу арқылы өзіңізді қорғау.

Жүкті әйелдер әрқашан бел/иық қауіпсіздік белдігін тағулары керек. Ол үшін иық бауын мойыннан мүмкіндігінше алыстатып, омырау арқылы өткізу керек. Бел бауын, құрсақтың жұмырланған бөлігі астынан сан мен жамбас сүйегіне Тығыз жанасып тұратындай, құрсақ астына орналастырыңыз.



ЕСКЕРТУ

- Жүкті әйелдер мен пациенттердің іші күрт тежелу немесе апат кезінде жарақаттануы мүмкін. Егер жүктілік кезінде апатқа ұшырасаңыз, дәрігеріңізбен кеңесіңіз.
- Апат жағдайында болашақ баланың ауыр жарақаттану немесе өліп кету қаупін азайту үшін жүкті әйелдер қауіпсіздік белбеуінің белдік бөлігін болашақ бала жатқан құрсақтан жоғары не құрсақ үстінен орналастырмауы тиіс.

Қауіпсіздік белдігін балаларға тағу

Нәрестелер мен кішкентай балалар

Көптеген елде заң бойынша баланы ұстап тұрушы жүйелер мен балаларды тасымалдауға арналған бустер-орындықтарды қолданылады. Түрлі елдерде баланы ұстап тұрушы жүйелердің орнына қауіпсіздік белбеулері қолданылатын жас әртүрлі болуы мүмкін, бұл жағдайда еліңіздегі және сіз сапар шеккен жердегі белгілі бір талаптарды білу керек. Баланы ұстап тұрушы жүйе дұрыс орналастырылып, артқы орындыққа орнатылуы керек.

Толығырақ мәлімет осы бөлімнің «Баланы ұстап тұрушы жүйе» тарауында берілген.



ЕСКЕРТУ

Нәрестелер мен кішкентай балалар үшін баланың бойы мен салмағына сәйкес келетін баланы ұстап тұрушы жүйе ӨРҚАШАН қолданылуы керек.

Баланың және басқа жолаушылардың ауыр жарақаттануы немесе өлу қаупін азайту үшін автокөлікті жүргізу кезінде баланы ешқашан тізеңізде немесе қолыңызда ұстамаңыз. Апат кезінде үлкен күш жұмсалады, бұның нәтижесінде бала қолыңыздан ұшып кетіп, автокөліктің ішкі бөліктеріне соғылуы мүмкін.

Кішкентай балаларды артқы орындықта қолданылатын елдің қауіпсіздік стандарттарына сәйкес келетін баланы ұстап тұрушы жүйені дұрыс тағып жарақаттан жақсы қорғауға болады. Баланы ұстап тұрушы жүйені сатып алмас бұрын, оның еліңіздің қауіпсіздік стандарттарына сәйкес сертифицикатталғанына көз жеткізіңіз.

Баланы ұстап тұрушы жүйе баланың бойы мен салмағына сәйкес болуы тиіс. Сіз бұл ақпаратты баланы ұстап тұрушы жүйенің жапсырмасында тексере аласыз. Осы бөлімдегі «Баланы ұстап тұрушы жүйе» тарауын қараңыз.

Жасы үлкен балалар

Бустер-орындықтарды енді қолдана алмайтын 13 жасқа толмаған балалар әрқашан артқы орындыққа отыруы керек және штаттық бел/иық белдіктерін қолдануы керек. Баланы мықтап бекіту үшін қауіпсіздік белдігі жамбастың жоғарғы жағынан өтіп, иық пен кеудеге тығыз жанасып тұруы керек. Белбеудің мықтап бекітілгенін мезгіл-мезгіл тексеріп отырыңыз. Бала қозғалған кезде белдік жылжып кетуі мүмкін. Апат болған жағдайда балаларға ең жақсы қауіпсіздікті артқы орындықтарындағы баланы ұстап тұрушы жүйе қамтамасыз етеді.

Егер 13 жастан үлкен бала алдыңғы орындықта отырса, ол штаттық бел/иық қауіпсіздік белдігін тағып отыруы, ал орындық шеткі артқы қүйге келтірілуі тиіс.

Егер қауіпсіздік белдігінің иық бөлігі баланың мойнына немесе бетіне сәл тиіп тұрса, баланы автокөліктің ортасына қарай жылжытып көріңіз. Егер иық бау әлі де баланың бетіне немесе мойнына тиіп тұрса, оны тиісті бустер-орындығы бар артқы орындыққа ауыстыру керек.



ЕСКЕРТУ

- Өрқашан жасы үлкен балалардың қауіпсіздік белбеулерінің тағылғанына және дұрыс реттелгеніне көз жеткізіңіз.
- ЕШҚАШАН иық баудың баланың мойнына немесе бетіне тиіп кетуіне жол бермеңіз.
- Қауіпсіздік белдігін бірнеше балаға тағуға болмайды.

Қауіпсіздік белбеуін жарақаттанған адамдардың пайдалануы

Жарақаттанған адамды тасымалдаған кезде қауіпсіздік белдігін пайдалану керек. Нақты ұсыныстар алу үшін дәрігерге хабарласыңыз.

Бір адамға бір қауіпсіздік белдігі тағылуы керек

Екі адамға (баланы қоса алғанда) бір белбеуді тағуға тыйым салынады. Бұл жағдайда апат кезінде ауыр жарақат алу ықтималдығы артады.

Жатпаңыз

Автокөлікті жүргізу кезінде орындықтың арқалығын шалқайтып отыру қауіпті болуы мүмкін. Арқалықты қайырған кезде, тіпті қауіпсіздік белдігі тағылып тұрса да, қауіпсіздік жүйесінің (қауіпсіздік белдігі және/немесе қауіпсіздік жастықтары) тиімділігі әлдеқайда төмендейді.

Барынша тиімділікті қамтамасыз ету үшін қауіпсіздік белбеулері жамбас пен кеудеге тығыз жанасып тұруы керек.

Апат жағдайында қауіпсіздік белдігіне қатты соғылу қаупі бар, бұл мойын жарақатына не өзге жарақаттарға әкеледі.

Орындық арқалығының шалқаю бұрышы неғұрлым үлкен болса, жолаушы саны бел қауіпсіздік белдігінің астында қозғалуы немесе жолаушының мойны иық бауына ұрынуы ықтималдығы соғұрлым жоғары болады.



ЕСКЕРТУ

- Орындық арқалығын шалқайтып айдауға **БОЛМАЙДЫ**.
- Орындық арқалығы қайрылып тұрғанда автокөлікті басқару соқтығысу не кенеттен тежеу жағдайында ауыр не өлімге әкелетін жарақат алу ықтималдығын арттырады.
- Жүргізуші мен жолаушылар әрқашан арқалықтары тігінен орнатылған орындықтарда дұрыс отыруы және қауіпсіздік белбеулерін тағулары керек.

Қауіпсіздік белбеулеріне күтім жасау

Қауіпсіздік белдіктерінің жүйесін бөлшектеуге не модификациялауға тыйым салынады. Сонымен қатар, қауіпсіздік белбеулері мен олардың компоненттерін орындық ілмектерімен, есіктермен және т.б. зақымдап алмау үшін сақтық шараларын орындау қажет.

Мерзімді тексеріс

Барлық қауіпсіздік белдігін тозық пен зақымның бар-жоғына мерзімді түрде тексеріп тұру керек. Зақымдалған бөлшектерді мүмкіндігінше тезірек ауыстыру керек.

белдіктер таза әрі құрғақ болуы тиіс.

Қауіпсіздік белбеулері таза және құрғақ болуы керек. Егер белбеулер ластанған болса, оларды әлсіз сабын ерітіндісімен және жылы сумен тазалауға болады. Ағартқышты, бояуды, қатты жуғыш заттарды немесе абразивтерді қолдануға болмайды, өйткені олар матаны зақымдауы және әлсіретуі мүмкін.

Қауіпсіздік белдіктерін ауыстыру

Апат жағдайында қауіпсіздік белдігі жиынтығын немесе жиынтықтарын толықтай ауыстыру керек. Бұны тіпті көзге көрінетін зақымдары жоқ болса да, орындау керек. Ресми HYUNDAI дилеріне хабарласқан жөн.

БАЛАНЫ ҰСТАП ТҰРУШЫ ЖҮЙЕ (БҰЖ)

Біздің кеңесіміз: Балаларды тек артқы орындықта тасымалдаңыз



ЕСКЕРТУ

Балаларды әрқашан артқы орындықтарға отырғызып, алдыңғы жолаушылар орындығында қауіпсіздік жастығы ажыратылмаса, белбеуді дұрыс тағыңыз.

Барлық жастағы балаларды артқы орындықта тасымалдау қауіпсіз. Алдыңғы жолаушы орындығындағы бала қауіпсіздік жастығы ашылған кезде қатты жарақаттануы мүмкін, бұл АУЫР ЖАРАҚАТҚА НЕМЕСЕ ӨЛІМГЕ әкелуі мүмкін.

Апат, кенет қатты тежеу немесе кенет маневр нәтижесіндегі жарақаттану қаупін азайту үшін 13 жасқа дейінгі балалар әрқашан артқы орындықтарда отырып, оларға әрқашан белбеу тағылуы тиіс. Апаттар статистикасына сәйкес, алдыңғы орындықтарда отырғанға қарағанда, артқы орындықтардағы белбеу дұрыс тағылған балаларға неғұрлым қауіпсіздік қамтамасыз етіледі. Егер баланы ұстап тұрушы жүйені пайдалану үшін бала тым үлкен болса, штаттық қауіпсіздік белдіктері қолданылуы тиіс.

Көптеген елдерде балаларды мақұлданған баланы ұстап тұрушы жүйелерде тасымалдауды талап ететін нормалар бар. Баланы ұстап тұрушы жүйелердің орнына қауіпсіздік белбеулерін қолдануға болатын жасты немесе бой/салмақ шектеулерін анықтайтын заңдар әртүрлі елдерде әртүрлі болуы мүмкін, сондықтан сіздің елде және сапарға шыққан орнында қолданылатын нақты талаптарды білу керек.

Баланы ұстап тұрушы жүйе дұрыс орналастырылып, артқы орындыққа орнатылуы керек. Сіздің еліңіздің қауіпсіздік стандарттарының талаптарына сәйкес келетін нарықта қолжетімді баланы ұстап тұрушы жүйені пайдалану қажет.

Баланы ұстап тұрушы жүйелер әдетте бел белбеуімен немесе бел/иық белбеуінің бел бөлігімен, сондай-ақ анкерлік белбеумен және/немесе автокөліктің артқы орындықтарындағы ISOFIX бекіткішімен автокөлік орындығына бекітуге арналған.

Баланы ұстап тұрушы жүйе (CRS) әрқашан артқы орындықтарда орнатылады.

Нәрестелер мен кішкентай балалар автокөліктің артқы орындығына қозғалыс бағыты бойынша немесе қозғалыс бағытына қарсы алдын ала бекітілген тиісті баланы ұстап тұрушы жүйелерде бекітілуі керек. Баланы ұстап тұрушы жүйенің өндірушісі ұсынған орнату және пайдалану нұсқауларын оқып, орындаңыз.



ЕСКЕРТУ

- Әрқашан баланы ұстап тұрушы жүйенің өндірушісі ұсынған орнату және пайдалану нұсқауларын орындаңыз.
- Балаға ұстап тұрушы жүйені тиісті түрде тағып қою керек.
- Алынбалы бала орындығын немесе орындық арқалығына «орнатылатын» бала орындығын қолданбаңыз, себебі олар апат жағдайында тиісті қорғанысты қамтамасыз етпейді.
- Апаттан кейін баланы ұстап тұрушы жүйені, қауіпсіздік белбеулерін, бекіткіштерді және анкерлік ISOFIX белбеуін тексеру үшін ресми HYUNDAI дилеріне жолығуға кеңес береміз.

Баланы ұстап тұрушы жүйені (БҰЖ) таңдау

Балаға БҰЖ-ды таңдағанда әрқашан төмендегілерге назар аударыңыз:

- БҰЖ-да сіздің еліңіздің қауіпсіздік стандарттарына сәйкестігін растайтын таңбаның барына көз жеткізіңіз.
- Баланы ұстап тұрушы жүйені баланың бойы мен салмағына қарай таңдау керек. Бұл ақпарат әдетте заттаңбаларда және жүйені пайдалану нұсқаулығында беріледі.
- Таңдалған баланы ұстап тұрушы жүйе оны қолданатын автокөліктің орындықтарына сәйкес келуі керек.
- Баланы ұстап тұрушы жүйемен қоса берілген орнату және пайдалану нұсқауларын оқып, орындаңыз.

Баланы ұстап тұрушы жүйелердің түрлері

Баланы ұстап тұрушы жүйелердің үш негізгі түрі бар: артқа, алға қаратылған және бустер-орындықтар. Олар баланың жасы, бойы мен салмағына сәйкес жіктеледі.



OKUC031030

Артқа қаратылған баланы ұстап тұрушы жүйе

Қозғалыс бағытына қарсы орналасатын баланы ұстап тұрушы жүйе баланың арқасы сүйенетін бет арқылы ұстап тұруды қамтамасыз етеді. Белбеулер жүйесі баланы орнында ұстап тұрады, ал жол-көлік уақиғасы кезінде оны баланы ұстап тұрушы жүйеде ұстап тұрып, мойын мен омыртқаға түсетін салмақты азайтады.

Бір жасқа толмаған балалар әрқашан қозғалыс бағытына қарсы тұрған баланы ұстап тұрушы жүйеде ғана орналасуы тиіс. Артқа қаратылған баланы ұстап тұрушы жүйелердің әртүрлі түрлері бар: тек нәрестелерге арналған баланы ұстап тұрушы жүйелер тек қозғалыс бағытына қарсы орналасуы керек. Артқа қаратылған өзгертілетін баланы ұстап тұрушы жүйелер мен «3-те 1» жүйелерінде әдетте бой мен салмақ шектеулері жоғары болады, бұл балаларды ұзақ уақыт бойы артқа қаратылған жүйелерде тасымалдауға мүмкіндік береді.

Артқа қаратылған баланы ұстап тұрушы жүйелерді балалар өндіруші белгілеген бой мен салмақ шегіне сәйкес келгенше қолдана беріңіз.



OKUC031031

Алға қаратылған баланы ұстап тұрушы жүйе

Алға қаратылған баланы ұстап тұрушы жүйе баланың денесін қауіпсіздік белбеулерімен ұстап тұруды қамтамасыз етеді. Бала үшін баланы ұстап тұрушы жүйенің өндірушісі рұқсат еткен максималды бой мен салмаққа жеткенше алға қаратылған баланы ұстап тұрушы жүйе қолданылуы керек.

Бала алға қаратылған баланы ұстап тұрушы жүйеден өскенде, оны бустер-орындықта тасымалдау керек.

Бустер-орындықтар

Бустер-орындық — бұл қауіпсіздік белбеулері жүйесін бекітуді жақсартуға арналған баланы ұстап тұрушы жүйе. Бустер-орындықты пайдалану қауіпсіздік белдігін баланың ең мықты дене мүшелеріне жанасатындай тағуға мүмкіндік береді. Балаға арналған бустер-орындық қауіпсіздік белбеулерін жастықсыз онсыз қолдануға болатын кезге дейін пайдаланылуы тиіс.

Қауіпсіздік белбеуін тиісті түрде бекіту үшін белбеуі ішті емес, санның жоғарғы бөлігін қамтуы тиіс. Иық белбеуі мойын не бет арқылы емес, иық пен кеудеден өтуі тиіс. Апат, кенет қатты тежеу немесе кенет маневр нәтижесіндегі жарақаттану қаупін азайту үшін 13 жасқа дейінгі балалар әрқашан белбеу тағулары тиіс.

Баланы ұстап тұрушы жүйені (БҰЖ) орнату



ЕСКЕРТУ

Баланы ұстап тұрушы жүйені орнату алдында келесіні орындау керек:

Баланы ұстап тұрушы жүйенің өндірушісі ұсынған нұсқауларды оқып шығыңыз және орындаңыз.

Барлық ескертулер мен нұсқауларды орындамау апат кезінде **АУЫР ЖАРАҚАТ** алу немесе **ӨЛІМ** қаупін арттыруы мүмкін.



ЕСКЕРТУ

Егер баланы ұстап тұрушы жүйені орнатуға орындықтың бассүйегіші кедергі келтірсе, бассүйегішті шешіп алу керек немесе оның биіктігін өзгерту керек.

Балаңыз үшін дұрыс баланы ұстап тұрушы жүйені таңдап оның орындыққа дұрыс орнатылғанын тексергеннен кейін баланы ұстап тұрушы жүйені дұрыс орнату үшін үш негізгі қадамды орындау керек:

- **Баланы ұстап тұрушы жүйені автокөлікте тиісті түрде бекітіңіз.** Барлық баланы ұстап тұрушы жүйелер автокөлікке бел белбеуімен немесе бел/иық белбеуінің бел белбеуімен немесе ISOFIX анкерлік белбеуімен және/немесе ISOFIX бекіткіштерімен және/немесе тірек аяғымен бекітілуі керек.

- **Баланы ұстап тұрушы жүйенің дұрыс бекітілгенін тексеріңіз.** Баланы ұстап тұрушы жүйені орнатқаннан кейін оның мықтап бекітілгенін тексеру үшін оны алға қарай және жан-жаққа еңкейтуге әрекет жасау керек. Баланы ұстап тұрушы жүйе қауіпсіздік белдігімен аса тығыз бекітілуі тиіс. Дегенмен ол жан-жаққа сәл жылжуы мүмкін.

Баланы ұстап тұрушы жүйені орнатқан кезде бала сол баланы ұстап тұрушы жүйеде жайлы отыруы үшін автокөлік орындығын реттеңіз (жоғары/төмен, алға/артқа).

- **Балаға баланы ұстап тұрушы жүйе белдігін тағыңыз.** Баланың өндірушінің нұсқауларына сәйкес баланы ұстап тұрушы жүйеде дұрыс бекітіліп отырғанын тексеріңіз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Жабық автокөліктегі баланы ұстап тұрушы жүйе қатты қызуы мүмкін. Күйік шалмауы үшін баланы ұстап тұрушы жүйеге баланы отырғызбай тұрып, орындық пен тоға бетін тексеріп шығу керек.

Автокөліктің ISOFIX отыратын орындарына арналған баланы ұстап тұрушы жүйе

ЕЭК ережелеріне сәйкес ISOFIX бар баланы ұстап тұрушы жүйелерді орналастыру үшін әртүрлі орындардың жарамдылығы.

Салмақ санаты	Өлшем класы	Бекіту	ISOFIX бар отырғызу орындары						
			1st	2-қатар			3-қатар		
			Жолаушы	Сол қол	Орталық	Оң қол	Сол қол	Орталық	Оң қол
Бесік	F	ISO/L1	Қолданылмайды	X	Қолданылмайды	X	Қолданылмайды	Қолданылмайды	Қолданылмайды
	G	ISO/L2	Қолданылмайды	X	Қолданылмайды	X	Қолданылмайды	Қолданылмайды	Қолданылмайды
0 - 10 КГ дейін	E	ISO/R1	Қолданылмайды	IUF	Қолданылмайды	IUF	Қолданылмайды	Қолданылмайды	Қолданылмайды
0+ : 13 КГ дейін	E	ISO/R1	Қолданылмайды	IUF	Қолданылмайды	IUF	Қолданылмайды	Қолданылмайды	Қолданылмайды
	D	ISO/R2	Қолданылмайды	IUF	Қолданылмайды	IUF	Қолданылмайды	Қолданылмайды	Қолданылмайды
	C	ISO/R3	Қолданылмайды	IUF	Қолданылмайды	IUF	Қолданылмайды	Қолданылмайды	Қолданылмайды
1: 9-18 КГ АРАЛЫҒЫ	D	ISO/R2	Қолданылмайды	IUF	Қолданылмайды	IUF	Қолданылмайды	Қолданылмайды	Қолданылмайды
	C	ISO/R3	Қолданылмайды	IUF	Қолданылмайды	IUF	Қолданылмайды	Қолданылмайды	Қолданылмайды
	B	ISO/F2	Қолданылмайды	IUF	Қолданылмайды	IUF	Қолданылмайды	Қолданылмайды	Қолданылмайды
	B1	ISO/F2X	Қолданылмайды	IUF	Қолданылмайды	IUF	Қолданылмайды	Қолданылмайды	Қолданылмайды
	A	ISO/F3	Қолданылмайды	IUF	Қолданылмайды	IUF	Қолданылмайды	Қолданылмайды	Қолданылмайды

ЕСІК: осы салмақ санатында қолдануға рұқсат етілген әмбебап санаттағы ISOFIX бар алға қаратылған баланы ұстап тұрушы жүйелер үшін қолайлы.

X ISOFIX бар отыратын орын берілген салмақ тобындағы және/немесе берілген өлшем класындағы ISOFIX баланы ұстап тұрушы жүйеге жарамайды.

* ISO/R2 және ISO/R3 тек жолаушылар орындығының шеткі алдыңғы жағында орнатылуы мүмкін.

* ISOFIX баланы ұстап тұрушы жүйелердің өлшемдік кластары мен бекітпелері

A - ISO/F3: Кішкентай балаларға арналған биіктігі толық алға қаратылған БҰЖ (биіктігі 720 мм)

B - ISO/F2: Кішкентай балаларға арналған биіктігі кішірейтілген алға қаратылған БҰЖ (биіктігі 650 мм)

B1 - Екінші нұсқадағы биіктігі кішірейтілген алға қаратылған БҰЖ
ISO/F2X:

Алға қаратылған БҰЖ (биіктігі 650 мм)

C - ISO/R3: Кішкентай балаларға арналған толық өлшемді артқа қаратылған БҰЖ

D - ISO/R2: Кішкентай балаларға арналған кішірейтілген өлшемдегі артқа қаратылған БҰЖ

E - ISO/R1: Нәрестелерге арналған артқа қаратылған БҰЖ

F - ISO/L1: Сол жақ бүйірлік орындыққа арналған алға қаратылған БҰЖ (бесік)

G - ISO/L2: Оң жақ бүйірлік орындыққа арналған алға қаратылған БҰЖ (бесік)

Баланы ұстап тұрушы жүйенің қауіпсіздік белдігі арқылы орындыққа орнатуға жарамдылығы (7 орынды автокөлік үшін)

Өртүрлі отыратын орындардың ЕЭК қағидаларына сәйкес қауіпсіздік белбеулерімен тағылатын әмбебап санаттағы баланы ұстап тұрушы жүйелерді орналастыруға жарамдылығы

Ресми түрде мақұлданған және балаларыңызға сәйкес келетін баланы ұстап тұрушы жүйелерді пайдаланыңыз.

Баланы ұстап тұрушы жүйелерді пайдаланған кезде келесі кестені басшылыққа алыңыз.

Салмақ санаты		Отыратын орын					
		Алдыңғы жолаушы	2-қатар		3-қатар		
			Сол қол	Оң қол	Сол қол	Орталық	Оң қол
0 тобы	10кг дейін	X	U	U	U	Қолданылмайды	U
0+ тобы	13кг дейін	X	U	U	U	Қолданылмайды	U
I тобы	9-18 кг аралығы	X	U	U	U	Қолданылмайды	U
II тобы	15-25 кг аралығы	X	U	U	U	Қолданылмайды	U
III тобы	22-36 кг аралығы	X	U	U	U	Қолданылмайды	U

- U: Осы салмақ санатында қолдануға рұқсат етілген «әмбебап» санаттағы ұстап тұрушы құрылғылар үшін қолайлы
- UF: Осы салмақ санатында қолдануға рұқсат етілген алға қаратылған «әмбебап» санаттағы ұстап тұрушы құрылғылар үшін қолайлы
- L: Қоса берілген тізімде көрсетілген белгілі бір баланы ұстап тұрушы құрылғылар үшін қолайлы. Бұл ұстап тұрушы құрылғылар «белгілі бір автокөлік үшін», «шектеулі пайдалану үшін» немесе «жартылай әмбебап» санаттарына жатқызылуы мүмкін.
- B: Осы салмақ санаты үшін бекітілген кіріктірілген ұстап тұрушы құрылғы
- X: Осы салмақ санатындағы балаларға жарамайтын отыратын орын


Балаларға арналған ISOFIX бекіткіші және зәкірлі белдік бекіткіші (ISOFIX бекіту жүйесі)

ISOFIX жүйесі қозғалыс кезінде және апат кезінде баланы ұстап тұрушы құрылғыны ұстайды. Жүйе баланы ұстап тұрушы жүйені орнатуды жеңілдетуге және оны дұрыс орнатпау мүмкіндігін азайтуға арналған. ISOFIX жүйесі автокөлікте қарастырылған баланы ұстап тұрушы жүйенің бекіткіштері мен тетіктерін пайдаланады. ISOFIX жүйесі баланы ұстап тұрушы жүйені артқы орындықтарға бекіту үшін қауіпсіздік белдіктерін қолдану қажеттілігін жояды.

ISOFIX бекіткіштері автокөлікке кірістірілген металл ілмектер болып табылады. ISOFIX жүйесін орнатудың әрбір орны үшін екі төменгі бекіткіш қарастырылған, олар баланы ұстап тұрушы жүйе бекіткішінің төменгі бөлшектеріне арналған.

Автокөліктің ISOFIX жүйесін пайдалану үшін ISOFIX бекіткіштері бар баланы ұстап тұрушы жүйені сатып алу қажет. (ISOFIX баланы ұстап тұрушы жүйесін ECE-R44 немесе ECE-R129 талаптарына сәйкес белгілі бір автокөлік үшін мақұлданған немесе әмбебап мақұлдауға ие болған жағдайда ғана орнатуға болады).

Баланы ұстап тұрушы жүйенің өндірушісі баланы ұстап тұрушы жүйені ISOFIX анкерлік бекіткіштеріне бекіту бойынша нұсқаулар беруге міндетті.



OKUC031032

ISOFIX бекіткіштері шеткі сол және шеткі оң жақ артқы отыратын орындарға кірістірілген. Олардың орналасқан орындары суретте көрсетілген.



ЕСКЕРТУ

Баланы ұстап тұрушы жүйені ISOFIX анкерлік бекіткіштерімен артқы орталық орындыққа орнатуға әрекеттенбеңіз. Ол ISOFIX бекіткіштерімен жабдықталмаған. Артқы отыратын орынға баланы ұстап тұрушы жүйені орнату үшін шеткі орындықтардың бекіткіштерін пайдалану бекіткіштердің зақымдалуына әкелуі мүмкін.



OKUC031033

[A]: ISOFIX бекіткіші күйінің индикаторы

[B]: ISOFIX бекіткіші

Сол және оң жақ артқы орындықтардың көпшіктерінде автокөліктегі ISOFIX бекіткіштерінің орнын көрсететін таңбалар бар (суреттегі көрсеткілерді қараңыз).

Артқы бүйірлік орындықтардың екеуі де ISOFIX бекіткіштерімен, сондай-ақ артқы орындықтардың артқы жағындағы тиісті анкерлік белбеумен жабдықталған.

(ECE-R44 немесе ECE-R129 сәйкес әмбебап мақұлдауы бар баланы ұстап тұрушы жүйелер артқы орындықтардың артқы жағына жалғанған анкерлік белбеумен қосымша бекітілуі керек).

ISOFIX бекіткіштері артқы орындықтардың арқалығы мен көпшігі арасында орналасқан (сол және оң жақтағы шеткі орындықтар).

ISOFIX бекіткіштерін пайдалану үшін ISOFIX бекіткіші қақпағының жоғарғы бөлігін басыңыз.

ISOFIX бекіту жүйесі арқылы баланы ұстап тұрушы жүйені бекіту

i-Size немесе ISOFIX стандартына сәйкес келетін баланы ұстап тұрушы жүйені артқы бүйірлік орындықтардың кез келгеніне немесе шеткі алдыңғы жолаушылар орындығына (бар болса) орнату үшін:

1. Қауіпсіздік белбеуінің ілмегін ISOFIX бекіткішінен шетке қарай жылжытыңыз.
2. Баланы ұстап тұрушы жүйені ISOFIX бекіткіштеріне мықтап жалғауға кедергі келтіретін барлық затты алып тастаңыз.
3. Баланы ұстап тұрушы жүйені автокөліктің орындығына орнатып, баланы ұстап тұрушы жүйе өндірушісінің нұсқауларына сәйкес орындықты ISOFIX бекіткіштеріне жалғаңыз.
4. Баланы ұстап тұрушы жүйедегі ISOFIX бекіткіштерін ISOFIX бекіткіштеріне дұрыс орнатуға және жалғауға қатысты баланы ұстап тұрушы жүйе өндірушісінің нұсқауларын орындаңыз.



ЕСКЕРТУ

ISOFIX жүйесін пайдаланған кезде келесі сақтық шараларын орындау керек.

- Баланы ұстап тұрушы жүйемен қоса берілген орнату нұсқауларын оқып, орындаңыз.
- Бала тартылмаған қауіпсіздік белбеулеріне қол жеткізуі және ұстауы мүмкін, сондықтан барлық қолданылмайтын қауіпсіздік белбеулерін тағып, баланың артындағы қауіпсіздік белбеуінің бауларын тартып қою керек. Егер иық белбеу мойынға оралып, қауіпсіздік белдігі тартылса, балалар қылқынып қалуы мүмкін.
- ЕШҚАШАН бір бекіткішке бірнеше баланы ұстап тұрушы жүйені бекітпеңіз. Бұл бекіткіштің босауына немесе бұзылуына алып келуі мүмкін.
- Апаттан кейін әрқашан дилерде ISOFIX жүйесін тексеріңіз. Апат ISOFIX жүйесін зақымдауы және баланы ұстап тұрушы жүйенің дұрыс бекітілмеуіне әкелуі мүмкін.

Баланы ұстап тұрушы жүйені анкерлік белбеу арқылы бекіту

■ 2-қатардағы жолаушылар орындығы



OKUC031034

■ 2-қатардағы жолаушылар орындығы және VIP



OKUC031063

Баланы ұстап тұрушы жүйелерге арналған анкерлік бекіткіштер орындық арқалықтарының артқы жағында және алдыңғы жолаушы орындығы арқалығының артқы жағында (бар болса) орналасқан.



OKUC031035

1. Баланы ұстап тұрушы жүйенің анкерлік белдігінің бауын орындықтың арқалығынан өткізіңіз. Анкерлік белбеудің бауын орнатқан кезде баланы ұстап тұрушы жүйені өндірушінің нұсқауларын орындаңыз.
2. Анкерлік белбеудің бауын анкерлік бекіткішке жалғаңыз, содан кейін оны орындыққа мықтап бекіту үшін анкерлік белдіктің бауын баланы ұстап тұрушы жүйені өндірушінің нұсқауларына сәйкес тартыңыз.



ЕСКЕРТУ


Анкерлік белдікті реттеу кезінде келесі сақтық шараларын қолданыңыз:

- Баланы ұстап тұрушы жүйемен қоса берілген орнату нұсқауларын оқып, орындаңыз.
- ЕШҚАШАН бір анкерлік белдікке бірнеше баланы ұстап тұрушы жүйені орнатпаңыз. Бұл бекіткіштің босауына немесе бұзылуына алып келуі мүмкін.
- Анкерлік белдікті арнайы арналғаннан басқа анкерлік бекіткіштеріне бекітуге тыйым салынады. Дұрыс бекітілмесе, белбеу мықтап бекітілмеуі мүмкін.
- Баланы ұстап тұрушы жүйенің бекіткіштері тек баланы ұстап тұрушы жүйені дұрыс орнатқан кезде пайда болатын жүктемелерге арналған.

Оларды штаттық қауіпсіздік белдіктерін бекіту үшін немесе автокөліктегі басқа заттарды немесе жабдықтарды бекіту үшін пайдалануға жол берілмейді.

Бел/иық қауіпсіздік белдігін қолдана отырып, баланы ұстап тұрушы жүйені бекіту

Егер ISOFIX жүйесі қолданылмаса, онда барлық баланы ұстап тұрушы жүйелер артқы орындыққа бел/иық қауіпсіздік белдігімен бекітілуі тиіс.




ОНІ038145

Баланы ұстап тұрушы жүйені бел/иық қауіпсіздік белдігін пайдаланып орнату

Артқы орындықтарға баланы ұстап тұрушы жүйені орнату үшін мына қадамдарды орындаңыз:

1. Баланы ұстап тұрушы жүйені артқы орындыққа орнатыңыз және баланы ұстап тұрушы жүйені өндірушісінің нұсқауларын орындай отырып, бел/иық белдікті баланы ұстап тұрушы жүйенің айналасына немесе үстінен өткізіңіз. Қауіпсіздік белдігінің таспасы бұралмағанына көз жеткізіңіз.



ОНІ038146

2. Бел/иық қауіпсіздік белдігінің құлпын ілмекке бекітіңіз. Сырт еткен дыбыс анық естілетін болады.

Ақпарат

Ілмек түймесін төтенше жағдайда оған оңай қол жеткізе алатындай етіп орналастырыңыз.




ОНІ038183L

3. Иық белдігін қайтадан тартқыш құрылғыға сала отырып, баланы ұстап тұрушы жүйеге басып, белдікті мүмкіндігінше қатайтыңыз.
4. Баланы ұстап тұрушы жүйені оның қауіпсіздік белдігімен нық бекітілгеніне көз жеткізу үшін жан-жаққа жылжытуға әрекет жасаңыз.

Егер баланы ұстап тұрушы жүйені өндіруші анкерлік белбеуді бел/иық қауіпсіздік белдігімен бірге пайдалануды ұсынса, <?>-бетті қараңыз.

Баланы ұстап тұрушы жүйені шешіп алу үшін ілмектегі бекіту түймесін басыңыз, содан кейін бел/иық белдігін баланы ұстап тұрушы жүйеден тартып алып, қауіпсіздік белдігінің толығымен тартылуына мүмкіндік беріңіз.

ҚАУІПСІЗДІК ЖАСТЫҒЫ — ПАССИВТІ ҚАУІПСІЗДІК ЖҮЙЕСІ



Автокөліктегі қауіпсіздік жастықтарының нақты жинақтамасы суреттегіден өзгеше болуы мүмкін.

OKUC031036

- 1. Жүргізушінің алдыңғы қауіпсіздік жастығы
- 2. Жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы

- 3. Бүйірлік қауіпсіздік жастығы
- 4. Бүйірлік қауіпсіздік қалқасы*

* : бар болса

Автокөлік жүргізуші мен алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастықтары жүйесімен жабдықталған. Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары үш нүктелі қауіпсіздік белдіктеріне қосымша ретінде жасалған.

Қауіпсіздік жастықтарын пайдаланған кезде жоғары қорғанысты қамтамасыз ету үшін қауіпсіздік белдіктері әрқашан тағылуы керек.

Тағылмаған қауіпсіздік белдіктері ауыр жарақатқа немесе өлімге әкелуі мүмкін. Қауіпсіздік жастықтары қауіпсіздік белдіктерін толықтыруға арналған, бірақ оларды алмастыра алмайды. Оған қоса, қауіпсіздік жастықтары әр соқтығыс сайын іске қосылмайды. Кейбір апаттарда қауіпсіздік белдіктері жалғыз қорғаныс болып табылады.



ЕСКЕРТУ

ҚАУІПСІЗДІК БЕЛДІКТЕРІН ҚОЛДАНҒАН КЕЗДЕГІ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

ӘРҚАШАН қауіпсіздік белдіктері мен баланы ұстап тұрушы жүйелерді қолданыңыз - әр сапарда, кез келген уақытта, барлық жолаушылар үшін! Қауіпсіздік жастықтары болған кезде де, егер сіз қауіпсіздік жастығы іске қосқан кезде белдікті дұрыс тақпасаңыз немесе қауіпсіздік белдігін тақпасаңыз, соқтығысу кезінде ауыр немесе өлімге жетелейтін жарақат алуыңыз мүмкін.

Егер қауіпсіздік жастығы ажыратылмаған болса, баланы ешқашан баланы ұстап тұрушы жүйеге немесе алдыңғы жолаушылар орындығына бустер-орындыққа отырғызбаңыз.

Қауіпсіздік жастығы іске қосылғанда сәбиді не баланы қатты соғып, ауыр не өлімге әкелетін жарақат алудың себебі болуы мүмкін.

Артқы орындықта 13 жасқа дейінгі балаларға әрқашан белбеу тағу керек. Бұл кез келген жастағы балаларға неғұрлым қауіпсіз орын болып табылады. Егер 13 жастағы не осы жастан асқан баланы алдыңғы орындықта отырғызу керек болса, оған қауіпсіздік белдігін тағу керек, ал орындық мүмкіндігінше алыстау артқа жылжытылуы тиіс.

Автокөлік тоқтағанша және қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда, барлық жолаушылар мен жүргізуші орындықтың арқасына тіреліп, қауіпсіздік белдіктерін тағып тік отыруы керек, аяқтары ыңғайлы созылып, табандары еденге тірелуі керек. Егер жолаушы апат кезінде дұрыс емес күйде отырса, қауіпсіздік жастығы іске қосылған кезде оны қатты ұрып, ауыр немесе өлімге жетелейтін жарақаттар әкелуі мүмкін.

Жүргізуші мен жолаушылар ешқашан қауіпсіздік жастықтарына тым жақын отырмауы не еңкеймеуі немесе есіктерге не орталық консольге сүйенбеуі керек.

Орындықты, автокөлікті басқара отырып, алдыңғы қауіпсіздік жастықтарынан мүмкіндігінше алыстау орналастыру керек.

Қауіпсіздік жастықтарының орналасуы

Жүргізуші мен жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастықтары

■ Жүргізушінің алдыңғы қауіпсіздік жастығы



OKUC033037L

■ Жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы



OKUC031038

Сіздің автокөлігіңіз пассивті қауіпсіздік жүйесімен (SRS) және жүргізуші мен жолаушы орындықтарына арналған бел/иық белдіктермен жабдықталған.

SRS жүйесі рульдің ортасына және жолаушы жақтағы алдыңғы панельдегі ұсақ-түйек тартпасының үстіне орнатылған қауіпсіздік жастықтарынан тұрады.

Қауіпсіздік жастықтары жапсырма қақпақтарында AIR BAG әріптері түрінде таңбаланған.

Пассивті қорғаныс жүйесі қауіпсіздік белдіктері жүйесінен басқа, аса ауыр маңдайлық соқтығысу жағдайында автокөліктің жүргізушісі мен алдыңғы жолаушыны қосымша қорғаныспен қамтамасыз ету үшін арналған




ЕСКЕРТУ

Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары іске қосылған кезде ауыр немесе өлімге әкелетін жарақат алу қаупін азайту үшін келесі сақтық шараларын қолданыңыз:


- Қауіпсіздік белдіктері жолаушыларды тиісті күйде ұстап тұруы үшін ылғи тағылып тұруы керек.
- Орындықты, автокөлікті басқара отырып, алдыңғы қауіпсіздік жастықтарынан мүмкіндігінше алыстау орналастыру керек.
- Есікке немесе орталық консольге сүйенбеген жөн.
- Алдыңғы жолаушыға аяқтарын аспаптар панеліне қоюға рұқсат бермеу керек.
- Рульдегі қауіпсіздік жастықтары модульдерінің, аспаптар панелінің, алдыңғы әйнектің және ұсақ-түйек тартпасының үстіндегі алдыңғы жолаушы панелінің үстінде немесе жанында қандай да бір заттарды (мысалы, амортизациялағыш жастықшалар, ұялы телефон ұстағыш, сусын ұстағыш, ауа тазартқыштар немесе жапсырмалар) орналастыруға тыйым салынады. Егер автокөлік қауіпсіздік жастықтары іске қосылатындай жеткілікті ауыр апатқа ұшыраса, мұндай заттар жарақаттану себебіне айналуы мүмкін.
- Алдыңғы әйнек пен ішкі айнаға ешқандай заттарды бекітпеңіз.

Бүйірлік қауіпсіздік жастығы

■ Бүйірлік қауіпсіздік жастығы



OKUC031039



OKUC033059L

Сіздің автокөліктің әр алдыңғы орындығында бүйірлік қауіпсіздік жастықтары бар. Қауіпсіздік белдіктері жүйесінен басқа, қауіпсіздік жастықтары жүргізуші мен алдыңғы жолаушының қосымша қорғанысын қамтамасыз ету үшін арналған.

Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары белгілі бір бүйірлік соқтығыстар кезінде іске қосылады, яғни соқтығыс қарқындылығына, бұрышына, жылдамдық пен соққы орнына байланысты.



ЕСКЕРТУ


Бүйірлік және алдыңғы орталық қауіпсіздік жастықтары іске қосылған кезде ауыр немесе өлімге әкелетін жарақат алу қаупін азайту үшін келесі сақтық шараларын қолданыңыз:

- Қауіпсіздік белдіктері жолаушыларды тиісті күйде ұстап тұруы үшін ылғи тағылып тұруы керек.
- Жолаушыларға баспен не денемен есікке сүйенуге, қолды есікке қоюға, қолды терезеден шығаруға немесе қандай да бір заттарды есіктер мен орындықтар арасына қоюға рұқсат бермеу керек.
- Қол мен қолдың буынын жарақаттау қаупін азайту үшін қолыңызды рульде "9 сағат" және "3 сағат" күйінде ұстаңыз.
- Қосымша орындық қаптарын пайдаланбаңыз. Бұл жүйенің тиімділігінің төмендеуіне әкелуі мүмкін.
- Киімнен басқа заттарды ілмектерге ілмеңіз. Апат болған жағдайда, бұл автокөлікке зақым келтіруі немесе жарақаттану себебіне айналуы мүмкін, әсіресе қауіпсіздік жастығы іске қосылған кезде.
- Қауіпсіздік жастықтарына немесе өзіңіз бен қауіпсіздік жастығының арасына ешбір затты қоймау керек. Сонымен бірге қауіпсіздік жастықтары ашылатын аймақтың айналасына, мысалы, есіктің жанына, есіктердің терезелерінің, сондай-ақ алдыңғы және артқы тіреудің айналасына қандай да бір заттарды қоюға тыйым салынады.
- Есік пен орындық арасына ешқандай заттар қойылмауы тиіс. Бүйірлік қауіпсіздік жастығы ашылған кезде ауыр жарақаттануыңыз мүмкін.
- Қандай да бір қосымша жабдықты қауіпсіздік жастығының бүйір жағына не қасына қоюға болмайды.
- «Engine Start/Stop» түймесі «ON» немесе «START» күйінде болса, есіктерді ұрмаңыз, себебі бұл бүйірлік қауіпсіздік жастықтарының іске қосылуына себеп болуы мүмкін.
- Егер орындық немесе орындық қабы зақымдалған болса, HYUNDAI ресми дилерінде жүйеге техникалық қызмет көрсетуді ұсынамыз.

Бүйірлік қауіпсіздік қалқалары (бар болса)



OTM030031



OKUC031064

Қауіпсіздік қалқалары алдыңғы және артқы есіктердің үстіндегі төбенің екі рейлінгісінің бойында орналасқан.

Олар белгілі бір бүйірлік соқтығыстар кезінде алдыңғы және артқы бүйірлік орындықтардағы жолаушылардың бастарын қорғауға арналған.

Қауіпсіздік қалқалары белгілі бір бүйірлік соқтығыстар кезінде іске қосылады, яғни соқтығыс қарқындылығына, бұрышына, жылдамдық пен соққы орнына байланысты.



ЕСКЕРТУ


Қауіпсіздік қалқасы іске қосылған кезде ауыр немесе өлімге әкелетін жарақат алу қаупін азайту үшін келесі сақтық шараларын қолданыңыз:

- Барлық жолаушылар әрқашан оларды тиісті күйде ұстап тұратын қауіпсіздік белдіктерін тағулары керек.
- Баланы ұстап тұрушы жүйе есіктен мүмкіндігінше алыстау тиісті түрде бекітіліп тұруы тиіс.
- Қауіпсіздік жастығының үстіне ешқандай заттарды қоймаңыз. Сонымен бірге қауіпсіздік жастықтары ашылатын аймақтың айналасына, мысалы, есіктің жанына, есіктердің терезелерінің, алдыңғы және артқы тіреудің, төбенің арқалығының айналасына қандай да бір заттарды қоюға тыйым салынады.
- Ілмектерге киімнен басқа ештеңе ілмеңіз, әсіресе ауыр және нәзік заттарды.

Апат болған жағдайда бұл автокөліктің зақымдалуына немесе жарақаттануға әкелуі мүмкін.

- Жолаушыларға баспен не денемен есікке сүйенуге, қолды есікке қоюға, қолды терезеден шығаруға немесе қандай да бір заттарды есіктер мен орындықтар арасына қоюға рұқсат бермеу керек.
- Бүйірлік қауіпсіздік қалқаларын өз бетіңізше ашуға немесе жөндеуге тырыспаңыз. Қажет болса, қауіпсіздік қалқасын HYUNDAI ресми дилерінде тексеру ұсынылады.

Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің жұмыс істеу қағидасы



OKUC031060

Пассивті қауіпсіздік жүйесі келесі компоненттерден тұрады:

- (1) Жүргізушінің алдыңғы қауіпсіздік жастығының модулі
- (2) Жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының модулі
- (3) Бүйірлік қауіпсіздік жастықтарының модульдері
- (4) Қауіпсіздік қалқаларының модульдері*
- (5) Тартқыш құрылғының алдын ала тартқышы
- (6) Қауіпсіздік жастықтарының индикаторы
- (7) Пассивті қауіпсіздік жүйесін басқару модулі (SRSCM)
- (8) Маңдайлық соққы датчиктері
- (9) Бүйірлік соққы датчиктері

* : Бар болса

Оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйінде болған кезде SRSCM модулі пассивті қауіпсіздік жүйесінің барлық компоненттерінің күйін үнемі бақылайды және соқтығысу кезіндегі соққы күшіне сүйене отырып, қауіпсіздік жастықтарын немесе қауіпсіздік белдігін алдын-ала тарту механизмін іске қосу қажеттілігін анықтайды.



Пассивті қауіпсіздік жүйесінің индикаторы

Пассивті қауіпсіздік жүйесінің индикаторы аспаптар панелінде суретте көрсетілген таңба түрінде көрсетіледі. Жүйе электр компоненттерінің дұрыс жұмыс істеп тұрғанын тексереді. Индикатордың іске қосылуы қауіпсіздік жастықтары жүйесінің ақаулығын көрсетеді.



ЕСКЕРТУ

Егер пассивті қауіпсіздік жүйесі ақаулы болса, қауіпсіздік жастықтары апат жағдайында дұрыс ашылмай, ауыр жарақат алу не өлім қаупін арттырады.

Төменде көрсетілген шарттардың кез келгені пассивті қауіпсіздік жүйесінің ақаулығын көрсетеді.

- «Engine Start/Stop» түймесін «ON» күйіне ауыстырған кезде шам шамамен 3-6 секунд ішінде жанбайды.
- Шам жанғаннан кейін шамамен үш-алты секунд бойы қосұлы қалады.
- Автокөлік қозғалған кезде индикатор жанады.
- Қозғалтқыш істеп тұрғанда шам жыпылықтайды.

Жоғарыда аталған шарттардың кез келгені болған жағдайда, SRS жүйесін тексеру үшін мүмкіндігінше тезірек ресми HYUNDAI дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

Орташа және қатты бетпе-бет соғысу жағдайында датчиктер автокөліктің күрт баяулауын тіркейді. Егер баяулау жылдамдығы жеткілікті түрде жоғары болса, онда басқару блогы қажетті уақытта және қажетті күшпен алдыңғы қауіпсіздік жастықтарын іске қосады.

Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары жүргізуші мен алдыңғы жолаушыны қауіпсіздік белдіктері жеткілікті бекітуді қамтамасыз ете алмайтын алдыңғы соққыларға жауап беру арқылы қорғауға көмектеседі. Қажет болса, бүйірлік қауіпсіздік жастықтары бүйірлік соқтығысу жағдайында дененің бүйірлік жоғарғы жағын ұстай отырып, қосымша қорғанысты қамтамасыз етеді.

- Қауіпсіздік жастықтары «Engine Start/Stop» түймесі «ON» күйінде болған кезде іске қосылады (қажет болған жағдайда іске қосылуы мүмкін).
- Қауіпсіздік жастықтары жүргізуші мен жолаушыларды ауыр жарақаттардан қорғау мақсатында нақты маңдайлық не бүйірлік соқтығыстар кезінде іске қосылады.
- Қауіпсіздік жастықтары іске қосылатын белгілі бір жылдамдық жоқ. Жастықтар әдетте соққының күші мен бағыты негізінде ашылады. Осы екі факторға сүйене отырып, датчик қауіпсіздік жастығын ашу үшін электрондық сигнал шығарады.
- Қауіпсіздік жастықтарының іске қосылуы бірқатар факторларға байланысты, соның ішінде автокөліктің жылдамдығы, соққы бұрышы, көлік құралдарының немесе автокөлік соқтығысу кезінде соғылған заттардың тығыздығы мен қаттылығы. Анықтаушы факторлар жоғарыда аталғандармен шектелмейді.

- Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары өте қысқа уақыт ішінде толығымен үрленіп, босайды. Апат кезінде қауіпсіздік жастықтарының іске қосылғанын көру мүмкін емес. Соқтығысқаннан кейін сіз модульдерінен салбырап тұрған қауіпсіздік жастықтарын көріңіз мүмкін.

- Тиісті қорғанысты қамтамасыз ету үшін қауіпсіздік жастықтары лезде үрленуі тиіс. Қауіпсіздік жастықтарын үрлеу жылдамдығы жолаушы осы құрылымдарға соғылғанға дейін жолаушы мен автокөлік құрылымдары арасында жастық үрленуі тиіс өте аз уақытқа байланысты. Мұндай үрлеу жылдамдығы ауыр немесе өмірге қауіп төндіретін жарақат алу қаупін азайтады және қауіпсіздік жастығы құрылымының қажетті бөлігі болып табылады.

Дегенмен, қауіпсіздік жастықтарының жылдам іске қосылуы жарақатқа, соның ішінде беттің жаралануына, жараларға және сүйектердің сынуына әкелуі мүмкін, өйткені жастықтар мұндай жылдамдықпен іске қосылғанда қауіпсіздік жастығынан түсетін соққы айтарлықтай күшті болуы мүмкін.

- Кейбір жағдайларда қауіпсіздік жастығымен жанау өлімге әкелетін жарақатқа әкелуі мүмкін, әсіресе қауіпсіздік жастығына тыс жақын отырған жағдайда.

Қауіпсіздік жастығы ашылған кезде жарақаттану қаупін азайту үшін нақты сақтық шараларын қолдануға болады. Ең үлкен қауіп – қауіпсіздік жастығына тым жақын орналасу. Қауіпсіздік жастығын үрлеу үшін кеңістік қажет. Жүргізушіге автокөлікті басқа отырып, рульдің ортасынан мүмкіндігінше алыстау отыруға кеңес береміз.

■ Жүргізушінің алдыңғы қауіпсіздік жастығы (1)



ODN8039077L

SRSCM жүйесі автокөліктің алдыңғы бөлігіне келген соққының ауырлығын анықтаған кезде, ол автоматты түрде алдыңғы қауіпсіздік жастықтарын ашады.

■ Жүргізушінің алдыңғы қауіпсіздік жастығы (2)



ODN8039078L

Іске қосылғаннан кейін қауіпсіздік жастықтары кеңейген кезде қысымнан дараланатын жұмсақ қақпақ тігістері жыртылады. Қақпақтардың кейінгі ашылуы қауіпсіздік жастықтарының толық ашылуына мүмкіндік береді.

Қауіпсіздік жастығының толық ашылуы тиісті түрде тағылған қауіпсіздік белдіктерімен бірге, жүргізушінің не алдыңғы жолаушының алға қарай жылжуын баяулатады және бас не кеуде қуысының жарақаттану қаупін азайтады.

■ Жүргізушінің алдыңғы қауіпсіздік жастығы (3)



ODN8039079L

■ Жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы



ODN8039080L

Толық ашылған соң жастықтың ішіндегі жел бірден шығып, жүргізушіге көру және қажет болғанда автокөлікті басқару мүмкіндігін қамтамасыз етеді.



ЕСКЕРТУ

Жолаушының қауіпсіздік жастығы ашылған кезде заттармен жарақаттанбау үшін:

- Жолаушының қауіпсіздік жастығы орналасқан ұсақ-түйек тартпасының үстіндегі алдыңғы жолаушы панеліне қандай да бір заттарды (стақанқойғыш, ықшам-дискілер ұстағышы, заттаңбалар және т.б.) қоймаған жөн.
- Сұйық ауа тазартқышы бар ыдысты аспаптар панелінің жанына немесе аспаптар панелінің бетіне қоймаңыз.

Қауіпсіздік жастықтары ашылғаннан кейін не болады

Алдыңғы немесе бүйірлік қауіпсіздік жастықтарының ішіндегі ауа олар ашылғаннан кейін өте тез шығады. Қауіпсіздік жастығының ашылуы жүргізушіге алдыңғы әйнек арқылы көруге немесе автокөлікті басқаруға кедергі келтірмейді. Ашылған бүйірлік қауіпсіздік қалқалары біраз уақыт жартылай үрленіп тұруы мүмкін.



ЕСКЕРТУ

Қауіпсіздік жастықтары іске қосылған соң келесі сақтық шараларын қолданыңыз:

- Соққыдан кейін бірден терезелер мен есіктерді ашып, үрлемелі қауіпсіздік жастығынан шығатын түтін мен ұнтақтың ұзақ әсерін азайтыңыз.
- Қауіпсіздік жастығы модулінің ішкі компоненттерін жастық іске қосылғаннан кейін бірден қолмен ұстамаған жөн. Қауіпсіздік жастығы ашылған соң бұл бөлшектер тым ыстық болуы мүмкін.
- Өрқашан терінің ашық жерлерін суық сумен және әлсіз сабынды сумен шайыңыз.
- Қауіпсіздік жастығы іске қосылғаннан кейін бірден оны ауыстыру үшін ресми HYUNDAI дилеріне хабарласуды ұсынамыз. Қауіпсіздік жастықтары бір рет қолдануға арналған.

Қауіпсіздік жастығы ашылған кездегі шу мен түтін

Қауіпсіздік жастықтарының ашылуы қатты дыбыспен бірге жүреді, ал автокөлік салонында түтін мен ұнтақ пайда болуы мүмкін. Бұл қауіпсіздік жастығы модулінің газ генераторы іске қосылған кездегі қалыпты жағдай болып табылады. Қауіпсіздік жастығы ашылғаннан кейін кеуде қуысының қауіпсіздік белдігімен және қауіпсіздік жастығымен жанасуынан дем алғанда, сонымен қатар түтінмен және ұнтақпен дем алғанда жайсыздық сезілуі мүмкін. Кейбір адамдарда ұнтақ демікпе ұстамасын тудыруы мүмкін. Қауіпсіздік жастығы іске қосылғаннан кейін дем алуда қиындықтар туындаса, дереу медициналық көмекке жүгініңіз.

Түтін мен ұнтақ улы болмаса да, олар теріні, көзді, мұрынды, көмейді және т.б. тітіркендіруі мүмкін. Бұл жағдайда дереу суық жуынып шайыну керек, ал егер симптомдар сақталса, медициналық көмекке жүгініңіз.

Баланы ұстап тұрушы жүйені алдыңғы жолаушылар орындығына орнатпаңыз.



OTLC035120

Қауіпсіздік жастығы ажыратылмаса, алдыңғы жолаушы орындығына баланы ұстап тұрушы жүйені орнатпаңыз



ЕСКЕРТУ

ЕШҚАШАН алдыңғы жағында **БЕЛСЕНДІ ҚАУІПСІЗДІК ЖАСТЫҒЫ** бар орындыққа артқа қаратылған баланы ұстап тұрушы жүйені орнатпаңыз. Бұл **БАЛАНЫҢ АУЫР ЖАРАҚАТТАНУЫНА** немесе **ӨЛІМІНЕ** әкелуі мүмкін.

Соқтығыс кезінде неліктен қауіпсіздік жастығы ашылмады?

Қауіпсіздік жастықшаларының ашылуынан қосымша қорғаныс қажет болмайтын апаттардың кейбір түрлері бар. Оларға арттан келген соққылар, бірнеше көлік құралдары қатысатын апаттар кезіндегі қайталама соқтығысулар, сондай-ақ төмен жылдамдықтағы соқтығысулар жатады. Автокөліктің зақымдануы соқтығыс кезіндегі қуаттың сіңірілуін көрсетеді және қауіпсіздік жастығының істеп кетуі тиіс болғанының белгісі болып табылмайды.

Қауіпсіздік жастықтары үшін соқтығыс датчиктері



ЕСКЕРТУ

Нәтижесінде ауыр жарақат не өлім орын алуы мүмкін қауіпсіздік жастықтарының күтпеген жерден істеп кету қаупін азайту үшін:

- Қауіпсіздік жастықтары не датчиктер орнатылған орындарды соққыға ұшыратпау керек.
- Қауіпсіздік жастықтары датчиктерінде немесе олардың жанында техникалық қызмет көрсету жұмыстарын жүргізбеңіз. Датчиктерді орнату бұрыштары өзгерген жағдайда қауіпсіздік жастықтары қажет болмайтын кезде ашылуы немесе қажетті уақытта ашылмауы
- Түпнұсқа емес немесе эквивалентті емес Hyundai бөлшектерімен бампердің қорғаныс элементтерін орнату бамперлердің тиімділігін төмендетіп, соқтығысу кезінде қауіпсіздік жастықтарының жұмысына әсер етуі мүмкін.

Қауіпсіздік жастықтары жүйесі дұрыс жұмыс істеуі үшін бамперді түпнұсқа Hyundai бөлігімен немесе автокөлігіңізге ұсынылған аналогпен (түпнұсқа бөлік) ауыстыру ұсынылады.
- Автокөлікті сүйреу кезінде қауіпсіздік жастықтары байқаусызда іске қосылмауы үшін қозғалтқыштың «Engine Start/Stop» түймесін «OFF» немесе «ACC» күйіне ауыстырып, 3 минут күтіңіз.
- Қауіпсіздік жастықтары жүйесіне жүргізілетін барлық жөндеу жұмыстарын ресми HYUNDAI дилері жасағаны жөн.



OKUC031040/OKUC031041/OKUC031042/OKUC031043/OKUC031048/OKUC031049

1. SRS жүйесін басқару модулі
2. Маңдайлық соққы датчигі

3. Бүйірлік соққы датчигі (жылдамдықты үдету)
4. Бүйірлік соққы датчигі (жылдамдықты үдету)

Қауіпсіздік жастығының ашылу шарттары




OKUC031050

Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары

Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары маңдайлық соқтығысу кезінде оның қарқындылығына қарай іске қосылады.



OKUC031044



OTM030033

Бүйірлік жастықтар және қауіпсіздік қалқалары

Бүйірлік жастықтар мен қауіпсіздік қалқалары соқтығысты тіркеу кезінде бүйірлік соққы датчиктері арқылы соққы қарқындылығына қарай іске қосылады.

Жүргізуші мен алдыңғы жолаушы арналған қауіпсіздік жастықтары маңдайлық соқтығысу кезінде ашылатындай жасалса да, олар сондай-ақ, алдыңғы датчиктер жеткілікті күшпен соқтығысты тіркеген жағдайда өзге соқтығыстар кезінде ашылуы мүмкін. Бүйірлік жастықтар мен қауіпсіздік қалқалары бүйірлік соқтығысулар кезінде ашуға арналған, бірақ егер бүйірлік соққы датчиктері жеткілікті әсерді анықтаса, олар басқа соқтығыстар кезінде де іске қосылуы мүмкін.

Егер автокөліктің шассиіне жол жабынының тегіс болмауына байланысты соққылар әсер етсе, бұл қауіпсіздік жастықтарының істеп кетуіне жағдай жасайды. Тегіс емес жолдарда немесе автокөлік қозғалысына арналмаған жерлерде жүргенде, қауіпсіздік жастықтарының ашылуына жол бермеу үшін абай болыңыз.

Қауіпсіздік жастығының ашылмау шарттары



OKUC031051

Төмен жылдамдықта белгілі бір соқтығыстар кезінде қауіпсіздік жастықтары ашылмауы мүмкін. Қауіпсіздік жастықтары мұндай жағдайларда ашылмайтындай жасалған, себебі қауіпсіздік белдіктері қамтамасыз ететін қосымша қорғанысты қамтамасыз етпейді.



OKUC031052

Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары арттан келетін соққы кезінде ашылмайтындай жасалған, өйткені бұл кезде жолаушылар соқтығыс күшінің әсерінен артқа жылжиды. Бұл жағдайда қауіпсіздік жастықтарының ашылуы қосымша қорғанысты қамтамасыз етпейді.



OKUC031045

Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары бүйірлік соқтығысулар кезінде ашылмауы мүмкін, өйткені жолаушылар соқтығысу бағытында жылжиды және осылайша бүйірлік соқтығысулар кезінде алдыңғы қауіпсіздік жастықшаларының ашылуы қосымша қорғанысты қамтамасыз етпейді.

Алайда, соққы күшіне байланысты бүйірлік қауіпсіздік жастықтары, қауіпсіздік қалқалары және алдыңғы орталық қауіпсіздік жастығы іске қосылуы мүмкін.



OTM030034

Бұрыштық соқтығысу кезінде соққы күші жүргізуші мен жолаушыларды қауіпсіздік жастықтары қосымша қорғауды қамтамасыз ете алмайтын бағытқа бағыттауы мүмкін, сондықтан датчиктер қауіпсіздік жастықтарын ашуға команда бермеуі мүмкін.



OKUC031053

Дәл соқтығыс алдында жүргізушілер тежегіш педалін жиі қатты басады. Бұлай күрт тежеген кезде автокөліктің алдыңғы бөлігі төмен түсіп, жол ойығы аса үлкен көлік құралының артына «кіріп кетуі» мүмкін. Мұндай жағдайда қауіпсіздік жастықтары ашылмауы мүмкін, себебі датчиктер тіркеген баяулау қарқындылығы аса төмендеуі мүмкін.




OTM030041

Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары аударылған кезде жұмыс істемеуі мүмкін, өйткені алдыңғы қауіпсіздік жастықтарының іске қосылуы жолаушылардың қосымша қорғанысын қамтамасыз етпейді.

Ақпарат

Бүйірлік жастықтар және (немесе) қауіпсіздік перделері, автокөлік бүйірлік қауіпсіздік жастықтарымен және (немесе) қауіпсіздік перделерімен жабдықталған жағдайда, бүйірлік соқтығыстан кейін автокөлік аударылған кезде ашылуы мүмкін.



OKUC031046

Қауіпсіздік жастықтары автокөлік бағандар немесе ағаштар сияқты заттармен соқтығысқан кезде, соққы орны шоғырланған және соқтығысу энергиясын автокөлік құрылымы сіңірген кезде ашылмауы мүмкін.

Пассивті қауіпсіздік жүйесіне күтім жасау

Пассивті қауіпсіздік жүйесі іс жүзінде техникалық қызмет көрсетуді қажет етпейді және онда пайдаланушы өздігінен қызмет көрсете алатын бөлшектер жоқ. Егер SRS қауіпсіздік жастықтарының шамы «Engine Start/Stop» түймесін «ON» күйіне ауыстырған кезде жанбаса немесе үнемі жанып тұрса, жүйені HYUNDAI ресми дилерінде дереу тексеруді ұсынамыз.

Шешіп алу, орнату, жөндеу сияқты SRS жүйесіне қатысты кез келген жұмысты, соның ішінде рульге, алдыңғы жолаушының панеліне, алдыңғы орындықтарға және төбедегі рейлингтерге қатысты жұмыстарды HYUNDAI уәкілетті дилері орындағаны жөн. SRS жүйесін дұрыс пайдаланбау ауыр жарақатқа әкелуі мүмкін.



ЕСКЕРТУ

Ауыр немесе өлімге әкелетін жарақат алу қаупін азайту үшін келесі сақтық шараларын қолданыңыз:

- Пассивті қауіпсіздік жүйесінің құрамдас бөліктерін немесе сымдарын өзгертуге немесе ажыратуға тырыспаңыз, оған төсем қақпақтарына белгішелердің кез келген түрін жабыстыру немесе шанақ құрылымын өзгерту кіреді.
- Заттарды рульде, аспаптар панелінде және ұсақ-түйек тартпасының үстіндегі алдыңғы жолаушы панелінде орналасқан қауіпсіздік жастықтары модульдерінің үстіне немесе жанына заттар қоймаңыз.
- Қауіпсіздік жастықтары модульдерінің қақпақтарын тазалау үшін тек таза суға малынған жұмсақ шүберекті пайдаланыңыз. Еріткіштер немесе тазартқыштар қауіпсіздік жастықтарының қаптамаларына және жүйенің дұрыс жұмыс істеуіне теріс әсер етуі мүмкін.
- Ашылған қауіпсіздік жастықтарын ресми HYUNDAI дилерінде ауыстырған жөн.
- Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің компоненттерін немесе бүкіл автокөлікті кедеге жарату кезінде нақты сақтық шараларын орындау керек. Қажетті ақпарат алу үшін ресми HYUNDAI дилеріне хабарласқан жөн. Аталған сақтық шараларын сақтамау жарақат алу қаупін арттырады.

Қосымша сақтық шаралары

Жолаушылар автокөлік жүргізу кезінде орындарын қалдырмауы немесе ауыстырмауы керек. Қауіпсіздік белдігі тағылмаған жолаушы соқтығыс не апаттық тоқтау кезінде автокөліктің ішкі бөліктеріне, салондағы басқа адамдарға соғылуы немесе көлік құралынан лақтырылып кетуі мүмкін.

Қауіпсіздік белбеулеріне арналған қосымша құралдарды қолданбаңыз. Жолаушының жайлылығын арттыруға немесе қауіпсіздік белдігінің орнын өзгертуге арналған құрылғылар қауіпсіздік белдіктері қамтамасыз ететін қорғаныс дәрежесін төмендетіп, апат кезінде ауыр жарақат алу мүмкіндігін арттыруы мүмкін.

Алдыңғы орындықтарды модификацияламаңыз. Алдыңғы орындықтарды модификациялау пассивті қауіпсіздік жүйесі датчиктерінің немесе бүйірлік қауіпсіздік жастықтарының жұмысына кедергі келтіруі мүмкін.

Заттарды алдыңғы орындықтардың астына қоймаңыз. Алдыңғы орындықтардың астына заттар қою пассивті қорғаныс жүйесі датчиктерінің жұмысына кедергі келтіріп, сымдар жүйесі ширағының зақымдалуына себеп болуы мүмкін.

Есіктерді соқпаңыз. «Engine Start/Stop» түймесі «ON» немесе «START» күйінде болғанда есіктерді соғу қауіпсіздік жастықтарын іске қосуы мүмкін.

Қосымша жабдықты орнату немесе қауіпсіздік жастықтарымен жабдықталған автокөлікті модификациялау

Автокөлікті өзгерту, соның ішінде жақтауды, бамперді, алдыңғы немесе бүйір шанақ элементтерін ауыстыру не болмаса жол саңылауын өзгерту қауіпсіздік жастықтары жүйесінің жұмысына әсер етуі мүмкін.

Қауіпсіздік жастықтарының бар екенін ескертетін ақпараттық жапсырмалар



OKUC031047

Қауіпсіздік жастықтарының бар екенін ескертетін жапсырмалар жолаушыларға қауіпсіздік жастықтары жүйесіне қатысты ықтимал қауіп туралы ескертеді.

Осы пайдаланушы нұсқаулығындағы автокөлігіңізде орнатылған қауіпсіздік жастықтары туралы бүкіл ақпаратты міндетті мүрде оқып шығыңыз.


4. Аспаптар тақтасы

Аспаптар тақтасы	4-4
Датчиктер және өлшеу аспаптары.....	4-5
Спидометр	4-5
Тахометр	4-5
Қозғалтқышты салқындатқыш сұйықтығы температурасының көрсеткіші ..	4-6
Отын деңгейінің көрсеткіші	4-6
Сыртқы ауа температурасының көрсеткіші.....	4-7
Одометр.....	4-8
Отын бойынша жүріс қоры	4-8
Беріліс қорабының ауыстырып қосу индикаторы.....	4-9
Автоматты беріліс қорабының ауыстырып қосу индикаторы.....	4-9
Бақылау шамдары және жарық индикаторлары.....	4-9
Қауіпсіздік белбеуінің бақылау шамы	4-9
Қауіпсіздік жастықтарының индикаторы.....	4-9
Тұрақ тежегішінің және тежегіш сұйықтығы деңгейінің бақылау шамы.....	4-10
Тежегішті блоктау жүйесінің (ABS) бақылау шамы	4-11
Тежеу күштерін электронды бөлу жүйесінің (EBD) бақылау шамы.....	4-11
Электркүшейткіші бар рульмен басқару жүйесінің (MDPS) бақылау шамы..	4-12
Зарядтау жүйесінің бақылау шамы	4-12
Мотор майының төмен қысымының бақылау шамы	4-12
Қозғалтқышты салқындату сұйықтығының температурасының бақылау шамы.....	4-13
Төмен отын деңгейінің бақылау шамы.....	4-13
Ақаулық индикаторы (MIL)	4-13
Пайдаланылған газдарды шығару жүйесінің (бензиндік күйе сүзгісінің) бақылау шамы (бар болса).....	4-14
Электронды тұрақ тежегішінің (EPB) бақылау шамы (бар болса).....	4-15
AUTO HOLD (автоматты түрде ұстап тұру) индикаторы.....	4-15
Low tire pressure warning light	4-15
Бетпе-бет соқтығысу туралы ескерту бақылау шамы (бар болса).....	4-16
Электронды тұрақтылықты бақылау жүйесінің (ESC) индикаторы	4-16

Электронды тұрақтылықты бақылау жүйесінің (ESC) өшірілу индикаторы...	4-16
Имобилайзер индикаторы (бар болса)	4-17
AUTO STOP (Автостоп) индикаторы (бар болса)	4-18
Бұрылыс сигналының индикаторы	4-18
Шалғай жарық индикаторы	4-18
Таяу жарық индикаторы	4-19
Артқы тұман фараларының индикаторы	4-19
Шалғай жарық фараларын автоматты түрде ауыстырып қосу көмекшісінің индикаторы (бар болса)	4-19
Круиз-контроль индикаторы (бар болса)	4-19
Спорт режимінің индикаторы (бар болса)	4-19
Үнемді режим индикаторы (бар болса)	4-19
Спорт режимінің индикаторы (бар болса)	4-20
Бас ақаулық индикаторы	4-20
Аспаптар тақтасындағы хабарламалар	4-20
«Р» күйіне ауыстырыңыз (смарт-кілті бар жүйе үшін)	4-20
Кілт батареясының заряды отырған (смарт-кілті бар жүйе үшін)	4-20
Руль дөңгелегін бұрай отырып «START» түймесін басыңыз (смарт-кілті бар жүйе үшін)	4-20
Руль дөңгелегін бұғаттау жүйесін тексеріңіз (смарт-кілті бар жүйе үшін) ..	4-21
Қозғалтқышты оталдыру үшін тежегіш педалін басыңыз)	4-21
«Кілт автокөлік ішінде емес» (смарт-кілті бар жүйе үшін)	4-21
«Кілт анықталмады» (смарт-кілті бар жүйе үшін)	4-21
«START» түймесін және бір рет басыңыз (смарт-кілті бар жүйе үшін)	4-21
Кілттің көмегімен «START» түймесін басыңыз (смарт-кілті бар жүйе үшін) ..	4-21
«BRAKE SWITCH» сақтандырғышын тексеріңіз (смарт-кілті бар жүйе үшін) ..	4-21
Қозғалтқышты оталдыру үшін «Р» немесе «N» күйіне ауыстырып қосыңыз (смарт-кілті бар жүйе үшін)	4-21
Есіктердің, капоттың, жүксалғыш бөлім есігінің ашылу индикаторы	4-22
Жабылмаған люк индикаторы (бар болса)	4-22
Шиналардағы төмен қысым	4-22
Жарықтар	4-23
Әйнектазартқыш	4-23
Отынның төмен деңгейі	4-24
Мотор майының төмен деңгейі (бар болса)	4-24
Қозғалтқыштың қызып кетуі / қозғалтқыш қызып кетті (бар болса)	4-24

Пайдаланылған газдарды шығару жүйесін тексеріңіз (бар болса)	4-24
Фараларды тексеріңіз (бар болса).....	4-25
Бұрылыс сигналын тексеріңіз (бар болса)	4-25
Жарықдиодты фараларды тексеріңіз (бар болса)	4-25
АСПАПТАР ТАҚТАСЫНЫҢ дисплейі	4-26
Аспаптар тақтасының дисплейін басқару	4-26
Қарау режимдері.....	4-26
Бұрылыстарды көрсететін навигация режимі	4-27
Жүргізу кезіндегі көмек режимі.....	4-27
Борттық компьютер режимі.....	4-27
Борттық компьютер.....	4-28
Жүру режимдері.....	4-28
Отын шығыны	4-29
Жалпы ақпарат	4-30
Сапар туралы ақпарат	4-30
Жүру режимдерін ауыстырып қосу (Smart shift).....	4-31
Автоматты түрде тоқтау (старт- стоп / AUTO STOP) (бар болса).....	4-31
Автокөлік баптаулары (ақпараттық-ойын-сауық жүйесі	4-32
Автокөлігіңізді баптау.....	4-32

АСПАПТАР ТАҚТАСЫ



Автокөліктегі нақты аспаптар тақтасы суретте келтірілгеннен өзгеше болуы мүмкін.
Толығырақ ақпарат осы тараудың «Датчиктер және өлшеу аспаптары» бөлімінде келтіріледі.

OKUC041001

- | | |
|--|---|
| 1. Спидометр | 4. Отын деңгейінің көрсеткіші |
| 2. Тахометр | 5. Бақылау шамдары және жарық индикаторлары |
| 3. Қозғалтқышты салқындату сұйықтығы температурасының көрсеткіші | 6. Аспаптар тақтасының дисплейі |

Датчиктер және өлшеу аспаптары

Спидометр



Спидометр автокөліктің жылдамдығын көрсетеді және километр сағатпен (км/сағ) калибрленген.

Тахометр



OKUC041004

Тахометр қозғалтқыш білігінің бір минуттағы айналымдарының шамамен алынған санын көрсетеді (айн/мин).

Тахометр берілісті ауыстырудың оңтайлы сәтін таңдау және қозғалтқыш білігінің жұлқуын және (немесе) айналымдарының шектен асып кетуін болдырмау үшін қолданылады.

МӘЛІМДЕМЕ

Қозғалтқыштың тахометрдің қызыл аймағында жұмыс істеуіне жол бермеңіз. Бұл қозғалтқыштың қатты зақымдалуына әкелуі мүмкін.

Қозғалтқышты салқындату сұйықтығы температурасының көрсеткіші



OKUC041006

«Engine Start/Stop» түймешірі қосылу күйінде («ON») болғанда бұл датчик қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығының температурасын көрсетеді.

МӘЛІМДЕМЕ

Егер көрсеткіш көрсеткіші қалыпты мәндер диапазонының шегінен шығып «H» (Ыстық) күйіне қарай жылжыса, бұл қозғалтқыштың зақымдалуына әкелуі мүмкін қызып кетуді білдіреді.

Қызып кеткен қозғалтқышпен жүруді жалғастырмаңыз. Қозғалтқыш қызып кетсе, 8-тараудағы «Қозғалтқыштың қызып кетуі» бөлімін қараңыз.



ЕСКЕРТУ

Қозғалтқыш қызып тұрғанда қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығы бағының қақпағын шешпеңіз. Қозғалтқышты салқындату сұйықтығының қысымы жоғары болады және ауыр күйік шалуларға алып келуі мүмкін. Салқындатқыш сұйықтықты бакқа қоспас бұрын, қозғалтқышты суытып алыңыз.

Отын деңгейінің көрсеткіші



OKUC041008



Ақпарат

- Отын бағының көлемі бойынша деректер 2-тарауда берілген.
- Отын деңгейінің көрсеткіші отын бағы босауға жақын кезде жанатын отынның төмен деңгейінің индикаторымен толықтырылады.
- Беткейлерде немесе бұрылыстарда бак ішіндегі отынның қозғалуының салдарынан отын деңгейі көрсеткішінің көрсеткісі ауытқуы немесе төмен отын деңгейінің индикаторы әдеттегіден ерте жануы мүмкін.

ЕСКЕРТУ


Отын таусылғанда жүргізуші мен жолаушыларға қауіп төнуі мүмкін.

Индикатор жанғаннан немесе көрсеткіш көрсеткісі «Е (Бос)» белгісіне жақындағаннан кейін мүмкіндігінше тездетіп отын құйып алу қажет.

МӘЛІМДЕМЕ

Егер отын деңгей өте төмен болса, автокөлікті жүргізбеңіз. Отынды толық тауысу оталдыру жүйесінің ақауына және каталитикалық бейтараптандырғыштың зақымдалуына алып келуі мүмкін.

Сыртқы ауа температурасының көрсеткіші




OSQCE059047

Бұл көрсеткіш 1°C-қа дейінгі дәлдікпен қазіргі сыртқы ауа температурасын көрсетеді.

Аспаптар тақтасының дисплейінде көрсетілген температураның сыртқы ауа температурасындай тез өзгермейтініне назар аударыңыз (температура өзгерер алдында азын-аулақ іркіліс байқалуы мүмкін).

Одометр



OSQCE059046

Одометр автокөліктің жалпы жүрген жолын көрсетеді және мерзімдік техникалық қызмет көрсетуден өту мерзімдерін анықтау үшін қолданылады.

Отынның жүріс қоры



OSQCE059048

- Отын бойынша жүріс қоры – бұл автокөлік қалған отынмен жүріп өте алатын есептік қашықтық.
- Егер есептік қашықтық 1 км-ден аз болса, борттық компьютерде отынның жүріс қоры ретінде «---» көрсетіледі.

Ақпарат

- Егер автокөлік тегіс жер бетінде тұрмаса және аккумулятордан қуат алуды үзілген жағдайда отын бойынша жүріс қорын анықтау функциясы дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Отынның жүріс қоры нақты жүріп өтетін жолдан өзгешеленуі мүмкін, өйткені бұл қолжетімді жүріп өтетін жол қашықтығын бағалау болып табылады.
- Құйылған отын мөлшері 6 литрден аспайтын болса, борттық компьютер қосымша құйылған отынды тіркемеуі мүмкін.
- Отынның жүріс қоры жол жағдайына, жүргізу мәнеріне және автокөліктің күйіне байланысты айтарлықтай өзгеруі мүмкін.


Беріліс қорабының ауыстырып қосу индикаторы

Автоматты беріліс қорабының ауыстырып қосу индикаторы



OSQCE059049

Бұл индикатор ағымдағы қосылып тұрған беріліс туралы ақпарат береді.



OKUC041016

Берілістерді ауыстыру қалқымалы индикаторы (бар болса)

Берілісті басқа күйлерге (P/R/N/D) ауыстырған кезде қалқымалы индикатор шамамен 2 секунд бойы аспаптар тақтасында берілістің ағымдағы күйін көрсетеді.

Бақылау шамдары және жарық индикаторлары

Ақпарат

Қозғалтқышты оталдырғаннан кейін барлық бақылау шамдарының сөнгеніне көз жеткізіңіз. Егер қандай да бір шам әлі жанып тұрса, бұл ерекше назар аударуды талап ететін жағдайдың туындағанын көрсетеді.

Қауіпсіздік белбеулерінің бақылау шамы



Бұл бақылау шамы жүргізушіге қауіпсіздік белбеуінің тағылмағаны туралы ескертеді.

Толығырақ ақпаратты 3-тараудың «Қауіпсіздік белбеулері» бөлімінен қараңыз.

Қауіпсіздік жастықтарының индикаторы



Бұл бақылау шамы:

- «Engine Start/Stop» түймесін «ON» күйіне ауыстырғанда.
 - Ол шамамен 3–6 секунд жанып тұрады, содан кейін сөнеді.
- SRS жүйесінде ақау туындаған жағдайда.

Бұл жағдайда автокөлікті тексеру үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласуға кеңес беріледі.

Тұрақ тежегішінің және тежегіш сұйықтығы деңгейінің бақылау шамы



Бұл бақылау шамы:

- «Engine Start/Stop» түймесін «ON» күйіне ауыстырғанда.
 - Тұрақ тежегішінің және тежегіш сұйықтығы деңгейінің ескерту индикаторы шамамен 3 секунд жанады, содан кейін тұрақ тежегішін жібергеннен кейін сөнеді.
- Тұрақ тежегішін әрбір қосқан кезде.
- Бактағы тежегіш сұйықтығының деңгейі төмен болған кезде.
 - Егер тұрақ тежегіші жіберілген күйде бақылау шамы жанатын болса, бұл бактегі тежегіш сұйықтығының төмен деңгейін көрсетеді.

Бактағы тежегіш сұйықтығының деңгейі төмен болған кезде.

1. Абайлай отырып, жақын маңдағы қауіпсіз жерге дейін жетіп алыңыз да, автокөлікті тоқтатыңыз.
2. Қозғалтқышты өшіріңіз, тежегіш сұйықтығының деңгейін тексеріңіз, қажет болса, оны қосымша құйыңыз (**Қосымша мәліметтерді 9-тараудың «Тежегіш сұйықтығы» бөлімінен қараңыз**). Тежегіш сұйықтығын қосымша құйғаннан кейін тежеу жүйесінің барлық тораптың жылыстатып тұрмағанын тексеріп шығыңыз. Егер тежегіш сұйықтығының ағуы анықталса немесе индикатор жанып тұрса немесе тежегіш дұрыс жұмыс істемесе, автокөлікті жүргізуге тыйым салынады. Автокөлікті тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

Контурлары диагональ түрінде бөлінген екі контурлы тежеу жүйесі

Автокөлігіңіз контурлары диагональ түрінде бөлінген екі контурлы тежеу жүйесімен жабдықталған. Бұл жүйе контурларының бірі істен шыққан жағдайда да тежеу күші екі деңгелекке бөлінетінін білдіреді.

Егер екі жүйенің біреуі ғана жұмыс істеп тұрса, онда автокөлікті тоқтату үшін әдеттегімен салыстырғанда педальдің көбірек жүрісі және педальға көбірек күш салу қажет болады.

Сонымен қатар, егер тежеу жүйесінің бір бөлігі ғана жұмыс істесе, тежеу қашықтығы артады.

Қозғалыс кезінде тежегіштер бұзылған жағдайда қозғалтқышпен қосымша тежеу үшін ең төменгі беріліске ауыстырып қосу қажет және қауіпсіз болған сәтте автокөлікті тоқтатыңыз.



ЕСКЕРТУ

Тұрақ тежегішінің және тежегіш сұйықтығы деңгейінің бақылау шамы

Автокөлікті бақылау шамы қосылып тұрған күйде жүргізу қауіпті. Егер тұрақ тежегішінің және тежегіш сұйықтығы деңгейінің бақылау шамы тұрақ тежегіші босатылған күйде жанса, бұл тежегіш сұйықтығының төмен деңгейін көрсетеді.

Бұл жағдайда автокөлікті тексеру үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласуға кеңес беріледі.

Тежегішті блоктау жүйесінің (ABS) бақылау шамы



Бұл бақылау шамы:

- «Engine Start/Stop» түймесін «ON» күйіне ауыстырғанда.
 - ABS бақылау шамы шамамен 3 секундқа жанады және содан кейін сөнеді.
- ABS жүйесінде ақау туындаған жағдайда.

Гидравликалық тежеу жүйесінің ABS ақаулы болған жағдайда да жұмыс істейтініне назар аударыңыз.

Бұл жағдайда автокөлікті тексеру үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласуға кеңес беріледі.

Тежеу күшін электрондық түрде бөлу жүйесінің бақылау шамы (EBD)



Тежегішті блоктау жүйесі мен тұрақ тежегішінің бақылау шамдарының бірге жануы тежеу күштерін үлестіру электронды жүйесінің (EBD) ақаулығын көрсетуі мүмкін.

Бұл жағдайда автокөлікті тексеру үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласуға кеңес беріледі.



ЕСКЕРТУ

Тежеу күшін электрондық түрде бөлу жүйесінің бақылау шамы (EBD)

Егер тежегішті блоктау жүйесінің және тұрақ тежегіші мен тежегіш сұйықтығы деңгейінің бақылау шамдары жанса, бұл тежеу жүйесінің қалыпты жұмыс істемей тұрғанын көрсетеді, ал шұғыл тежелу болжанбаған және қауіпті жағдайға алып келуі мүмкін.

Бұл жағдайда жоғары жылдамдықпен жүруден және шұғыл тежелуден сақтану қажет.

Автокөлікті тексерту үшін мүмкіндігінше тездетіп HYUNDAI ресми дилеріне хабарласуға кеңес беріледі.

МӘЛІМДЕМЕ

Тежеу күшін электрондық түрде бөлу жүйесінің бақылау шамы (EBD)

Егер тежегішті блоктау жүйесінің бақылау шамы жанса немесе тежегішті блоктау жүйесінің және тұрақ тежегіші мен тежегіш сұйықтығы деңгейінің бақылау шамдары бірге жанса, бұл спидометрдің, одометрдің немесе жүрілген жол есептегішінің ақаулығын білдіруі мүмкін. Сонымен бірге MDPS (электркүшейткіші бар рульмен басқару жүйесі) бақылау шамы жануы және рульге түсірілетін күш ұлғаюы немесе азаюы мүмкін.

Бұл жағдайда автокөлікті тексерту үшін мүмкіндігінше тездетіп HYUNDAI ресми дилеріне хабарласуға кеңес беріледі.

Электркүшейткіші бар рульмен басқару жүйесінің (MDPS) бақылау шамы



Бұл бақылау шамы:

- «Engine Start/Stop» түймесін «ON» күйіне ауыстырғанда.
- Электркүшейткіші бар рульмен басқару жүйесінің бақылау шамы шамамен 3 секундқа жанады және содан кейін сөнеді.
- Электркүшейткіші бар рульмен басқару жүйесінің жұмысында ақаулықтар пайда болған жағдайда

Бұл жағдайда автокөлікті тексеру үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласуға кеңес беріледі.

Зарядтау жүйесінің бақылау шамы



Бұл бақылау шамы:

Генератор немесе электр зарядтау жүйесі ақаулы болған жағдайда.

Генератордың немесе электр зарядтау жүйесінің ақаулығы пайда болған жағдайда:

1. Абайлай отырып, жақын маңайдағы қауіпсіз жерге дейін жетіп алыңыз да, автокөлікті тоқтатыңыз.
2. Қозғалтқышты өшіріңіз және генератордың жетек белбеуінің босап немесе үзіліп кетпегенін тексеріңіз.

Егер белбеу дұрыс реттелген болса, проблема электр зарядтау жүйесінде болуы мүмкін.

Бұл жағдайда автокөлікті тексерту үшін мүмкіндігінше тездетіп HYUNDAI ресми дилеріне хабарласуға кеңес беріледі.

Мотор майының төмен қысымының бақылау шамы



Бұл бақылау шамы:

Қозғалтқыштағы май қысымы төмен болған кезде.

Мотор майының қысымы төмен болғанда:

1. Абайлай отырып, жақын маңайдағы қауіпсіз жерге дейін жетіп алыңыз да, автокөлікті тоқтатыңыз.
2. Қозғалтқышты сөндіріп, майдың деңгейін тексеріңіз (**толық ақпарат 9-тараудың «Мотор майы» бөлімінде берілген**). Егер май деңгейі төмен болса, қажетті май мөлшерін қосымша құйыңыз.

Егер мотор майын қосымша құйғаннан кейін шам әлі жанып тұрса немесе қолжетімді май болмаса, автокөлікті тексерту үшін мүмкіндігінше тездетіп HYUNDAI ресми дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

Бақылау шамы жанып тұрғанда автокөлікпен қозғалысты жалғастыру қозғалтқыштың істен шығуына алып келуі мүмкін.

Ақпарат

Қозғалтқыштағы майдың жеткіліксіз мөлшеріне және т.б. байланысты оның қысымы төмендеген жағдайда мотор майының қысымының бақылау шамы жанады. Қозғалтқыштың қуатын шектейтін күшейтілген қорғаныс жүйесі де іске қосылады. Қозғалтқыштағы май деңгейі қалпына келген кезде қозғалтқышты өшіріп қайта қосқаннан кейін индикация шамы мен қозғалтқышты күшейтілген қорғау жүйесі өшеді.

##

Қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығы температурасының бақылау шамы



Бақылау шамы келесі жағдайларда жанады:

Қозғалтқыштың салқындату сұйықтығының температурасы тым жоғары болғанда.

Қызып кеткен қозғалтқышпен жүруді жалғастырмаңыз. Қозғалтқыш қызып кетсе, 8-тараудағы «Қозғалтқыштың қызып кетуі» бөлімін қараңыз.

МӘЛІМДЕМЕ

Қозғалтқышты салқындату сұйықтығы температурасының бақылау шамының жануы қозғалтқыштың зақымдалуына алып келуі мүмкін қызып кету жағдайын білдіреді.

Төмен отын деңгейінің бақылау шамы



Бұл бақылау шамы:

Отын бағы босауға жақын болғанда.

Мүмкіндігінше тезірек қосымша отын құйыңыз.

МӘЛІМДЕМЕ

Отынның төмен деңгейінің бақылау шамы қосулы күйде немесе «E» не «0» белгісінен төмен отын деңгейімен қозғалу қозғалтқыштағы шала оталуға және каталиттік бейтараптандырғыштың зақымдалуына алып келуі мүмкін.

Ақаулық индикаторы (MIL)



Бұл индикатор келесі жағдайларда жанады:

- «Engine Start/Stop» түймесін «ON» күйіне ауыстырғанда.
 - Ақау индикаторы шамамен 3 секундқа жанады және содан кейін сөнеді.
- Автокөліктің пайдаланылған газдардың уыттылығын бақылау жүйесінде, қозғалтқышында немесе трансмиссиясында ақаулықтар болған жағдайда.

Бұл жағдайда автокөлікті тексеру үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласуға кеңес беріледі.

- Егер мотор майының жетіспеушілігінен қозғалтқыштың күшейтілген қорғау жүйесі қосылса, қозғалтқыштың қуаты шектеулі болады. Егер мұндай жағдай қайталанатын болса, ақау индикаторы жанады.

МӘЛІМДЕМЕ

Қосулы тұрған ақаулық индикаторымен (MIL) қозғалысты жалғастыру шығарындылардың уыттылығын төмендету жүйесіне зақым келтіруі мүмкін, бұл басқарымдылыққа және (немесе) отын шығынына әсер етуі мүмкін.

МӘЛІМДЕМЕ

Егер ақаулық индикаторы (MIL) жанса, каталиттік бейтараптандырғыш зақымдалған болуы мүмкін, бұл қозғалтқыш қуатының азаюына әкелуі мүмкін.

Бұл жағдайда автокөлікті тексерту үшін мүмкіндігінше тездетіп HYUNDAI ресми дилеріне хабарласуға кеңес беріледі.

Пайдаланылған газдарды шығару жүйесінің (бензиндік күйе сүзгісінің) бақылау шамы (бар болса)



- Бұл бақылау шамы күйенің жиналуының белгілі бір деңгейіне жеткен кезде жанады.
- Бақылау шамы автокөлік 80 км/сағ-тан (50 миль/сағ) жоғары жылдамдықпен (3-ші берілістен жоғары қозғалтқыштың 1500 ~ 4000 айн/мин-тында) шамамен 30 минут жүрген кезде сөнуі мүмкін.

Егер орындалған әрекеттерге қарамастан бұл бақылау шамы жыпылықтауды жалғастыра берсе (бұл ретте ескерту хабарламасы аспаптар тақтасының дисплейінде көрсетілсе), бензиндік күйе сүзгісі жүйесін тексеру үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласуға кеңес беріледі.

МӘЛІМДЕМЕ

Автокөлікті ұзақ уақыт бойы бензиндік күйе сүзгісінің бақылау шамы жыпылықтап тұрған күйде жүргізуді жалғастырған жағдайда күйе сүзгісі жүйесіне зақым келуі және отын шығыны ұлғаюы мүмкін.

Электронды тұрақ тежегішінің (EPB) бақылау шамы (бар болса)

EPB

Бұл бақылау шамы:

- «Engine Start/Stop» түймесін «ON» күйіне ауыстырғанда.
- EPB бақылау шамы шамамен 3 секундқа жанады және содан кейін сөнеді.
- EPB жүйесінде ақау туындаған жағдайда.

Бұл жағдайда автокөлікті тексеру үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласуға кеңес беріледі.



Ақпарат

Электронды тұрақ тежегішінің (EPB) бақылау шамы электронды тұрақтылықты бақылау жүйесінің (ESC) бақылау шамы жанған кезде жануы мүмкін, бұл ESC жүйесіндегі ақаулықты көрсетеді. Бұл EPB жүйесінің ақаулы екенін білдірмейді.

AUTO HOLD (автоматты түрде ұстап тұру) индикаторы

AUTO
HOLD

Бұл индикатор келесі жағдайларда жанады:

- [Ақ] «AUTO HOLD» ауыстырып қосқышын басу арқылы Auto Hold функциясын қосқан кезде
- [Жасыл] Auto Hold қосулы күйде тежегіш педалін басу арқылы автокөлік толық тоқтатылған жағдайда.
- [Сары] Auto Hold функциясының жұмысында ақаулық болған жағдайда.

Бұл жағдайда автокөлікті тексеру үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласуға кеңес беріледі.

Толығырақ ақпаратты 6-тараудың «Электронды тұрақ тежегіші (EPB)» бөлімінен қараңыз.

Low tire pressure warning light



Бұл бақылау шамы:

- «Engine Start/Stop» түймесін «ON» күйіне ауыстырғанда.
- Шиналардағы төмен қысым бақылау шамы шамамен 3 секундқа жанады және содан кейін сөнеді.
- Бір немесе бірнеше шиналарда ауа қысымы жеткіліксіз болған кезде. (Қысымы жеткіліксіз шинаның орналасуы аспаптар тақтасының дисплейінде көрсетіледі).

Толығырақ ақпаратты 8-тараудың «Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі» бөлімінен қараңыз.

Бақылау шамы қосулы күйінде қалады немесе 3 секундтық интервалмен жыпылықтайды:

TPMS жүйесінде ақау туындаған жағдайда.

Бұл жағдайда автокөлікті тексерту үшін мүмкіндігінше тездетіп HYUNDAI ресми дилеріне хабарласуға кеңес беріледі.

Толығырақ ақпаратты 8-тараудың «Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі» бөлімінен қараңыз.



ЕСКЕРТУ

Қауіпсіз тоқтау

- Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі сыртқы факторлардан туындаған шиналардың күрделі және кенеттен зақымданулары туралы ескерте алмайды.
- Егер автокөліктің тұрақсыздығын байқасаңыз, дереу аяғыңызды акселератор педалінен алыңыз, жатық қимылмен, аз күшпен тежегіш педалін басыңыз және жайымен жолдан шығыңыз.

Бетпе-бет соқтығысу туралы ескерту бақылау шамы (бар болса)



Бұл бақылау шамы:

- «Engine Start/Stop» түймесін «ON» күйіне ауыстырғанда.
 - Бетпе-бет соқтығысу туралы ескерту бақылау шамы шамамен 3 секундқа жанады және содан кейін сөнеді.
- Бетпе-бет соқтығысу туралы ескерту жүйесінде ақаулық болған жағдайда.

Бұл жағдайда автокөлікті тексеру үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласуға кеңес беріледі.

Толығырақ ақпаратты 7-тараудың «Көдергінің алдында автоматты түрде тежелу көмекшісі (FCA)» бөлімінен қараңыз.

Электронды тұрақтылықты бақылау жүйесінің (ESC) индикаторы



Бұл индикатор келесі жағдайларда жанады:

- «Engine Start/Stop» түймесін «ON» күйіне ауыстырғанда.
 - Электронды тұрақтылықты бақылау жүйесінің индикаторы шамамен 3 секундқа жанады және содан кейін сөнеді.
- ESC жүйесінде ақау туындаған жағдайда.

Бұл жағдайда автокөлікті тексеру үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласуға кеңес беріледі.

Бұл индикатор:

Артқы ESC жүйесі жұмыс істеп тұрғанда жыпылықтайды.

Толығырақ ақпаратты 6-тараудың «Электронды тұрақтылықты бақылау жүйесі (ESC)» бөлімінен қараңыз.

Электронды тұрақтылықты бақылау жүйесінің (ESC) өшірілу индикаторы



Бұл индикатор келесі жағдайларда жанады:

- «Engine Start/Stop» түймесін «ON» күйіне ауыстырғанда.
 - ESC жүйесін өшіру индикаторы шамамен 3 секундқа жанады және содан кейін сөнеді.
- ESC жүйесін «ESC OFF» түймесін басу арқылы өшірген кезде.

Толығырақ ақпаратты 6-тараудың «Электронды тұрақтылықты бақылау жүйесі (ESC)» бөлімінен қараңыз.

Иммобилайзер индикаторы (бар болса)



Бұл индикатор келесі жағдайларда жанады және 30 секундқа дейін қосылып тұрады:

- Автокөлік салон ішінде смарт-кілтті анықтаған кезде «Engine Start/Stop» түймесі «ACC» немесе «ON» күйінде тұрғанда.
 - Бұл кезде қозғалтқышты оталдыруға болады.
 - Қозғалтқыш оталған соң индикатор сөнеді.

Бұл индикатор бірнеше секунд бойы жыпылықтайды:

- Смарт-кілт автокөлік ішінде болмағанда.
 - Бұл кезде қозғалтқышты оталдыру мүмкін емес.

Ақаулық индикаторы 2 секунд бой жанады да, сөнеді:

- Егер смарт-кілт автокөлік ішінде болса және «Engine Start/Stop» түймесі «ON» күйінде тұрса, алайда автокөлік смарт-кілтті анықтай алмаса.

Бұл жағдайда автокөлікті тексеру үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласуға кеңес беріледі.

Бұл индикатор:

- Иммобилайзер жүйесінде ақаулық туындаған жағдайда.

Бұл жағдайда автокөлікті тексеру үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласуға кеңес беріледі.

AUTO STOP (Автостоп) индикаторы (бар болса)



Бұл индикатор келесі жағдайларда жанады:

Қозғалтқыш ISG (Стоп-старт) жүйесінің Idle Stop режиміне ауысқан кезде.

Егер қозғалтқыш автоматты түрде оталса, аспаптар тақтасында AUTO STOP индикаторы ақ түспен жанады.

Толығырақ ақпарат 6-тараудың «ISG жүйесі (стоп-старт)» бөлімінде берілген.



Ақпарат

Қозғалтқыш автоматты түрде ISG (стоп-старт) жүйесі арқылы оталдырылған кезде кейбір бақылау шамдары (ABS, ESC, ESC OFF, MDPS немесе тұрақ тежегішінің бақылау шамы) бірнеше секундқа жануы мүмкін. Бұл аккумулятор батареясының заряды төмен болғанда орын алады. Бұл жүйенің ақауы емес.

Бұрылыс сигналының индикаторы



Бұл индикатор:

Бұрылыс көрсеткішінің иіңтірегін қосқан кезде.

Келесі жағдайлардың кез келгені орын алғанда бұрылыс көрсеткіштері жүйесінде ақау пайда болуы мүмкін.

- Бұрылыс сигналының индикаторы жанады, бірақ жыпылықтамайды.
- Бұрылыс сигналының индикаторы тез жыпылықтайды.
- Бұрылыс сигналының индикаторы жанбайды.

Бұл жағдайлардың кез келгені пайда болғанда автокөлікті тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласуға кеңес беріледі.

Шалғай жарық индикаторы



Бұл индикатор келесі жағдайларда жанады:

- Фаралар қосулы және шалғай жарық күйінде тұрған кезде
- Бұрылыс көрсеткіштерінің иіңтірегі фаралардың шалғай жарығын жыпылықтату күйіне ауыстырылған.

Таяу жарық индикаторы



Бұл индикатор келесі жағдайларда жанады:
Фаралар қосулы тұрғанда.

Артқы тұман фараларының индикаторы



Бұл индикатор келесі жағдайларда жанады:
Артқы тұман фаралары қосылып тұрғанда.

Шалғай жарық фараларын автоматты түрде ауыстырып қосу көмекшісінің индикаторы (бар болса)



Бұл индикатор келесі жағдайларда жанады:
Фаралардың шалғай жарығы қосулы тұрған және
жарық ауыстырып қосқышы «AUTO» күйіне
қойылған кезде.

- Ақ: Фараларды автоматты түрде ауыстырып қосу жүйесі жұмысқа дайын болған кезде.
- Жасыл: Фараларды автоматты түрде ауыстырып қосу жүйесі қосулы тұрған кезде.

Егер автокөлік қарсы келе жатқан немесе жол-жөнекей келе жатқан көлікті анықтаса, онда фараларды автоматты түрде ауыстыру жүйесі шалғай жарықты таяуға ауыстырады.

Толығырақ ақпаратты 5-тараудың «Шалғай жарықты автоматты түрде басқару көмекшісі (НВА)» бөлімінен қараңыз.

Круиз-контроль индикаторы (бар болса)



Бұл индикатор келесі жағдайларда жанады:
Круиз-контроль жүйесі қосылған кезде.

Толығырақ ақпаратты 7-тараудың «Круиз-контроль жүйесі» бөлімінен қараңыз.

Спорт режимі индикаторы (бар болса)



Бұл индикатор келесі жағдайларда жанады:
«SPORT» (Спорттық жүру режимі) режимін таңдағанда.

Толығырақ ақпаратты 6-тараудың «Жүру режимдерін басқару кіріктірілген жүйесі» бөлімінен қараңыз.

Үнемді режим индикаторы (бар болса)



Бұл индикатор келесі жағдайларда жанады:
«ECO» (Спорттық жүру режимі) режимін таңдағанда.

Толығырақ ақпаратты 6-тараудың «Жүру режимдерін басқару кіріктірілген жүйесі» бөлімінен қараңыз.

Спорт режимі индикаторы (бар болса)



Бұл индикатор келесі жағдайларда жанады:
«SMART» жүру режимін таңдаған жағдайда.

Толығырақ ақпаратты 6-тараудың «Жүру режимдерін басқару кіріктірілген жүйесі» бөлімінен қараңыз.

Бас ақаулық индикаторы



Бұл бақылау шамы:

Келесі жүйелердің бірінің жұмысында ақаулықтар пайда болған жағдайда:

- Алдыдағы кедергінің алдында автоматты түрде тежелу көмекшісінің ақаулығы (бар болса)
- Алдыдағы кедергінің алдында автоматты түрде тежелу көмекшісі радарының бетінің жабылуы (бар болса)
- Көзден таса аймақта соқтығысу қаупі туралы ескерту көмекшісінің ақаулығы (бар болса)
- Көзден таса аймақта соқтығысу қаупі туралы ескерту көмекшісі радарының бетінің жабылуы (бар болса)
- Жарықдиодты фаралардың ақаулығы (бар болса)
- Шалғай жарық фараларын автоматты түрде ауыстырып қосу көмекшісінің ақаулығы (бар болса)
- Бейімделетін круиз-контрольдің (бар болса) ақаулығы
- Бейімделетін круиз-контроль радарының бетінің жабылуы (бар болса)
- Шиналардағы қысымды бақылау жүйесінің (TPMS) ақауы

Ескертулердің мән-жайын анықтау үшін аспаптар тақтасының дисплейін қараңыз.

Аспаптар тақтасындағы хабарламалар

«P» күйіне ауыстырыңыз (смарт-кілті бар жүйе үшін)

Бұл хабарлама қозғалтқышты берілістерді ауыстыру тұтқасын «P» (тұрақ) күйіне қоймастан өшіруге әрекет жасалған кезде көрсетіледі.

Бұл жағдайда «Engine Start/Stop» түймесі ACC күйіне ауыстырылады.

Кілт батареясының заряды отырған (смарт-кілті бар жүйе үшін)

Бұл хабарлама смарт-кілттің батареясы разрядталған жағдайда «Engine Start/Stop» түймесін «OFF» (Өшірулі) күйіне ауыстырған кезде пайда болады.

Руль дөңгелегін бұрай отырып «START» түймесін басыңыз (смарт-кілті бар жүйе үшін)

Бұл хабарлама «Engine Start/Stop» түймесін басқан кезде руль дөңгелегі бұғаттан шығарылмаған жағдайда көрсетіледі.

Руль дөңгелегін оңға және солға бұрай отырып, «Engine Start/Stop» түймесін басу қажет.

Руль дөңгелегін бұғаттау жүйесін тексеріңіз (смарт-кілт бар жүйе үшін)

Бұл хабарлама «Engine Start/Stop» түймесін «OFF» күйіне ауыстырған кезде руль дөңгелегі бұғатталмаған жағдайда көрсетіледі.

Қозғалтқышты оталдыру үшін тежегіш педалін басыңыз (смарт-кілт бар жүйе үшін)

Бұл хабарлама егер тежегіш педалі басылмастан түймені бірнеше мәрте басқан кезде «Engine Start/Stop» түймесі «ACC» күйіне екі рет ауыстырылып қосылатын болса, көрсетіледі.

Автокөлікті тежегіш педалін басы, содан кейін «Engine Start/Stop» түймесін басы арқылы оталдыруға болады.

«Кілт автокөлік ішінде емес»(смарт-кілт бар жүйе үшін)

Бұл хабарлама автокөліктен шыққанда «Engine Start/Stop» түймесі «ON» немесе «Start» күйінде тұрған кезде смарт-кілт автокөлік ішінде болмаған жағдайда көрсетіледі.

Автокөліктен шығар кезде әрдайым қозғалтқышты өшіріңіз.

«Кілт анықталмады» (смарт-кілт бар жүйе үшін)

Бұл хабарлама «Engine Start/Stop» түймесін басқан кезде смарт-кілт анықталмаған жағдайда көрсетіледі.

«START» түймесін және бір рет басыңыз (смарт-кілт бар жүйе үшін)

Бұл хабарлама «Engine Start/Stop» түймесін басқан кезде автокөлікті оталдыру мүмкін болмаған жағдайда көрсетіледі.

Бұл жағдайда қозғалтқышты «Engine Start/Stop» түймесін қайта басы арқылы оталдыруға әрекет жасаңыз.

Егер бұл хабарлама «Engine Start/Stop» түймесін әрбір басқан кезде пайда болса, автокөлікті тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

Кілттің көмегімен «START» түймесін басыңыз (смарт-кілт бар жүйе үшін)

Бұл хабарлама ескерту хабарламасының көрсетілуі кезінде «Engine Start/Stop» түймесі басылған жағдайда көрсетіледі «Кілт анықталмады».

Осы кезде иммобилайзер индикаторы жыпылықтайды.


«BRAKE SWITCH» сақтандырғышын тексеріңіз (смарт-кілт бар жүйе үшін)

Бұл хабарлама тежегіш ауыстырып қосқышының сақтандырғышы ажыратылған жағдайда пайда болады.

Қозғалтқышты оталдырар алдында сақтандырғышты жаңасына ауыстыру қажет.

Егер бұл мүмкін болмаса, қозғалтқышты «Engine Start/Stop» түймесін 10 секунд бойы «ACC» күйінде басып тұру арқылы оталдыруға болады.

Есіктердің, капоттың, жүксалғыш бөлім есігінің ашылу индикаторы



OKUC041017


Бұл ескерту қандай да бір есік, капот немесе жүксалғыш есігі ашық қалдырылған жағдайда көрсетіледі. Дисплейде қай есіктің ашық тұрғаны көрсетіледі.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Автокөлікпен қозғалуды бастамас бұрын есіктердің/капоттың/жүксалғыш есігінің толықтай жабық екеніне көз жеткізіп алу қажет.

Жабылмаған люк индикаторы (бар болса)




OKUC041018

Бұл ескерту төбе люгі ашық тұрған күйі қозғалтқыш өшірілген жағдайда көрсетіледі.

Автокөліктен түспен бұрын люкті тығыз жабыңыз.

Шиналардағы төмен қысым




OKUC043009L

Бұл ескерту шиналардағы қысым төмен болғанда пайда болады. Автокөліктің тиісті шинасы көрсетіледі.

Толығырақ ақпаратты 8-тараудың «Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі» бөлімінен қараңыз.

Жарықтандыру



OKUC043020L

Бұл индикатор жарықты басқару режимінде таңдалған сыртқы жарық шамын көрсетеді.

Әйнектазартқыш/жарық индикациясы функциясын ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің

«Автокөлік баптаулары» мәзірінен қосуға немесе өшіруге болады.

Таңдаңыз:

Автокөлікті баптау → Аспаптар тақтасы → Мазмұнын таңдау → Әйнектазартқыш/жарық индикациясы



Ақпарат

Бағдарламалық құрал жаңартылғаннан кейін ақпараттық-ойын-сауық жүйесі өзгеруі мүмкін. Қосымша ақпарат алу үшін ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің жиынтығына кіретін нұсқаулықты және қысқаша анықтамалық нұсқаулықты қараңыз.


Әйнектазартқыш

■ Алдыңғы



OKUC043021L

■ Артқы



OKUC043010L

Бұл индикатор әйнектазартқыштарды басқару режимінде әйнектазартқыштардың таңдалған жылдамдығын көрсетеді.

Әйнектазартқыш/жарық индикациясы функциясын ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің «Автокөлік баптаулары» мәзірінен қосуға немесе өшіруге болады.

Таңдаңыз:

Автокөлікті баптау → Аспаптар тақтасы → Мазмұнын таңдау → Әйнектазартқыш/жарық индикациясы



Ақпарат

Бағдарламалық құрал жаңартылғаннан кейін ақпараттық-ойын-сауық жүйесі өзгеруі мүмкін. Қосымша ақпарат алу үшін ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің жиынтығына кіретін нұсқаулықты және қысқаша анықтамалық нұсқаулықты қараңыз.

Отын деңгейі төмен

Бұл хабарлама отын бағінде отын таусылуға жақын қалғанда көрсетіледі.

Бұл хабарлама көрсетілген кезде аспаптар тақтасында отынның төмен деңгейінің бақылау шамы жанады.

Жақын маңайдан жанармай құю станциясын тауып алуға және мүмкіндігінше тезірек отын құюға кеңес беріледі.

Мотор майының төмен деңгейі (бар болса)

Бұл ескерту хабарламасы қозғалтқыштағы май деңгейін тексеру қажет болғанда көрсетіледі.

Егер бұл ескерту пайда болған жағдайда мүмкіндігінше тезірек мотор майының деңгейін тексеріңіз және қажет болса, оны толтырып құйыңыз.

Майды құйғышты пайдаланып баяу құйған жөн.

Тек көрсетілген мотор майын қолданыңыз. (2-тараудағы «Ұсынылған майлау материалдары және олардың көлемдері» бөлімін қараңыз.)

Қозғалтқышқа тым көп май құймаңыз. Май деңгейі сүңгіштегі F (толық) белгісінен аспайтынына көз жеткізіңіз.



Ақпарат

Мотор майын құйғаннан кейін қозғалтқыш қызуы үшін автокөлікпен шамамен 50-100 км жол жүру керек, содан кейін ескерту хабарламасы сөнеді.

Қозғалтқыштың қызып кетуі / қозғалтқыш қызып кетті (бар болса)

Бұл хабарлама қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығының температурасы 120 °C (248 °F) градустан асып кеткенде көрсетіледі. Бұл қозғалтқыштың қызып кеткенін және зақымдалғанын білдіреді.

Қозғалтқыш қызып кетсе, 8-тараудағы «Қозғалтқыштың қызып кетуі» бөлімін қараңыз.

Пайдаланылған газдарды шығару жүйесін тексеріңіз (бар болса)

Бұл ескерту GPF ақаулығы жағдайында пайда болады. Бұл уақытта сондай-ақ GPF бақылау шамы да жыпылықтайды. Бұл жағдайда GPF жүйесін тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласуға кеңес беріледі.

ҚАТТЫ БӨЛШЕКТЕР СҮЗГІСІ: Бензин күйе сүзгісі

Фараларды тексеріңіз (бар болса)

Бұл хабарлама фаралар дұрыс істемеген жағдайда пайда болады. Шамды ауыстыру қажет болуы мүмкін.

Жанған шамды ауыстырған кезде номинал қуаты бірдей жаңа шамды орнатыңыз.

Бұрылыс сигналын тексеріңіз (бар болса)

Бұл хабарлама бұрылыс көрсеткіштері шамдары дұрыс істемеген жағдайда пайда болады. Шамды ауыстыру қажет болуы мүмкін.


Жанған шамды ауыстырған кезде номинал қуаты бірдей жаңа шамды орнатыңыз.

Жарықдиодты фараларды тексеріңіз (бар болса)

Бұл ескерту жарықдиодты фараларда ақаулық анықталған жағдайда көрсетіледі. Автокөлікті тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

АСПАПТАР ТАҚТАСЫНЫҢ ДИСПЛЕЙІ

Аспаптар тақтасының дисплейін басқару



OKUC041011

Аспаптар тақтасы дисплейінің режимдерін басқару түймелерінің көмегімен өзгертуге болады.

Ауыстырып қосқыш	Функция
	Режимдерді ауыстырып қосуға арналған MODE (Режим) түймесі
	Элементтерді ауыстырып қосуға арналған MOVE ауыстырып қосқышы
OK	Таңдалған элементті баптауға немесе арылтуға арналған «SELECT/RESET» (Таңдау/арылту) түймесі

Қарау режимдері

Қарау режимдері	Сипаттамасы
Бұрылыстарды көрсететін навигация	Бұл режимде навигация күйі көрсетіледі.
Жүргізу кезіндегі көмек	Бұл режимде автокөлікті жүргізу кезіндегі көмекші жүйелердің күйі көрсетіледі.
Борттық компьютер	Бұл режимде қозғалыс туралы ақпарат, мысалы, сапардың қашықтығы, отын шығыны және т.б. көрсетіледі.

Көрсетілген ақпарат автокөлігіңіз үшін қандай мүмкіндіктер қарастырылғанына байланысты өзгеруі мүмкін.

Бұрылыстарды көрсететін навигация режимі



OKUC041013

Бұрылыстарды көрсететін навигация, межелі жерге дейінгі қашықтық/жету уақыты туралы мәліметтер «Бұрылыстарды көрсететін навигация» режимінде көрсетіледі.

Жүргізу кезіндегі көмек режимі




OKUC041014

Бұл режимде круиз-контрольдің, бейімделетін круиз-контрольдің, автокөліктің қозғалыс жолағында ұстап отыру көмекшісінің күйі көрсетіледі.

Толығырақ 7-тараудағы әр жүйе туралы ақпаратты қараңыз.

Борттық компьютер режимі



OKUC043012L

Борттық компьютер режимінде отын шығыны, одометр көрсеткіші және автокөлік жылдамдығы сияқты автокөліктің қозғалыс параметрлеріне қатысты ақпарат көрсетіледі.

Толығырақ ақпарат осы тараудың «Борттық компьютер» бөлімінде келтіріледі.

Борттық компьютер


Борттық компьютер – бұл микрокомпьютер арқылы басқарылатын, автокөлікті басқарумен байланысты ақпаратты көрсететін жүргізушінің ақпараттық жүйесі.



Ақпарат

Борттық компьютерде сақталып тұрған қозғалыс туралы кейбір деректер (мысалы, орташа қозғалу жылдамдығы) аккумуляторды ажыратқан кезде нөлденеді.


Жүру режимдері



OKUC041011

Жүру режимін өзгерту үшін руль дөңгелегіндегі «» ауыстырып қосқышын ауыстырыңыз. ^ v

ОТЫН ШЫҒЫНЫ



OKUC043015L

Отынның орташа шығыны (1)

- Отынның орташа шығыны жиынтық жүрілген жол мен орташа отын шығынын соңғы нөлдеу сәтінен бастап отын шығыны бойынша есептеледі.
- Отынның орташа шығынын арылту қолмен де, автоматты түрде де орындала алады.

Қолмен нөлдеу.

Отынның орташа шығынының мәнін нөлдеу үшін дисплейде отынның орташа шығынының мәні көрсетіліп тұрған кезде руль дөңгелегіндегі [OK] ауыстырып қосқышын басыңыз және оны 1 секундтан ұзақ басып тұрыңыз.

Автоматты түрде нөлдеу

Отынның орташа шығынын автоматты түрде нөлдеу үшін отын құйғаннан кейін ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің «Автокөлік баптаулары» мәзірінде «Отын шығынын нөлдеу» режимін таңдаңыз.

- Оталдырудан кейін: Отынның орташа шығыны қозғалтқышты өшіргеннен кейін 4 сағат өткенде автоматты түрде нөлденеді.
- Отын құйғаннан кейін: Егер 6 л (1,6 галлон) не одан көп отын қосып құйғаннан кейін қозғалыс жылдамдығы 1 км/сағ-тан асса, орташа отын шығыны автоматты түрде нөлденеді.




Ақпарат

- Егер «Engine Start/ Stop» түймесін «ON» күйіне қосқаннан кейін автокөлік 300 метрден (0,19 милядан) кеп жол жүріп өткен болса, орташа отын шығыны дәл болмауы мүмкін.
- Бағдарламалық құрал жаңартылғаннан кейін ақпараттық-ойын-сауық жүйесі өзгеруі мүмкін. Қосымша ақпарат алу үшін ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің жиынтығына кіретін нұсқаулықты және қысқаша анықтамалық нұсқаулықты қараңыз.

Отынның мезеттік шығыны (2)

- Бұл режимде автокөліктің жылдамдығы 10 км/сағ-тан (6,2 миля/сағ) асқан кезде соңғы бірнеше секунттағы мезеттік отын шығыны көрсетіледі.

Жалпы ақпарат



OKUC043022L

Бұл дисплейде жинақталған жүрілген жол (1), орташа отын шығыны (2) және жалпы жол жүру уақыты көрсетіледі.

Ақпарат деректерді соңғы нөлдеген сәттен бастап жиналады.

Нөлдеуді қолмен орындау үшін Сапар туралы ақпарат көрсетіліп тұрған кезде «OK» түймесін басып тұрыңыз. Бір мезгілде жүрілген жолдың, отынның орташа шығынының және жалпы қозғалу уақытының мәндері нөлденеді.


Сапар туралы жалпы ақпарат қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда есептеле береді (мысалы, автокөлік кептелісте тұрғанда немесе бағдаршамда тоқтағанда).



Ақпарат

Отынның орташа шығынын қайта есептеу үшін соңғы оталдыру циклінің сәтінен бастап кемінде 300 м (0,19 миля) жол жүріп өту қажет.

Сапар туралы ақпарат



OKUC043023L

Бұл дисплейде жүрілген жол (1), отынның орташа шығыны (2) және жалпы жол жүру уақыты (3) көрсетіледі.

Ақпарат әр оталдыру циклі үшін жиынтықталады. Алайда егер қозғалтқыш 4 сағат немесе одан ұзақ уақыт ішінде өшірілген болса, сапар туралы ақпарат нөлденеді.

Нөлдеуді қолмен орындау үшін Сапар туралы ақпарат көрсетіліп тұрған кезде «OK» түймесін басып тұрыңыз. Бір мезгілде жүрілген жолдың, отынның орташа шығынының және жалпы қозғалу уақытының мәндері нөлденеді.


Сапар туралы ақпарат қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда есептеле береді (мысалы, автокөлік кептелісте тұрғанда немесе бағдаршамда тоқтағанда).



Ақпарат

Отынның орташа шығынын қайта есептеу үшін соңғы оталдыру циклінің сәтінен бастап кемінде 300 м (0,19 миля) жол жүріп өту қажет.

Жүру режимдерін ауыстырып қосу (Smart shift)




OKUC043024L

Бұл режимде қазіргі сәтте таңдалып тұрған жүру режимі көрсетіледі.

Толығырақ ақпаратты 6-тараудың «Жүру режимдерін басқару кіріктірілген жүйесі» бөлімінен қараңыз.

Автоматты түрде тоқтау (старт-стоп / AUTO STOP) (бар болса)



OKUC043025L

Бұл хабарлама кезінде қозғалтқыштың автоматты түрде оталуы туралы ақпарат көрсетіледі.

Толығырақ 6-тараудағы «Старт-стоп жүйесі (ISG)» бөлімінен қараңыз.

АВТОКӨЛІК БАПТАУЛАРЫ (АҚПАРАТТЫҚ-ОЙЫН-САУЫҚ ЖҮЙЕСІ)



OKUC043019L

Ақпараттық-ойын-сауық жүйесіндегі «Автокөлік баптаулары» пайдаланушыға әртүрлі баптауларды, соның ішінде есіктерді құлыптау/құлып ашу, жайлылық функцияларын, жүргізуші көмекшісінің және т. б. баптауларын таңдау мүмкіндігін ұсынады.

Автокөлік баптауларының мәзірі

- Жүргізушінің көмекші жүйесі
- Жүру режимі
- Климат
- Жарықтандыру
- Есік
- Аспаптар тақтасы
- Жайлылық
- Бұғаттау
- Инициализация

Көрсетілген ақпарат автокөлігіңіз үшін қандай мүмкіндіктер қарастырылғанына байланысты өзгеруі мүмкін.



ЕСКЕРТУ

Қозғалыс кезінде автокөлік баптауларын басқаруға тыйым салынады. Бұл зейіннің басқаға бұрылуына және соның салдарынан апатқа әкелуі мүмкін.

Автокөлігіңізді баптау

Ақпараттық-ойын-сауық жүйесінен «Автокөлікті баптау» мәзірін таңдаңыз және функциялардың баптауларына өзгертулер енгізіңіз.



Ақпарат

Қосымша ақпарат алу үшін ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің жиынтығына кіретін нұсқаулықты және қысқаша анықтамалық нұсқаулықты қараңыз.

5. Жайлылық функциялары

Автокөлікке кіру	5-4
Смарт-кілт	5-4
Иммобилайзер жүйесі	5-9
Есіктерді құлыптау	5-10
Есік құлыптарын автокөлік сыртынан басқару	5-10
Жылжымалы есіктердің құлыптарын сырттан басқару	5-11
Есік құлыптарын автокөлік іштен басқару	5-13
Есіктерді автоматты құлыптау және ашу функциясы	5-15
Артқы есіктердің балалардан қорғанысы бар құлыптары (бар болса)	5-15
ЭЛЕКТРЖЕТЕГІ БАР ЖЫЛЖЫМАЛЫ ЕСІК (бар болса)	5-16
Төбе консолінде	5-16
Автоматты түрде тоқтау және кері жүріс	5-17
Электржетегі бар жылжымалы есікті қалай қалпына келтіруге болады	5-17
Электржетегі бар жылжымалы есіктің жұмысы	5-18
Айдап әкетуге қарсы сигнал беру жүйесі	5-20
Артқы орында жолаушылардың болуын тану жүйесі (ROA) (бар болса)	5-21
Жүйені баптау	5-21
Жүйенің жұмысы	5-21
Жүргізуші орындығын баптау жады (бар болса)	5-23
Күйлерді жадқа сақтау	5-23
Күйлерді жадтан шығару	5-24
Жүйені бастапқы күйге келтіру	5-24
Жылдам қол жеткізу функциясы	5-25
Руль	5-26
Электркүшейткішпен рульмен басқару (MDPS)	5-26
Рульдің еңісін реттеу	5-27
СИГНАЛ	5-27
Айналар	5-28
Ішкі артқы көрініс айнасы	5-28
Сыртқы артқы көрініс айналары	5-29
Артқа жүріп тұраққа қою кезіндегі көмекші жүйе (бар болғанда)	5-31
Windows	5-32
Электр әйнеккөтергіштер	5-33

ЛЮГИ БАР ЕКІ СЕКЦИЯЛЫ ПАНОРАМАЛЫҚ ШАТЫР (БАР БОЛСА)	5-36
Күнқағар қалқа (Алдыңғы)/Электржетекті күнқағар қалқа (Артқы).....	5-36
Люктің ашық/жабық қалыпқа еңкеюі (Алдыңғы).....	5-37
Люктің ашық/жабық қалыпқа ығысуы (Алдыңғы)	5-38
Люк баптауларын бастапқы күйге келтіру	5-39
Люктің ашық тұрғаны туралы ескерту	5-40
Салонның ішкі заттары	5-41
Hood	5-41
Жүксалғыш есігі	5-42
Жүксалғыштың электржетекті есігі (бар болғанда)	5-44
Жүксалғышты автоматты түрде ашу/жабу жүйесі (ақылды есік) (бар болғанда) ..	5-50
Отын құю аузының қақпағы	5-53
Жарықтандыру	5-56
Сыртқы жарық аспаптары	5-56
Шалғай жарықты автоматты басқару көмекшісі (НБА) (тиісті жинақтау кезінде) ..	5-61
Шалғай жарық фараларын автоматты түрде ауыстырып қосу функциясының	
параметрлері	5-61
Шалғай жарық фараларын автоматты түрде ауыстырып қосу функциясының	
жұмысы	5-62
Шалғай жарық фараларын автоматты түрде ауыстырып қосу функциясының	
ақаулығы мен шектеулері	5-62
Салон жарығы	5-64
Ішкі жарықтың автоматты түрде өшуі	5-64
Алдыңғы жарық	5-64
Артқы жарық	5-65
Жүксалғышты жарықтандыру шамы	5-65
Әйнектазартқыштар және әйнекжуғыштар	5-66
Алдыңғы әйнектазартқыштар	5-66
Алдыңғы әйнекжуғыштар	5-68
Артқы әйнектің әйнектазартқышы мен жуғышы	5-69
Автоматты климат-бақылау жүйесі (тиісті жинақтау кезінде)	5-70
Автоматты жылыту және ауаны баптау	5-73
Жылыту және ауа баптау жүйесін қолмен басқару	5-74
Үшінші қ	

Орталық консольдегі ұсақ-түйек сақтауға арналған бөлім	5-89
Артқы орындықтағы сақтауға арналған орын	5-89
Ұсақ-түйек тартпасы.....	5-89
Жүксалғыш сөресі (тиісті жинақтау кезінде)	5-89
Салонның ішкі заттары.....	5-90
Бөтелке тұтқыш.....	5-90
Күнқағар	5-91
USB зарядтау құрылғысы	5-92
Смартфондарды сымсыз зарядтау жүйесі (тиісті жиынтықта)	5-93
Сағат	5-96
Киім ілгек.....	5-96
Еден кілемшелеріне арналған бекітпелер	5-96
Бүйірлік перде (тиісті жинақтау кезінде)	5-97
Жүк торын ұстағыш (тиісті жинақтау кезінде)	5-98
Ақпараттық ойын-сауық жүйесі	5-99
USB порты	5-99
Антенна.....	5-99
Руль дөңгелегіндегі қашықтан басқару элементтері.....	5-99
Ақпараттық ойын-сауық жүйесі	5-100
Сөйлеуді тану	5-100
Bluetooth® сымсыз байланыс технологиясы.....	5-101
Автокөліктің радиоқабылдағышының жұмыс істеу принципі	5-101

АВТОКӨЛІККЕ КІРУ Смарт-кілт

■ А түрі



OPDE046044

■ В түрі



OKUC051001

■ С түрі



OKUC051002

Сіздің HYUNDAI автокөлігіңізде есікті жабуға немесе ашуға (жүк бөлігінің есігін қоса алғанда) және тіпті қозғалтқышты іске қосуға мүмкіндік беретін смарт-кілт пайдаланылады.

1. Есіктерді құлыптау
2. Есіктерді ашу
3. Жүксалғыш есігін ашу
4. Оң жақтағы электржетекті жылжымалы есікті ашу немесе жабу
5. Сол жақтағы электржетекті жылжымалы есікті ашу немесе жабу

Автокөлігіңізді құлыптау



OKUC051003

Есіктерді құлыптау үшін:

1. Барлық есікті, капотты және жүксалғыш есігін жабыңыз.
2. Смарт-кілт өзіңізбен бірге болуы керек.
3. Есік тұтқасындағы түймені немесе смарт-кілттегі есікті жабу түймесін басыңыз.
4. Апаттық сигнал беру шамдары жыпылықтайды. Бұдан басқа, егер ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің автокөлікті баптау мәзірінде «Жайлылық → Айна арқылы сәлемдесу → Есікті ашқанда қосу немесе жүргізуші жақындаған кезде қосу» таңдасаңыз, артқы көріністің сыртқы айналарын бүктеу жүргізіледі.
5. Автокөлік ішіндегі есіктерді бұғаттау түймесінің жа

Есіктің сыртқы тұтқасындағы түймені басқанның өзінде келесі жағдайлардың бірінде есіктер жабылмайды және үш секунд ішінде дыбыстық сигнал беріліп тұрады:

- Смарт-кілт автокөлік ішінде болса.
- «Engine Start/Stop» түймесі «ACC» не «ON» күйінде тұр.
- Кез келген есік (жұқсалғыш есігінен өзге) ашық.



ЕСКЕРТУ

Ішінде балалар қараусыз қалатын болса, кілтті автокөлік ішінде қалдыруға болмайды. Қараусыз қалған балалар «Engine Start/Stop» түймесін басып, айнеккөтергіштерді немесе басқа да басқару элементтерін іске қосуы, тіпті автокөлікті қозғалысқа келтіруі мүмкін, бұл ауыр жарақаттар немесе тіпті өлімге алып келуі мүмкін.

Автокөлігіңізді ашу



OKUC051003

Есіктердің құлпын ашу үшін:

1. Смарт-кілт өзіңізбен бірге болуы керек.
2. Есік тұтқасындағы түймені немесе смарт-кілттегі есікті ашу түймесін басыңыз.
3. Есіктер ашылады. Апаттық сигнал беру жүйесінің шамдары екі рет жыпылықтайды. Бұдан басқа, егер ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің автокөлікті баптау мәзірінде «Жайлылық → Айна арқылы сәлемдесу → Есікті ашқанда қосу немесе жүргізуші жақындаған кезде қосу» таңдасаңыз, артқы көріністің сыртқы айналарын ашу жүргізіледі.



Ақпарат

- Смарт-кілт есіктің сыртқы тұтқасынан 0,7 ~ 1 м (28 ~ 40 дюйм) қашықтықта орналасқан жағдайда ғана есік тұтқасының түймесі іске қосылады. Басқа адамдар есікті смарт-кілтсіз де аша алады.
- Егер құлыпты аш

Жұқсалғыш есігін ашу

Есіктердің құлпын ашу үшін:

1. Смарт-кілт өзіңізбен бірге болуы керек.
2. Жұқсалғыш есігінің тұтқасындағы түймені басыңыз немесе смарт-кілттегі жұқсалғыштың есігін ашу түймесін (3) бір секундтан артық ұстап тұрыңыз.
3. Апаттық сигнал беру жүйесінің шамдары екі рет жыпылықтайды.



Ақпарат

- Жұқсалғыштың есігін ашу түймесі (3) тек жұқсалғыштың есігін ашады. Ол бекітпені ашпайды және жұқсалғыштың есігін автоматты түрде ашпайды. Жұқсалғыштың есігін ашу түймесін пайдаланған кезде жұқсалғышты ашу үшін оның есігінің тұтқасындағы түймені басу қажет.
- Егер жұқсалғыштың есігі оны бұғаттан шығарғаннан кейін 30 секунд ішінде ашылмаса, есік автоматты түрде бұғатталады.

Оталдыру

Көлікті кілтті салмай оталдыра аласыз.

Толығырақ ақпаратты 6-тараудағы «Engine Start/Stop түймесі (қозғалтқышты іске қосу/тоқтату)» бөлімінен қараңыз.



Ақпарат

Егер смарт-кілт біраз уақыт статикалық күйде болса, онда смарт-кілтті табу функциясы ажыратылады. Анықтап тану функциясын қайтадан белсендіру үшін смарт-кілтті көтеріңіз.

МӘЛІМДЕМЕ

Смарт-кілттің зақымдануын болдырмау үшін:

- Зақымдануды немесе ақаулықты болдырмау үшін смарт-кілтті құрғақ және салқын жерде ұстаңыз. Ылғалдың немесе жоғары температураның әсері смарт-кілттің кепілдік қолданылмайтын ішкі тізбектерінің ақауларына әкелуі мүмкін.
- Смарт-кілтті құлатпаңыз және лақтырмаңыз.
- Смарт-кілтті экстремалды температуралардың әсерінен қорғау керек.

Механикалық кілт

Егер смарт-кілт дұрыс жұмыс істемесе, онда жүргізуші есігін механикалық кілтпен ашуға болады.

Смарт-кілттің корпусынан механикалық кілтті алу үшін:



OFE048007

Бұғаттау түймесін (1) басыңыз және оны ұстап тұрып, механикалық кілтті (2) шығарыңыз. Механикалық кілтті есіктегі кілт тесігіне салыңыз.

Механикалық кілтті қайта кірістіру үшін кілтті тесікке салып, шерт естілгенше басыңыз.

Смарт кілтті жоғалту

Бір автокөлікке екі смарт-кілттен артық тіркеуге болмайды. Егер сіз смарт-кілтті кездейсоқ жоғалтсаңыз, автокөлікті және қалған кілтті дереу HYUNDAI ресми дилеріне жеткізу немесе қажет болған жағдайда автокөлікті сүйреп әкету ұсынылады.

Смарт-кілтті пайдалану кезіндегі сақтық шаралары

Смарт-кілт төмендегі жағдайлардың кез келгенінде іске қосылмауы мүмкін:

- Смарт-кілт радиотаратқыш қасында, радиостанция немесе әуежай қасында тұр, мұндай жерде сигнал таратқыштың қалыпты жұмысына кедергілер келуі мүмкін.
- Смарт-кілт екі жақты байланыстың мобильді станциясының немесе мобильді телефонның қасында тұр.
- Автокөліктің жанында басқа автокөліктің смарт-кілтті пайдаланылуда.
- Қараңғыланған әйнектер, әсіресе металл қабатымен қараңғыланған терезелер, смарт-кілттің жұмыс радиусын азайтатын жиіліктік кедергілер туындатуы мүмкін.

Егер смарт-кілт дұрыс жұмыс істемесе, есікті механикалық кілтпен ашып, жабыңыз. Смарт-кілтте ақау пайда болса, ресми HYUNDAI дилеріне хабарласу керек.

Ақпарат

Талаптарға сәйкестікті сақтауға жауапты тарап анық түрде мақұлдамаған өзгерістер немесе модификациялар пайдаланушының жабдықты пайдалану құқығының күшін жоюға себеп болуы мүмкін. Егер кілтсіз кіру жүйесі талаптарға сәйкестікті сақтауға жауапты тарап айқын түрде мақұлдамаған өзгерістер немесе түрлендіру нәтижесінде істен шықса, онда мұндай ақаулыққа көлік құралын өндірушінің кепілдігі жүрмейді.

МӘЛІМДЕМЕ

- Смарт-кілт электрмагнитті материалдардан қашық тұруы керек, ол материалдар кілт бетіне электрмагнитті толқындарының жетуіне кедергі келтіруі мүмкін.
- Көліктен шыққанда ерқашан смарт-кілтті өзіңізбен бірге ұстаңыз. Егер смарт-кілтті автокөліктің жанында қалдырсаңыз, бұл автокөліктің аккумулятор батареясының разрядталуына алып келуі мүмкін.

Батареяны ауыстыру

Егер смарт-кілт дұрыс жұмыс істемесе, батареяны жаңасына алмастырып көріңіз.

Батареяны ауыстыру үшін:



ODN8059266

Егер смарт-кілт дұрыс жұмыс істемесе, батареяны жаңасына алмастырып көріңіз.

Бұрауышты (-) тесікке салып және оны сағат тілімен бұрау арқылы смарт-кілттің қаппағын шешіңіз.

Батарея түрі: CR2032

Батареяны ауыстыру үшін:

1. Механикалық кілтті шығарыңыз.
2. Жұқа құралдың көмегімен смарт-кілттің артқы қаппағын басыңыз.
3. Ескі батареяны шығарып алыңыз да, жаңасын салыңыз. Батареяның орнатылуының дұрыстығын тексеріңіз.
<

Иммобилайзер жүйесі

Иммобилизатор жүйесі көлікті ұрлаудан қорғауға мүмкіндік береді. Коды дұрыс емес кілт (немесе өзге құрылғы) қолданылған жағдайда қозғалтқыштың отын жүйесі өшіріледі.

«Engine Start/Stop» түймесін «ON» күйіне басқан кезде иммобилайзер жүйесінің индикаторы қысқа мерзімде жанып, сөнуі тиіс. Егер индикатор жыпылықтай бастаса, онда жүйе кілт кодын танымағаны.

«Engine Start/Stop» түймесін «OFF» күйіне ауыстырыңыз, содан кейін оны қайтадан «ON» күйіне ауыстырыңыз.

Егер жанында басқа иммобилайзер кілті немесе басқа металл зат (мысалы, кілттерге арналған салпыншақ) тұрған болса, жүйе кілтіңізді анықтап тани алмауы мүмкін. Қозғалтқыш оталмауы мүмкін, себебі металл заттар транспондер сигналының қалыпты берілуіне кедергі келтіруі мүмкін.

Егер жүйе кілттің кодын кейде танымай қалатын болса, HYUNDAI дилеріне жолығу керек.

Бұл жүйеге өзгеріс енгізуге немесе оған басқа құрылғыларды қосуға тыйым салынады. Электржабдықтарындағы проблемалар бүкіл автокөліктің ақаулығына әкелуі мүмкін.



ЕСКЕРТУ

Автокөліктің ұрлануының алдын алу үшін оның ішінде қосалқы кілттерді қалдырмаңыз. Сіздің иммобилайзеріңіздің құпиясөзі клиенттің бірегей құпиясөзі болып табылады және құпия сақталуы тиіс.

МӘЛІМДЕМЕ

Кілтіңіздегі транспондер — иммобилайзер жүйесінің маңызды бөлігі болып табылады. Ол көптеген жылдар бойы жұмыс істеуге арналған, бірақ оны ылғалдан, статикалық электр қуатынан және долбары қолданудан сақтау керек. Бұл иммобилайзер жүйесінің ақауына әкелуі мүмкін.

ЕСІКТЕРДІ ҚҰЛЫПТАУ

Есік құлыптарын автокөлік сыртынан басқару

Механикалық кілт



OKUC051005

Алдымен есіктің сыртқы тұтқасынан (1) тартыңыз және механикалық кілттің көмегімен есіктің сыртқы тұтқасының ішінде орналасқан ілмекке (2) басыңыз.

Құлыптау үшін кілтті автокөліктің артқы жағына қарай және ашу үшін автокөліктің алдыңғы жағына қарай бұрыңыз.

Жүргізушінің есігін кілтпен жабу/ашу кезінде жүргізушінің есігі жабылады/ашылады.

Есіктерді құлыптан ашқаннан кейін оларды тұтқасынан тартып ашуға болады.

Есікті жабу үшін оны қолмен итеріңіз. Есіктердің сенімді жабылғанына көз жеткізіңіз.

Смарт-кілт



OKUC051003

Смарт-кілт өзіңізде болса, есіктерді құлыптау үшін есіктің сыртқы тұтқасындағы түймені басыңыз, немесе смарт-кілттегі есіктерді құлыптау түймесін басыңыз.

Смарт-кілт өзіңізде болса, есіктерді ашу үшін есіктің сыртқы тұтқасындағы түймені басыңыз, немесе смарт-кілттегі есіктерді ашу түймесін басыңыз.

Есіктерді құлыптан ашқаннан кейін оларды тұтқасынан тартып ашуға болады.

Есікті жабу үшін оны қолмен итеріңіз. Есіктердің сенімді жабылғанына көз жеткізіңіз.



Жылжымалы есіктердің құлыптарын сырттан басқару



OKUC051008

- Есіктің құлпын ашқаннан кейін есіктің тұтқасынан тартып және есікті автокөліктің артқы жағына қарай жылжытып ашуға болады. (қол жетекті жылжымалы есіктер үшін)
- Есікті құлыптан ашқаннан кейін оны тұтқасынан бір рет тартып ашуға болады. Осыдан кейін жылжымалы есік ашылады. (электржетекті жылжымалы есіктер үшін)



ЕСКЕРТУ

Артқы жылжымалы есіктерді ашу кезінде есіктердің толығымен ашық және осындай жағдайда бекітілгеніне көз жеткізіңіз.

Артқы жылжымалы есіктер толық ашылмаған жағдайда олар өздігінен жылжып кетуі мүмкін, бұл жарақаттарға әкелуі мүмкін.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Егер отын бағының қақпағы ашық болса, сол жақтағы жылжымалы есік ашылмайды. Алайда, егер отын бағының қақпағын есік сәл ашық кезде ашсаңыз, сол жақтағы жылжымалы есік артқа жылжытылуы мүмкін.

Отын бағының қақпағының немесе есіктің зақымдануын болдырмау үшін сол жақ жылжымалы есікті жабыңыз.



OKUC051009

- Есік толығымен ашық болса, ол ашық күйде бекітіледі.

Есікті жабу үшін есіктің тұтқасынан (1) тартыңыз және есікті (2) автокөліктің алдыңғы жағына қарай жылжытыңыз. (қол жетекті жылжымалы есіктер үшін)

- Есік толығымен ашық болса, ол ашық күйде бекітіледі. Есікті жабу үшін есік тұтқасын (1) бір рет тартыңыз. Осыдан кейін жылжымалы есік забылады. (электржетекті жылжымалы есіктер үшін)



OKUC051010

- Есікті кілтсіз жабу үшін «Engine Start/Stop» түймесі «OFF» күйінде болғанда орталық құлыптың ажыратқышын (1) «Lock» күйіне ауыстырып, есікті (2) жабыңыз.
- Егер есік орталық құлыптың (1) ажыратқышы арқылы құлыпталса, онда автокөліктің барлық есіктері автоматты түрде жабылады.

МӘЛІМДЕМЕ

Автокөлікті қараусыз қалдырғанда, әрқашан қозғалтқышты қосу/тоқтату түймесін OFF күйіне ауыстырып, тұрақ тежегішін қосыңыз, барлық терезелерді жауып, барлық есіктерді құлыптаңыз.

Есік құлыптарын автокөлік іштен басқару

Есік тұтқасының көмегімен

■ Алдыңғы есік



OKUC051006

Алдыңғы есік

Егер құлыпталған есікті есіктің ішкі тұтқасынан тартса, есік құлыптан шығып, ашылады.

■ Артқы жылжымалы есік



OKUC051007

Артқы жылжымалы есік

- Есікті ашу үшін есік кілтін «Unlock» күйіне ауыстырыңыз. Есік құлпының түймесінде қызыл белгі (1) көрінеді.
- Есікті құлыптау үшін есік кілтін «Lock» күйіне ауыстырыңыз.

Егер есік дұрыс құлыпталған болса, есік құлпының түймесіндегі қызыл белгі (1) көрінбейді.

- Есікті ашу үшін есіктің тұтқасын (2) артқа тартыңыз.

Егер қандай да бір есік ашық болса, есіктің орталық құлпының ажыратқышы басылса да есіктер бұғатталмайды.

Ақпарат

Орталық есіктерді жабу/ашу құлпының көмегімен



Құлыптың (1) бөлігін басқанда барлық есіктер құлыпталады.

- Егер қандай да бір есік ашық болса, есіктің орталық құлпының ажыратқышы басылса да есіктер бұғатталмайды.
- Егер қандай да бір есік ашық болса, есіктің орталық құлпының ажыратқышы басылса да есіктер бұғатталмайды.

Құлыптың (2) бөлігін басқанда барлық есіктер құлыптан шығады.

ЕСКЕРТУ

- Автокөлік қозғалысы кезінде есіктер әрқашан толығымен жабылып, құлыпталуы тиіс. Егер есіктер құлыпталмаса, соқтығысу кезінде автокөліктен лақтырылу қаупі артады.
- Автокөлік жүріп келе жатқанда жүргізуші немесе жолаушы есігінің тұтқасын тартуға болмайды.

ЕСКЕРТУ

Автокөлікте егде жастағы адамдарды, балаларды немесе жануарларды қараусыз қалдырмаңыз. Құлыпталған автокөлік қатты қызып кетуі мүмкін, бұл автокөліктен шыға алмайтын егде адамдардың, балалардың немесе жануарлардың өліміне немесе ауыр жарақаттануына әкелуі мүмкін. Балалар автокөлікті басқару органдарына қол жеткізіп, жарақат алуы мү



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Есіктерді бөгде заттар жақындаған кезде ашу зақымдануға немесе жарақаттануға әкелуі мүмкін. Есікті ашу кезінде сақ болыңыз және есіктің ашылу аймағында жақындап келе жатқан автокөліктердің, мотоциклдердің, велосипедтердің немесе жаяу жүргіншілердің жоқтығына көз жеткізіңіз.



ЕСКЕРТУ

Өте ыстық немесе өте суық ауа райында көлікте ұзақ уақыт болу кезінде, жарақат алу немесе өмірге қауіп төнуі мүмкін. Егер салонда адамдар болса, автокөлікті сыртынан бұғаттауға тыйым салынады.

Есіктерді автоматты құлыптау және ашу функциясы

Соқтығысу кезінде есіктердің құлпын ашу жүйесі

Нәтижесінде үрлемелі қауіпсіздік жастықтары іске қосылатын соқтығысу жағдайында барлық есіктер ашылады.

Қозғалыс кезінде есіктерді құлыптау жүйесі

Егер автокөліктің жылдамдығы сағатына 15 км-ден (сағатына 9 миль) асса, барлық есіктер автоматты түрде жабылады.

Есіктерді автоматты жабу және ашу функциясын ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің «Автокөлік баптаулары» мәзірінде қосуға немесе ажырат

ЭЛЕКТРЖЕТЕГІ БАР ЖЫЛЖЫМАЛЫ ЕСІК (БАР БОЛСА)

Төбе консолінде



OKUC051013

1. Электржетекті сол жақ жылжымалы есікті басқару түймесі
2. Электржетекті оң жақ жылжымалы есікті басқару түймесі

Электржетекті жылжымалы есіктер смарт-кілттің, төбедегі негізгі басқару түймелерінің көмегімен автоматты түрде ашылуы және жабылуы мүмкін.



ЕСКЕРТУ

Қараусыз қалған балалар/жануарлар

Ешбір жағдайда автокөлік ішінде балаларды немесе жануарларды қараусыз қалдырушы болмаңыз.

Балалар немесе жануарлар электржетекті жылжымалы есікті іске қосуы мүмкін, бұл олардың немесе айналасындағылардың жарақаттануына, сондай-ақ автокөліктің зақымдануына әкелуі мүмкін.

МӘЛІМДЕМЕ

Егер электржетекті жылжымалы есік шамамен 30 минут ашық күйде болса, аккумулятордың энергиясын үнемдеу үшін ЭББ ұйқы режиміне көшеді және есік автоматты түрде жабылмауы мүмкін. Есікті қолмен жабыңыз, содан кейін оны электржетегін басқару жүйесінің көмегімен і

